



# АЛТАИСТИКА, ТҮРКОЛОГИЯ, МОҢҒОЛИСТИКА

Халықаралық ғылыми журнал

# АЛТАИСТИКА, ТЮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА

Международный научный журнал

# ALTAISTICS, TURCOLOGY, MONGOLISTICS

International Scientific journal

2018

№ 1



# **АЛТАИСТИКА, ТҮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



# **АЛТАИСТИКА, ТЮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ



# **ALTAISTICS, TURCOLOGY, MONGOLISTICS**

INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL

2018 /1

# АЛТАИСТИКА, ТҮРКОЛОГИЯ, МОҢҒОЛИСТИКА

## Халықаралық ғылыми журнал / №1, 2018

### Редакцияның мекен-жайы:

Тәуелсіздік даңғылы, 57, Бейбітшілік пен келісім сарайы, 7-қабат, Астана,  
010000, Қазақстан Республикасы, тел.: +7 (7172) 744785  
e-mail: atjournal@twesco.org, napilbaz@gmail.com, a.mayemerova@gmail.com

*Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде  
4 маусым 2018 жылы тіркеліп, №17132-Ж куәлік берілген.*

*Меншік иесі: Халықаралық Түркі академиясы,  
Алтаистика, түркология, моңғолистика ассоциациясы - АТАМ*

*2018 жылдан бастап шыға бастаған журнал жылына 4 рет жарияланады.*

### Бас редактор

**Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы** - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

### Редакциялық алқа

**Ахметов Әділ Құрманжанұлы** – ф.ғ.д., профессор (Қазақстан); **Бирталан Агнес** - ф.ғ.д., профессор (Мажарстан); **Габибейли Иса** – ӘР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор (Әзербайжан); **Дыбо Анна Владимировна** - ф.ғ.д., профессор, РФА корр.-мүшесі (Ресей); **Жолдасбеков Мырзатай** – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан); **Жожағлу Тимур** – филология докторы, профессор (АҚШ); **Конкобаев Кадыралы** – ф.ғ.д., профессор (Қырғызстан); ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан); **Минуллин Ким Мугаллимович** - ф.ғ.д., профессор (Татарстан); **Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы** - ф.ғ.д., профессор (Қазақстан); **Чулуун Сампилдондовын** - т.ғ.д., профессор (Моңғолия); **Хисамитдинова Фирдаус Гильмитдинована** - ф.ғ.д., профессор (Башқұртстан)

### Редакциялық кеңес

**Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы**-т.ғ.д., профессор, **Бабаяров Ғайбулла Боллиевич**-т.ғ.д. (Өзбекстан); **Бира Ишжамц** - т.ғ.д., профессор, МҒА академигі (Моңғолия); **Бутанаев Виктор Яковлевич** - т.ғ.д., профессор (Хакасия); **Васильев Дмитрий Дмитриевич** - т.ғ.к., профессор, РЖҒА корр.-мүшесі (Ресей); **Ержиласун Ахмет Бижан** – филология докторы, профессор (Түркия); **Иваныч Мари**-доктор, профессор (Мажарстан); **Кузьмина Евгения Николаевна** - ф.ғ.д., профессор (Ресей); **Кызласов Игорь Леонидович** – т.ғ.д., профессор (Ресей); **Попова Ирина Федоровна** – т.ғ.д., профессор (Ресей); **Райхл Карл** - филология докторы, профессор (Германия); **Солонгод Хурибаатар** - ғылым докторы, профессор (Германия); **Тажимаева Сәуле Жақсылықбаевна** - ф.ғ.д., профессор (Қазақстан); **Худяков Юлий Сергеевич** – т.ғ.д., профессор (Ресей); **Цэвэндорж Дамдинсүрэнгийн** - т.ғ.д., профессор, МҒА академигі (Моңғолия); **Чой Хан Ву** - филология докторы, профессор (Корея); **Шамильоглу Юлай** - филология докторы, профессор (АҚШ); **Янковский Генрик** - филология докторы, профессор (Польша)

### Жауапты редакторлар

**Абаева Әсем-Дария Әскербекқызы** - ф.ғ.к.; **Базылхан Нәпіл** - ф.ғ.к.; **Козырев Тимур Анатольевич** – ф.ғ.к.; **Қалжанова Эльмира Шакизадаевна** - PhD докторы; **Құрманжан Анар**; **Маемерова Айнұр Рысбекқызы** – PhD докторы; **Тойшанұлы Акеділ** - ф.ғ.к.

### Дизайнер

**Трусбаева Гаухар**

© Халықаралық Түркі академиясы, 2018  
© Алтаистика, түркология, моңғолистика  
ассоциациясы - АТАМ, 2018  
© “Ғылым” баспасы, 2018

# АЛТАИСТИКА, ТЮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА

## Международный научный журнал / №1, 2018

### Адрес редакции:

пр. Тәуелсіздік, 57, Дворец мира и согласия, 7-этаж, Астана,  
010000, Республика Казахстан, тел.: +7 (7172) 744785  
e-mail: atjournal@twesco.org, napilbaz@gmail.com, a.mayemerova@gmail.com

*Журнал зарегистрирован в Министерстве информации и коммуникации Республики Казахстан  
от 4 июня 2018 года, выдано свидетельство №17132-Ж.*

*Собственник: Международная Тюркская академия,  
Ассоциация алтаистики, тюркологии, монголистики -АТАМ*

*Журнал издается с 2018 года с периодичностью четыре раза в год.*

### Главный редактор

**Кыдырлы Дархан Куандыкулы** - д.и.н., профессор, член-корр. НАН РК

### Редакционная коллегия

**Ахметов Адил Курманжанович** – д.ф.н., профессор (Казахстан); **Бирталан Агнес** - д.ф.н., профессор (Венгрия); **Габибсейли Иса** – д.ф.н., профессор, академик НАНА (Азербайджан); **Дыбо Анна Владимировна** - д.ф.н., профессор, член-корр. РАН (Россия); **Жолдасбеков Мырзатай** – д.ф.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан); **Кожаяолу Тимур** – доктор филологии, профессор (США); **Конкобаев Кадыралы** – д.ф.н., профессор (Кыргызстан); **Комеков Болат Ешмухамбетович** - д.и.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан); **Миңуллин Ким Мугаллимович** - д.ф.н., профессор (Татарстан); **Туймебаев Жансейит Кансейитович** - д.ф.н., профессор (Казахстан); **Чулуун Сампилдондовын** - д.и.н., профессор (Монголия); **Хисамитдинова Фирдаус Гильмитдинована** - д.ф.н., профессор (Башкортостан)

### Редакционный совет

**Бабаяров Гайбулла Боллиевич** – д.и.н. (Узбекистан); **Бира Ишжамц** - д.и.н., профессор, академик АН МНР (Монголия); **Бутанаев Виктор Яковлевич** - д.и.н., профессор (Хакасия); **Васильев Дмитрий Дмитриевич** - к.и.н., профессор, член-корр. РАН (Россия); **Ержиласун Ахмет Бижан** – доктор филологии, профессор (Турция); **Иваныч Мари** - доктор, профессор (Венгрия); **Кузьмина Евгения Николаевна** - д.ф.н., профессор (Россия); **Кызласов Игорь Леонидович** – д.и.н., профессор (Россия); **Попова Ирина Федоровна** – д.и.н., профессор (Россия); **Райхл Карл** – доктор филологии, профессор (Германия); **Солонгод Хурцбаатар** – доктор наук, профессор (Германия); **Тажимаева Сауле Жаксылыкбаевна** - д.ф.н., профессор (Казахстан); **Толеубаев Абдеш Ташкенович** – д.и.н., профессор (Казахстан); **Худяков Юлий Сергеевич** – д.и.н., профессор (Россия); **Цэвэндорж Дамдинсүрэнгийн** - д.и.н., профессор, академик АН МНР (Монголия); **Чой Хан Ву** – доктор филологии, профессор (Корея); **Шамильоглу Юлай** – доктор филологии, профессор (США); **Янковский Генрик** – доктор филологии, профессор (Польша)

### Ответственные редакторы

**Абаева Асем-Дария Аскербековна** - к.ф.н.; **Базылхан Напил** – к.ф.н.; **Калжанова Эльмира Шакизадаевна** - доктор PhD; **Козырев Тимур Анатольевич** – к.ф.н.; **Курманжан Анар; Маемерова Айнуры Рысбековна** – доктор PhD; **Тойшанулы Акедил** - к.ф.н.

**Дизайнер**  
**Трусбаева Гаухар**

© Международная Тюркская академия, 2018  
© Ассоциация алтаистики, тюркологии, монголистики -АТАМ, 2018  
© Издательство “Ғылым”, 2018

# ALTAISTICS, TURCOLOGY, MONGOLISTICS

## International Scientific Journal / №1, 2018

### Editorial office address:

Tauelsizdik street 57, Palace of Peace and Reconciliation, 7<sup>th</sup> Floor, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

Tel: +7 (7172) 744785

E-mail: [atjournal@twesco.org](mailto:atjournal@twesco.org), [napilbaz@gmail.com](mailto:napilbaz@gmail.com), [a.mayemerova@gmail.com](mailto:a.mayemerova@gmail.com)

This journal registered on the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan on **June 4, 2018** and issued the certificate №7132-Ж.

**Ownership:** International Turkic Academy,

Association for Altaistics, Turkology, Mongolistics – ATAM

*The journal has been published since 2018, 4 issues a year.*

### Editor-in-Chief:

**Darkhan Kydyrali** - PH.D in History, Professor, Corresponding member of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

### Editorial Board:

**Adil Ahmetov**- PH.D in Philology, Professor (Kazakhstan); **Anna Dybo** - PH.D in Philology, Professor, Corresponding member of Russian Academy of Sciences (Russia); **Birtalan Agnes** - PH.D in Philology, Professor (Hungary); **Bolat Komekov** - PH.D in Philology, Professor, Academician of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan); **Chuluun Sampildondovin** - PH.D in History, Professor (Mongolia); **Firdaus Khisamitdinova** - PH.D in Philology, Professor, (Bashkortostan); **Isa Gabibbeili** - National Academy of Science of the Republic of Azerbaijan, PH.D in Philology, Professor (Azerbaijan); **Kim Minullin** - PH.D in Philology, Professor (Tatarstan); **Konkobaev Kadyrali**- PH.D in Philology, Professor (Kyrgyzstan); **Myrzatay Zholdasbekov** - PH.D in Philology, Professor, Academician of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan); **Timur Kocaoglu** - Doctor of Philology, Professor, (USA); **Zhanseyit Tuymebaev** - PH.D in Philology, Professor (Kazakhstan)

### Editorial Council:

**Abdesh Tolebayev** - PH.D in History, Professor (Kazakhstan); **Ahmet Bican Ercilasun** - Doctor of Philology, Professor (Turkey); **Bira İszhamts** - PH.D in History, Professor, Academician of National Academy of Sciences of Mongolia (Mongolia); **Dimitry Vasilyev** - PH.D in History, Professor, Corresponding member of Russian Academy of Natural Sciences (Russia); **Gaybolla Babayrov** - PH.D in History, (Uzbekstan); **Henryk Jankowski** - Doctor of Philology, Professor (Poland); **Igor Kyzylasov**- PH.D in History, Professor (Russia); **Irina Popova**- PH.D in History, Professor (Russia); **Karl Reichl** – Doctor of Philology, Professor (Germany); **Mary Ivanic** - Doctor, Professor (Hungary); **Viktor Butanayev**- PH.D in History, Professor (Russia); **Yevgenia Kuzmina** - PH.D in Philology, Professor (Russia); **Saule Tazhibaeva**- PH.D in Philology, Professor (Kazakhstan); **Solonggod, Hurcabaatar**- PH.D in History, Professor (Germany); **Yuliy Khudyakov** - PH.D in History, Professor (Russia); **Uli Schamiloglu** - Doctor of Philology, Professor (USA); **Tsevendorzh Damdinsurengiyn** - PH.D in History, Professor Academician of National Academy of Sciences of Mongolia (Mongolia); **Choi Khan Wu** - PH.D in Philology, Professor (Korea);;

### Managing Editors

**Akedil Toishanulu** - Candidate of Philological Sciences; **Anar Qurmanzhan, Ainur Mayemerova** - PH.D; **Asem-Darya Abaeva** - Candidate of Philosophy Sciences; **Napil Bazylkhan** - Candidate of Philological Sciences; **Kalzhanova Elmira** - PH.D; **Timur Kozyrov** - Candidate of Philological Sciences.

### Designer

**Gaukhar Trusbayeva**

© International Turkic Academy, 2018

© Association for Altaistics, Turkology, Mongolistics – ATAM, 2018

© “Gylym” publishing house, 2018



# МАЗМҰНЫ

## CONTENTS

Д. Қыдырәлі. <i>Алғы сөз</i> .....	6
<b>АРХЕОЛОГИЯ ARCHEOLOGY</b>	
Д. Қыдырәлі, Д. Цэвээндорж, А.Энхтөр, Н. Базылхан, К. Умиров, Н.Бөгенбаев, С. Далантай, Ц. Буянхишиг, Н. Мөнхбат «Шивээт улаан -2016, 2017» археологиялық қазба зерттеу нәтижелер (Халықаралық Түркі академиясы, Моңғолия Тарих, археология институтының бірлескен экспедициясының қысқаша ғылыми есебі).....	9
<b>АЛТАИСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ALTAISTICS AND TEORETICAL RESEARCHES</b>	
Н. Базылхан <i>Некоторые результаты сравнительно-исторических исследований тюрко-монгольских (казахско-монгольских) языков</i> .....	30
<b>ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР HISTORY AND HISTORICAL SOURCES</b>	
Д. Қыдырәлі <i>Ашина (түрк-моңғол этностарын тарихи-этномәдени тұрғыдан зерттеудің кейбір аспектілері)</i> .....	36
Н. Каримова <i>Усуни – древние народы Центральной Азии (по материалам китайских источников)</i> .....	49
Н.А. Рахмонов <i>Роль мифов и легенд в истории тюркской государственности</i> .....	59
<b>ЖАЗУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР HISTORY OF LETTER AND MANUSCRIPTS</b>	
И.Л. Кызласов <i>Древнейшие корни рунического письма тюркских народов (в кратком изложении)</i> .....	64
Р. Мунхтулга <i>Еще раз о надписи на серебряном сосуде из Шороон-дова</i> .....	73
Ғ. Қамбарбекова, Қ. Қари <i>«Луғат-и турки» – Үндістандағы түріктердің тілі мен тарихын зерттеудегі дереккөз ретінде</i> .....	80
<b>ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР LINGUISTICS AND COMPARATIVE RESEARCHES</b>	
S. Eker <i>Hakasça “Хазарта” Eyleminin Tarihsel-Biçimbilgisel Çözümü</i> .....	94
I. Nevskaya, S. Tazhibayeva <i>Documentation of Endangered Turkic Varieties in Kazakhstan: Kazakh-German Project of International Cooperation</i> .....	104
Чжун Цзинь Вэнь <i>Батыс сары ұйғыр тілінің тарихи орны мен қазіргі даму бағыты</i> .....	126
М. Ескеева <i>Сары ұйғыр тіліндегі вокализмдер жүйесі</i> .....	138
R. Çakır <i>Yabancı Uyruklu Öğrencilerin Türk Kültür Unsurlarından Etkilenmeleri Ve Kültür Aktarımları Üzerine Bir İnceleme: Konya Örneği</i> .....	153
<b>ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРА FOLKLOR AND LITERATURE HERITAGE</b>	
А. Тойшанұлы <i>Халық календарының ай мен амалдар жүйесінде кездесетін мифологиялық кейіпкерлердің мәні</i> .....	171
Н.К. Mutlu <i>Türkiye’deki “Kaz Ayacı” Damgaları ve “Kaz” Sözcüğü Hakkında Bazı Görüşler</i> .....	178
E. Sonal <i>Yaşar Kemal’in Binboğalar Efsanesi İsimli Eserinde Yansıtılan Geleneksel Kültüre Bakış</i> .....	184

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқырман!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада негізі қаланған Халықаралық Түркі академиясы әлемдік түркітанудың дамуына серпін беретін интеллектуалдық құрылым қызметін атқарып келеді.

Халықаралық Түркі академиясы дүниежүзілік ғылым ордалары және танымал түрколог-ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, түркі әлемі ғылымының дамуы ісінде үйлестіру қызметін атқаруды жалғастырып келеді.

2018 жылдан бастап жарияланатын «Алтаистика, түркология, моңғолистика» журналында алтаистика, түрктану, моңғолтану, манжұртану, жапонтану, корейтану тәрізді іргелі ғылыми салалардың, археология, этноархеология, тарих, деректану, тарихнама, этнолингвистика, фольклор, әдебиет, этнология, мәдениеттану және тағы да басқа гуманитарлық ғылымдардың жаңа бағыттары бойынша ғылыми мақалалар жарияланып тұрады.

Академия алтаистика, түркология, моңғолистика саласы бойынша халықаралық ассоциация орнатып, аталмыш бағыттарда ғылыми байланыстарды үйлестіретін іс-шаралар легін бастады.

Еуразия кеңістігіндегі түрк, моңғол, тұңғыс, манжұр, мажар, жапон, корей және басқа да халықтар арасындағы тарихи-мәдени байланыстар туралы күрделі де қызықты ғылыми зерттеулер үшін «Алтаистика, түркология, моңғолистика» журналы серпін береді деген сенімдеміз.

Журналға тың материалдар мен соны мақалалар күтеміз!

**Құрметпен,  
Дархан Қыдырәлі  
Бас редактор**

## ПРЕДИСЛОВИЕ

### Уважаемый читатель!

Международная Тюркская академия, основанная в Астане по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, выполняет функцию интеллектуального центра придающего импульс развитию мировой тюркологии.

Международная Тюркская академия установила тесную связь с научно-исследовательскими центрами и известными учеными-тюркологами всего мира, и продолжает свою работу, направленную на координацию развития науки в тюркском мире.

В журнале «Алтаистика, тюркология, монголистика», издающемся с 2018 года, публикуются научные статьи по новым направлениям таких фундаментальных отраслей науки как алтаистика, тюркология, монголоведение, маньчжуроведение, японоведение, корееведение, а также по таким гуманитарным наукам как археология, этноархеология, история, источниковедение, этнолингвистика, фольклор, литература, этнология, культурология и др.

При Академии создана международная ассоциация по алтаистике, тюркологии и монголистки, по указанным направлениям начато проведение серии мероприятий, укрепляющих научные связи.

Мы уверены, что журнал «Алтаистика, тюркология, монголистика» придаст новый импульс сложным и интересным научным исследованиям по историко-культурным связям между тюркскими, монгольскими, тунгусо-маньчжурскими, а также венграми, японцами, корейцами и другими народами.

Ждем ваши оригинальные материалы и статьи для публикации в нашем журнале!

С уважением,  
Дархан Кыдырали  
Главный редактор



## PREFACE

### Dear Readers!

The International Turkic Academy (TWESCO) was set up in Astana with the initiative of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, Now the TWESCO is becoming an authoritative center of world turkology.

The International Turkic Academy has built up close ties with world-class scientists and prominent turkologists and continues to coordinate the development of Turkic world science.

The «Altaistics, Turkology, Mongolistics» journal has been published since 2011, is based on the major scientific fields such as Altaistics, Turkology, Mongolian studies, Manchu studies, Japanese studies, Korean studies, archeology, history, ethno-archeology, ethnolinguistics, folklore, literature, ethnology, cultural science and other humanitarian scientific fields. Also studies of these fields will be published.

The Academy has established an international association in the field of Altaistics, Turkology, Mongolian Studies, and initiated activities that coordinate scientific links in these areas.

The historical and cultural relations between Turkic people and Mongolian, Manchu, Hungarian, Japanese, Korean and other peoples of Eurasia is a difficult and interesting studies. We firmly believe that these studies will give a strong impetus to our «Altaistics, Turkology, Mongolistics» journal.

We are looking forward to your proposals, scientific articles and opinions!

**With the best regards,  
Darkhan Kydyrali  
Editor- in – Chief**

## АРХЕОЛОГИЯ ARCHEOLOGY

ӘОЖ 903.6

Д. Кыдырәлі\*, Д. Цэвээндорж†, А.Энхтөр‡, Н. Базылхан§, К. Умиров\*\*,  
Н.Бөгенбаев††, С. Далантай‡‡, Ц. Буянхишиг§§, Н. Мөнхбат\*\*\*

«ШИВЭЭТ УЛААН -2016, 2017»

### АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒАШҚЫ ҚАЗБА ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕР

(Халықаралық Түрк академиясы, Моңғолия Тарих, археология  
институтының бірлескен экспедициясының ғылыми есебі)

**Түйін.** Бұл мақалада, Халықаралық Түрк академиясы, Моңғолия Тарих, археология институты тарапынан «Шивээт улаан» ғұрыптық кешенінде 2016, 2017 жылдары жүргізген бірлескен экспедициясының археологиялық алғашқы қазба зерттеулерінің ғылыми нәтижелері баяндалады.

**Кілт сөздер:** түркология, Түрк қағандығы, ғұрыптық кешен, сегіз қырлы құрылыс, археология, таңбатас, таңбатану, көне түрк адам және жануар бейнелі тасмұсіндер

### НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАСКОПКИ

«ШИВЭЭТ-УЛААН -2016, 2017»

(научный отчет совместной экспедиции Международной Тюркской академии и Институт истории и археологии АН Монголии )

**Аннотация.** В данной статье излагается некоторые результаты археологические раскопки проводящими 2016, 2017 гг. на поминальном комплексе «Шивээт-улаан» совместной экспедиции Международной

\*Халықаралық Түркі академиясының Президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Бірлескен экспедиция жетекшісі

†Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының директоры, доктор, профессор. Моңғолиялық зерттеу тобының жетекшісі

‡Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, доктор (Ph.D), доцент

§Халықаралық Түркі академиясының ғылыми қызметкері, napilbaz@gmail.com

\*\*Халықаралық Түркі академиясының ғылыми қызметкері

††Халықаралық Түркі академиясының ғылыми қызметкері

‡‡Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

§§Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

\*\*\*Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

Тюркской академии и Институт истории и археологии АН Монголии. Шивээт-улаанский комплекс находится на вершине горы в 25 км от центра на территории Баян-Агтинского сомона в Булганском аймаке в Монголии.

По предварительным данным в комплекс являются по своим размерам и постройками не имеют аналогов. Комплекс состоит стела с тамгами, ворота, стены, лестницы, два квадратные площади, в одном из них находится главные высокие восьмигранные постройка, а также множество антропоморфные и животные каменные изваяние. В ходе раскопки были установлены что главный восьмигранными сооружение построены на основе четырех угольном фундаменте. А также при раскопки найдены две новые каменные изваяние, куски железа, наконечник, остатки кости и дерево и др. артефакты. По предварительным (радиоуглеродный анализ) данным Шивээт-улаанский комплекс относится к 663-694 годам.

**Ключевые слова:** тюркология, Тюркский каганат, древнетюркские поминальные комплексы, восьмигранные постройки, стела с тамгами, тамговедение, антропоморфные и животные каменные изваяние.

## SOME RESULTS OF THE ARCHAEOLOGICAL EXCAVATIONS

### «SHIVEET-ULAAN -2016, 2017»

(Scientific report of the joint expedition of the International Turkic akakdemy and Institute of History and Archeology of the Academy of Sciences of Mongolia)

**Abstract:** This article will explain some results of archaeological excavations of the joint expedition (the International Turkic Academy and the History and Archeology Institute of Mongolian Sciences Academy) on the memorial complex of “Shiveet-ulaan” conducted in 2016, 2017. Shiveet-Ulaan complex is 25 km away from the Bayan-Agtinsky Somon region of Bulgan Aimak in Mongolia.

According to the preliminary data, there is no other analogues like this complex’s size and construction. The complex consists of a stele with tamgas, gates, walls, stairs, two square squares, one of them is the main high octagonal building, as well as many anthropomorphic and animal stone sculptures. During excavations we confirmed that the main octagonal structure was built on the four coal foundations. In addition, during the excavation, we also found two new stone sculptures, pieces of iron, a tip, remains of bone, trees, and other artifacts. According to preliminary data, the Shivet-Ulansky complex’s history can be traced back to 663-694 years.

**Key words:** Turkology, Turkic khanate, Ritual Complex, Octagonal constructions, stele with tamgas, tamghinology, anthropomorphic and animal stone sculptures

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айрықша

назар аударған қастерлі жерлер мен тарихи сананы жаңғырту мақсатына орай, Халықаралық Түрк академиясы (әрі қарай - Академия) түрк әлемінің жаһандық ауқымдағы құндылықтар мейлінше шоғырланған қазіргі Моңғолия территориясындағы маңызды ескерткіштерін зерттеу мәселелеріне баса назар аударып келеді.

Академия Моңғолияның беделді ғылыми-зерттеу ұйымдарымен меморандумға қол қойып, тығыз байланыстар орнатты. Атап айтқанда, Моңғолия Ғылым академиясымен (2014 ж.), оның құрамындағы Тарих, археология институты (2014 ж.), Моңғолия Ұлттық архиві (2015 ж.), Моңғолия Ұлттық музеймен (2016 ж.), сондай-ақ, бекітілген өзара ынтымақтастық жайындағы құжаттары негізінде бүгінде бірнеше жоба сәтті жүзеге асырылып келеді.

Моңғолиядағы бірінші ғылыми жоба ретінде Халықаралық Түрк академиясы мен Моңғолия Тарих және археология институтымен 2016 жылы 23 мамырда қол қойып бекітілген Келісім шарт негізінде бірлесе өткізген «Шивээт улаан - 2016, 2017» археологиялық экспедицияларын атап өту керек.

Көне түрк дәуірінде билік тұлғаларына арнайы ғұрыптық кешендер орнатып, мемлекеттік деңгейде жосын-жоралғылар атқаратын еді. Осындай ірі ғұрыптық кешендерінің бірі, дүниежүзінде қайталанбас әрі бірегей, аса ірі көлемді «Шивээт улаан» ғұрыптық кешенінде (Булган аймағы Баян-Агт сұмынында орналасқан) алғашқы қазба зерттеулерін 2016 жылы 58 күн бірінші кезеңін, 2017 жылы 45 күн екінші кезеңін екі маусым бойы жүргізді.

Археологиялық зерттеудің басты мақсаты көне түрк дәуірінің қайталанбас бірегей “Шивээт улаан” ғұрыптық кешенде қазба зерттеулерін жүзеге асыру болды. Онда кешеннің жалпы құрылысы, оның бітімін, жобасын анықтау, археологиялық табылымдарды айқындау, кешен құрамындағы таңбатас, тұғыртас, адам және жануар бейнелі бәдіз-тасмүсіндерін ғылыми талдау, жаңғыртпаларын жасау, консервациялық істерін айқындау, қоршау жасау, ашық музей құру жолдарын қарастыру болды. Сонымен қатар кешеннің көне түрк тарихындағы орнын ғылыми анықтау, көпшілікке насихаттау (көрме жасау, деректіфильм түсіру және басқа), кешеннің археологиялық ғылыми каталогтары мен тарихи салыстырмалы жүйелі зерттеу еңбектерін жариялау секілді жұмыстары қарастырылды.

Түрк әлемінің тарихында аса маңызды орын алатын «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені өзінің құрылымы мен бітімі жағынан айрықша аса құнды ескерткіш болып саналады. Археологиялық қазба зерттеулер барысында кешеннен жаңадан 2 дана тасмүсін және басқа да артефактілер табылды.

Бұл айрықша кешеннің алдағы мерзімдердегі археологиялық талдау зерттеулері нәтижесінде түрк тарихының жаңа әрі соңы деректер анықталады деп сенеміз.


Алдын-ала зерттеу қорытындымыз бойынша аталмыш кешен Еуразиялық кеңістікте билік еткен Шығыс Түрк империясының қағаны - күллі көшпелі этностардың басын біріктіріп, елдің тәуелсіздігін қамтамасыз еткен Елтеріс Құтлық қағанның (682-692 жж. билік құрған) құрметіне орнатылған болуы ықтималдығы басым. Демек, «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені әйгілі Білге қаған мен баһадүр қолбасшы Күлтегіннің әкесінің құрметіне арналып салынды деген сөз. Әрине кешеннің кімге, қай ғасырға тиесілі екендігі жайында жақын болашақта ғылыми нақты қорытындыларымыз жарияланады.

Сонымен қатар, 2017 жылы аталмыш кешенді қорғау мақсатында темір қоршау құрылыстарын жасау істері де басталып кетті. «Шивээт-Улаан» кешенінде аспан астындағы ашық музей құру мүмкіндіктері қарастырылып келеді.

**«Шивээт улаан» ғұрыптық кешенінің зерттелу тарихы.** Еуразия көлемінде өзінің бітімімен қайталанбас, ерекше дараналатын бүгінге дейін «сегіз қырлы, бір сырлы» жұмбақ болып келген «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені.

«Шивээт улаан» ескерткішін алғаш 1909 ж. финляндиялық атақты алтаист ғалым Густаф Йохан Рамстедт (Gustaf John Ramstedt, 1873-1950жж.), археолог, этнограф Сахари Пелси (Sakari Lemmintty Pälsi, 1882-1965жж.) (05.V.- 29.XII 1909 ж.) және 1912 ж. лингвист Арво Сотавалта (Arvo Sotavalta, 1889-1950жж.) көмекшілерімен [1, 106-107, 123] орталық және солтүстік Моңғолия аумағында кең зерттеулер жүргізу барысында анықтады, сөйтіп дүниежүзі ғалымдары назарына жеткізген болатын.

Г.Й. Рамстедттің экспедициясы ескерткіштің жалпы жоба сызбасын, таңбастас, құрылыстың өлшемдерін анықтады, кешеннің жаңғыртпасын жасап, адам, жануарлар тасмүсіндерін фотосуретке түсірді, кейбір сызбаларын да жасады. Зерттеушінің жарияланымдарында кейбір тасмүсіндердің бас тұстары алғашқы орнында болғандығын дәлелдейтін фотосуреттер бар. Г. Й. Рамстедттің жетекшілік еткен экспедициясының алғашқы зерттеулері мол деректерді сақтап қалғандықтан аса құнды болып саналады [2, 3, 4].



«Шивээт улаан» гурьптық кешені.  
Орналасуы аумағының сызбасы  
Г.Й.Рамстедт бойынша, 1912 ж.




Бәдіз-тасмүсіндердің бас тұстары.  
Г.Й.Рамстедт бойынша, 1912 ж.



Ruinen in Siwei-Ulan (?) (Foto Ramstedt)

Бас қорған «бейіт» деп  
санаған орта тұсы  
(Г.Й.Рамстедт, 1912 ж.).



Г.Й.Рамстедт жасаған кешеннің жобасы  
мен жаңғыртпасы, 1912 ж.

Одан кейін «Шивээт улаан» ескерткішін 1927 ж. бурят ғалымы Балжи Бамбаев көріп, кешенде 8 тасмүсін болған деп жазады. Сол жылдары жергілікті тұрғын Д.Дамдинсүрэн аталмыш кешен туралы Моңғолия Сутра жазба қоғамына мәлімдеме жасаған екен [5].

Ал, 1956 ж. моңғол археолог Ц. Доржсүрэн ескерткіш кешенді зерделеп, оны фото суретке түсіріп алады. Кешеннен батыс солтүстікте 10 км жерде орналасқан «Жанцан тойн лама» монастырында апарып қойған таңбатастың сызба суреттерін жасайды, «Шивээт улаан деген не?» тақырыбында



арнайы ғылыми мақала жариялады. Ц.Доржсүрэн мақаласында жалпы ескерткіштің зерттелуі тарихы жайында сөз қозғап, Б.Бамбаев келген кезінде 8 тасмүсін болғандығын, ал өзі ескерткіш орнында 6 тасмүсін көргендігін, тасмүсіндердің бастары барлығы толығымен қиратылғандығын және де таңбатасты, кейбір тас бөліктерін 20 жылы бұрын 1930 жылдары Архангай аймағы Хайрхан сұмыны Жанцан тойн монастыры ауласына жалбарынатын ғибадаттық тақта ету үшін ламалар әкеткендігін ерекше шегелеп айтады [6].

Содан кейін, 1976 ж. Моңғолия Тарих, археология институтының археолог ғалымы Д. Цэвээндорж Шивээт улаан кешеннің жалпы жоба сызбасын жасаған болатын [7]. Сол жылдары Совет одағы – Моңғолияның тарихи-мәдени бірлескен экспедициясының (СМИКЭ) қызметкерлері В.В. Волков, С.Н. Кореневский ескерткіштің жобасын тағы да жасайды [8].


Содан кейін, 1977 ж. С.Г. Кляшторный аталмыш ескерткіш кешен жайында арнайы мақалалар жариялап, Шивээт улаан кешеніндегі таңбатастағы таңбалары ғұрыптық жосынға қатысқан ру-тайпа өкілдерінің белгілері болуы керек, сондықтан «екінші» түрк қағандығының негізін қалушы Елтеріс (Күтлық) қағанға арналып орнатылған кешен деген болжамын ұсынған еді [9]. Сонымен қатар, 1979 С.Харжаубай, 1996 ж. [10] В.Е. Войтов, С.Н. Кореневский, 1997 жылы Д. Баяр, В.Д. Кубарев кешеннің жалпы жобасы мен тасмүсіндер жайында арнайы зерттеулерін жариялады [11].

В.В. Войтовтың пікірі бойынша таңбатастағы таңбалары «екінші» Түрк қағандығын орнатушы, қытайлық Таң мемлекетіне қарсы көтерілісті ұйымдастырушы Елтеріс қағанның (Кутлук, Гудулу-шеху) қолдаушы бекзаттары мен түрк ру тайпаларының таңбалары (12, 88). Моңғол археологы Довдойн Баяр Шивээт улаан кешендегі екі қолын қаусырып ұстаған қайғылы бейнелі тасмүсіндер Күлтегінге арналған ғұрыптық кешендегі тасмүсіндермен ұқсас екендігін, таңбатастағы таңбалары көне түрк ру тайпалардың таңбаларына етене жақын екендігін ерекше атайды [13].

«Шивээт улаан» ескерткіш кешенін 1998 жылы Моңғолия-Жапония бірлескен экспедициясы да зерделеген. Тасмүсіндері жайында Тошио Хаяши талдауларын жариялады [14]. Сонымен қоса, 1999 жылы баспадан жарық көрген «Моңғолия жеріндегі тарихи мәдени ескерткіштері» («Монгол нутаг дахь түүх соёлын дурсгал») топтамалық анықтамада Шивээт улаан кешен жайында арнайы мақала мен кейбір фотосуреттері, ал, 2001 жылы түрк тілінде жарияланған «Моңғолиядағы түрк ескерткіштері Жобасының альбомында» («Moğolistandaki Türk anıtları projesi albumu») кешендегі тасмүсіндер фотосуреттері жариялаған [15].

«Мәдени мұра» стратегиялық бағдарлама (2003-2009 жж.) аясында 2003 жылы «Шығыстану» секциясының археографикалық экспедициясы «Шивээт улаан» ғұрыптық кешенін арнайы зерттеді, кешендегі таңбастастың сызбасы,

тасмүсіндердің фотосуреттері және өлшемдері, сызбалары жарияланды [16]. Ал, 2007, 2015 жылы Шивээт улаан ескерткіш кешенінде археологиялық барлау жұмыстары жүргізілді, кейбір нәтижелері жарияланды.



«Шивээт улаан» кешеннің жалпы жобасы. (С.Н. Корневскийдің сызбасы, 1976 ж.)



«Шивээт улаан» кешеннің түрлі түсті алғашқы суреті. 1979 ж. (Nowgorodova, 1980)



Таңбатастың Г.Й.Рамстедт сызбасы. 1912 ж.



Ц.Доржсүрэн түсірген фотосурет. 1956 ж.

Сонымен қатар, 2015 жылы Дархан Қыдырәлі, Гайбулла Бабаяров «Түрк мәңгі тасы: Шивээт улаан таңбалы ескерткіші» деген монографияда аталмыш ғұрыптық кешеннің құрамдас бөлігі таңбатастағы таңбалардың сипаттамасы мен тарихи негіздері туралы бірсыпыра талдаулар жүргізіп, «Шивээт улаан монумент-мәдени кешені II Көктүрк қағандығының (682-744 ж.ж.) негізін қалаған Құтлық Елтеріс қаған (682-691 ж.ж.) кезеңінде орнатылғаны шындыққа сәйкес келеді. Жазбаша деректер мен табылған археологиялық заттарды салыстыра, Шивээт улаан таңбаларының қандай тайпаларға тиесілі болғандығын айқындай отырып, Көктүрк қағандығы кезеңіндегі ашина, ашида, басмыл, бұғы, едіз, хазар, қарлұқ, қай, қырғыз, қидан (қара қытай),

күн, оғыз (баяндұр, еймүр, ігдір, языр), сір (қыпшак), тоңра, түргеш, ұйғыр, яғлақар және басқа түрк тайпалары таңбаларының орналасқаны байқалады. Шамамен 50 таңбаның бір жерде болуы осы кезеңде көптеген түрк тайпаларының көбісі тұтас бір саяси бірлік - федерация құра отырып, бір саяси шаңырақтың астына біріккендігін көрсетуде» деп қорытындылайды. Сонымен қатар Шивээт улаан ғұрыптық кешеннің жаңғыртпа сызбасын ұсынады [18].

**«Шивээт улаан-2016» археологиялық алғашқы қазба зерттеулер:** Халықаралық Түрк академиясы мен Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының бірлескен экспедиция тобы, 2016 жылы 23 мамырда бекіткен Келісім шарт негізінде Моңғолия Булган аймағы Баян-Агт сұмынындағы «Шивээт улаан» ғұрыптық кешенде алғашқы археологиялық қазба зерттеулерін 2016 жылдың 2 шілде-28 тамыз аралығында 58 күн бойында жүргізді.

Экспедицияның Халықаралық Түрк академиясы тобына доктор, профессор Дархан Қыдырәлі, Напил Базылхан, Қажарбек Умиров, Моңғолиялық зерттеу тобында Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, доктор (Ph.D), доцент Алтангэрэлийн Энхтөр, кеңесші археолог болып Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының директоры, доктор, профессор Дамдинсүрэнгийн Цэвээндорж, ғылыми қызметкерлер, археологтар Сарантуяагийн Далантайн, Цэрэнхандын Буянхишиг, Нямын Мөнхбат қатысты. Сонымен қатар, экспедицияның зерттеу тобының құрамына Моңғолия Білім университетінің Тарих факультетінің 12 студенті, автокөлік жүргізуші 3, аспазшы 2 қызметкер қатысты.

«Шивээт улаан» («Шарбакты қызыл, дуалды қызыл») деп моңғолша аталатын бұл ғұрыптық кешен қазіргі Моңғолияның Булган аймағы Баян-Агт сұмыны Ханүй, Хүнүй өзені құйылысындағы «Шивээт улаан» деген кішігірім әрі шығыстан батысқа қарай созылып жатқан қызыл қоңыр түсті базальт жартасты төбешікте, теңіз деңгейінен 1340 метр, солтүстік ендіктің N 48.47, шығыс бойлықтың E 102.00 қиылысында орналасқан.

Ғұрыптық кешен құрылысының жалпы өлшемі 120x45 метр алаңды камтиды. Кешен жанартау жынысты тастан қаланып салынған. Онда сегіз қырлы бас құрылыс, екі бөліктен тұратын қамал, 11 мұнара, қақпа, таңбастас, адам және арыстан, қой бейнелі бәдіз-мүсіндер және олардың тұғыртастары жатады.

Кешеннің күншығыс тарапында таңбатас тұғыры және оның алаңы (6,50x6,50м) қамалдың сыртында орналасқан. Кешенге кіретін арнайы таспен қаланған жол және қамал қақпасы бар (ені-4,96м). Қақпаның сыртқы әрі ішкі босағаларында екі -екіден биіктеу етіп қаланған төрт тастұғырлар

бар. Қақпадан ары кіргенде оң-сол жақта таспен қаланған ішкі кіреберіс алаң «қорық» (17,9x4,58 м) бар. Бұл келушілердің жосын жоралғылар атқаруға дайындалатын алаң іспетті. Осы алаңның ортасында арнайы салынған негізгі тас жол бар. Тас жолдың оң, сол жағында биіктеу келген екі тас тұғыр қаланған. Қақпа, кіреберіс алаңда 6 тұғырлар анықталынды. Бұлар арыстан, қой тастардың тұғырлары болса керек.

Одан ары кешенді екіге бөліп тұрған шығыс алаң (35,30x33,6 м) және 60 см көтеріңкі батыс алаңы бар. Батыс алаңда кіретін оңтүстік, солтүстік тарапта екі саты (2,05x2,15 м) қаланған.

Көтеріңкі биіктеу салынған батыс алаңның орта тұсында таспен қалап салған биіктеу келген тұғыр (4,53x4,65 м) бар. Одан ары төртбұрыш пішінді тас қаландылы (2,1x1,8м) тұғыр орналасқан. Бұл бітіктас немесе осы кешен арналған билік иесінің тасмүсінін орнатқан тұғыр болса керек. Одан ары сегіз қырлы басқұрылыс және оның фундаменті орналасқан. Сегіз қырлы бас құрылысты бұрын ертеректе бірнеше мәрте қазып тонаған, 6 шұңқыр, ортасы әбден шұңқырланып қазан секілді болып кеткен. Сегіз қырлы бас құрылыстың батыс-солтүстік, солтүстік қабырғалары толығымен тоналып кеткен.

Сегіз қырлы құрылыстың әр бір қырын сұр түсті сылақпен сылап сыртына ақ түсті әкпен бояғандығы, кейбір тұстарында 1,5 см қалың етіп бояғандығы анықталынды. Кейбір жерлеріне қара түсті бояумен сызықшалар бояп сызғандығы табылған әктердің ішінен анық байқалады. Бас құрылыс қабырғаларының тас қаландылары ішке қарай 18-25 градус қиғаш келеді. Құрылыстың қиғаш өлшемімен есептегенде аталмыш бас құрылыс алғашында шамамен 14-18 метр биік салынғандығын анықтауға болады.

Сөйтіп 2016 жылғы алғашқы археологиялық қазбалар барысында кешеннің қамал қақпасы, таңбатас тұғырының алаңы, қақпа, ішкі кіреберіс қорық алаң, шығыс алаң, 60 см көтеріңкі батыс алаң, оң, сол тарапта төсеніш арнайы ылди жол, сегіз қырлы бас құрылыстың шығыс қыры (ұзындығы 7 метр, биіктігі 4 метр), фундаменті бар екендігі толық анықталынды және шығыс жақтағы фундаменті үстінен басы жоқ жаңа тасмүсін табылды. Сонымен қатар, бестаған суғалдақ гүл бейнеленген тас бұйым 1 дана, темір қапсырма, моншақ, ағаш бөлшектері, өртенген сүйек қалдықтары да табылды.

Сондай-ақ, экспедицияның барлау зерттеулері барысында Их Ханүй өзені бойындағы жартастардан Шивээт улаан таңба тасындағы таңбаларға ұқсас жаңа таңбалар 19 дана анықталынды.

Баян Агт сұмыны аумағынан қорған 2 дана, төртбұрышты бейіт 6 дана, бұғытас 8 дана, хұннұ дәуірінің бейіті 2 дана, бір жерге шоғарланған 16 дана жартас петроглифтері анықталынып, ғылыми тіркеу жасалды [18].

**«Шивээт улаан-2017» археологиялық қазба зерттеулер.** Халықаралық Түрк академиясы мен Моңғолия ҒА Тарих, археология институты бірлескен

экспедициясы 2017 жылы 15 маусым-27 шілде аралығында 45 күн бойы Шивээт улаан ғұрыптық кешенінде археологиялық қазба зерттеулерін жалғастырды.

Экспедицияның Халықаралық Түрк академиясы зерттеу тобында Н. Базылхан, Н. Бөгенбаев, Моңғолия ҒА-ның Тарих, археология институты Археологиялық зерттеу орталығы тобында доктор (Ph.D), доцент А. Энхтөр, кеңесші археолог болып Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының Археологиялық зерттеу орталығының директоры, академик Д. Цэвээндорж, археологтар С. Далантайн, Ц. Буянхишиг, Н. Мөнхбат, Г.Батболд қатысты. Сонымен қатар, экспедицияның зерттеу тобының құрамына Моңғолия Білім университетінің Тарих факультетінің 10 студенті, автокөлік жүргізуші 3, аспазшы 2 қызметкер қатысты.

2017 жылғы “Шивээт-Улаан” ғұрыптық кешеніндегі археологиялық қазба жұмыстары өткен жылғы тұмшалау кезінде салынған топырақтар мен тастарды тазалау жұмыстарынан басталды. Экспедицияның қазба жұмыстары кешеннің сегіз қырлы бас құрылыстың шығыс қырын одан ары аршып тазалау жұмыстарымен жалғасты, бас құрылыстың жаңадан үш қыры толық анықталынып тазаланды.

Сегіз қырлы бас құрылыстың төртбұрыш фундаментінің солтүстік, оңтүстік тарапындағы екі ұшы толық анықталынды. Осы бас құрылыстың салудан бұрын әр қырының ұзындығы 23,5 м төртбұрыш текше табан фундаментті таспен қаланып салғаны белгілі болды. Оның төртбұрыш алаңында сегіз қырлы құрылысты таспен қалап салған екен. Сегіз қырлы бас құрылыс пен фундаменті қою әк тәрізді қоспамен сыланған. Әктің құрамында күрделі қоспалар болуы мүмкін. Әк сылақ қалдықтарының арасында қандай да бір жануардың жүндері сақталған (ешкі жүні болуы мүмкін). Сылақтың бекемдігін арттыру үшін оның құрамына ешкінің сүті қосылған болуы да мүмкін. Осы ойымызды нақтылай түсу үшін сылақтың басқа бір бөлігін бас құрылыстың басқа қабырғасынан алып салыстырып көрдік. Ондағы сылақтың құрамына да жануар жүні қосылғаны анықталды.

Осы фундаменттің солтүстік алаңында кеудесі төмен қараған жаңа бәдіз тас мүсін табылды. Бұл жаңадан табылған екінші тасмүсін бәдіз. Өткен жылғы зерттеулер барысында осыған ұқсас жаңа тасмүсін табылған болатын.

Бас құрылыстың орта тұсы яғни сегізқырлы құрылыстың ортасына 4x4 м алаңмен шұңқырлап қазу (шурф) әдісі қолданылды, жер қабатына жақын тұсынан жебе, темір шығырық бөлшектері табылды.

Сонымен қатар кешеннің бас құрылыс алаңын аршып тазалау барысында пышақтың темір ұшы, мал сүйектері, қайың қабығы, ағаштың сынық бөлшектері, өрнекті тас сынықтары, жебе, лағыл, ақық тас моншақтар, темір қапсырмалар, орта тұсында екі тесікті дөңгелек тас сынықтары және басқалар табылды.



Қазіргі Моңғолия территориясында арнайы ғұрыптық кешендер орнатып, мемлекеттік деңгейде арнайы жосын-жоралғылар атқаратын еді. Осындай ірі ғұрыптық кешендерінің бірі, дүниежүзінде қайталанбас әрі бірегей, аса ірі көлемді «Шивээт улаан» ғұрыптық кешенінде (Булган аймағы Баян-Агт сұмынында орналасқан) алғашқы қазба зерттеулерін 2016 жылы 58 күн бірінші кезеңін, 2017 жылы 45 күн екінші кезеңін екі маусым бойы жүргізді.

Түрк әлемі үшін «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені өзінің құрылымы мен бітімі жағынан айрықша аса құнды ескерткіш болып саналады. Қазба зерттеулер барысында жаңадан 2 дана тасмүсін және басқа да артефактілер табылды.

Алдын-ала зерттеу қорытындымыз бойынша аталмыш кешен Еуразиялық кеңістікте билік еткен Шығыс-Түрк империясының қағаны - күллі көшпелі этностардың басын біріктіріп, елдің тәуелсіздігін қамтамасыз еткен Елтеріс Құтлық қағанның (682-692 жж. билік құрған) құрметіне орнатылған болуы ықтималдығы басым.

«Шивээт улаан» ғұрыптық кешенінің D8 секторынан алынған бөрене ағаш бөлігінің құрамына радиокарбондық мерзімдеу зертханалық талдауды Жапония, Канагава префектура Кавасаки қаласындағы Акселератор анализ институты жасады (2017 жылы шілденің 21-нші күні, (AMS Radiocarbon Dating Report. July 21, 2017. Institute of Accelerator Analysis Ltd.129-1 Noborito-shinmachi, Tama-ku. Kawasaki, Kanagawa 214-0013 JAPAN) аталмыш институттың талдау нәтижесіне сүйенсек «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені радиокарбондық мерзімдеу көрсеткіші бойынша 1297,21 немесе 1,300 +/- 20 жыл. Демек бұл біздің заманымыздың 665-671, 685-691 жылдарға сәйкес келеді. Бұл Елтеріс қағанның билік жүргізген 682-691 жылдарымен тұспа тұс келіп тұр.

Сонымен қатар, 2017 жылы аталмыш кешенді қорғау мақсатында темір қоршау құрылыстарын жасау істері де басталып кетті. Шивээт-Улаан кешенінде аспан астындағы музей құру мүмкіндіктері қарастырылуда.

Осы экспедицияның нәтижелері мен алғашқы қорытындылары негізінде Халықаралық Түрк академиясы, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей және Түркия ғалымдары мен баспасөз өкілдерінің қатысуымен 2016 жылғы тамызда «Ұлы дала көшпелілері: тарихи-мәдени үндестіктер» атты II дала семинарын сәтті өткізген болатын Сөйтіп, Халықаралық Түрк академиясы, Моңғолия Ғылым академиясы Тарих, археология институтының бірлескен “Шивээт улаан-2016, 2017” экспедициясы Моңғолияның Булган аймағы Баян-Агт сұмыны жерінде орналасқан “Шивээт улаан” ғұрыптық кешенінде жүргізген археологиялық қазба зерттеулерінің алдын-ала қорытындылары бойынша аталмыш кешен әлі де археологиялық кешенді зерттеулерді талап етеді [18].



Көне түрк дәуірінде империяның қаған, йабғұ, шад, бұйрық, тархан, тегін сынды билік иелеріне, лауазымды тұлғаларына арнайы ғұрыптық кешендер орнатып, аруағына тағзым етіп [19], мемлекеттік деңгейде арнайы жосын жоралғылар атқаратын еді [20]. Солардың бірі Орталық Азияда қайталанбас әрі бірегей “Шивээт улаан” ғұрыптық кешені болып саналады. Бұл кешеннің алдағы мерзімдердегі археологиялық және тарихи-мәдени деректанулық зерттеулері нәтижесінде түрк тарихының жаңа бір қыр-сыры анықталады деп сенеміз [21].



*«Шивээт улаан» тауы төбесіндегі ғұрыптық кешені. 2016ж.  
(Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2016 // 2016-VII-01 № 0825 )*



*Археологиялық қазба жұмыстарының жалпы көрінісі.  
Дронмен алынған фотосуреті. 2016 ж. (Shiveet-Ulaan Archaeological  
Expedition – 2016 // 2016-VII- 26 № 5225)*



*Шивээт улаан таңбатастың бет тұсындағы таңбалары. Сынып кеткен  
ұңғысы. Жалпы көрініс. Дронмен алынған фотосурет, 2016ж. (Shiveet-Ulaan  
Archaeological Expedition – 2016 // 2016-VII-03 № 0725)*





*«Тәңіртаудан Өтүкенге дейін: Ұлы дала көшпенділерінің тарихи-мәдени қазыналары» атты II халықаралық экспедиция жұмысының барысы. Шивээт улаан кешені. 22 тамыз, 2016 ж. (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2016 // 2016-VII- 22 № 3158)*



*Сегізқырлы басқұрылыстың екінші қыры мен төртбұрыш фундаментінің оңтүстік бұрышы. (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-25 № 8415)*



*Кешеннің шығыс алаңындағы тасмүсіндер. (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-01 № 2468)*





*Сегізқырлы басқұрылыстың үш қыры мен төртбұрыш фундаменті.  
Дронмен алынған сурет (А.Энхтөр)( Shiveet-Ulaan Archaeological  
Expedition – 2017 // 2017-VII-02 № DJI 0295)*



*Төртбұрыш фундаментінің шығыс тарапынан жаңадан табылған тасмүсін.  
(Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-03 № 3217)*



*Сегізқырлы басқұрылыстың екінші қыры мен төртбұрыш фундаментінің оңтүстік бұрышы. (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-25 № 8400)*



*Сегізқырлы басқұрылыстың үшінші қыры мен төртбұрыш фундаменті (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-25 № 8417)*






*Халықаралық Түрк академиясы мен Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының «Шивээт улаан-2016» бірлескен археологиялық экспедициясы. Бірінші маусым. 2016 ж. 30 шілде (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2016 // 2016-VII-30 № 4408)*



*Халықаралық Түрк академиясы мен Моңғолия ҒА Тарих, археология институтының «Шивээт улаан-2017» бірлескен археологиялық экспедициясы. Екінші маусым. 2017 ж. 26 шілде. (Shiveet-Ulaan Archaeological Expedition – 2017 // 2017-VII-26 № 5501)*



*«Шивээт улаан -2016» археологиялық қазба жұмыстарының сызба суреттері*



## Әдебиет

1. Oriental studies in Finland 1828-1918 by Pentti Aalto professor of Comparative Linguistics Helsinki University. Helsinki 1971,- 106-107, 123

2. G.J. Ramstedt's archaologische Aufzeichnungen und Itinerarkarten aus der Mongolei vom Jahre 1912. Bearbeitet und herausgegeben von Pentti Aalto. I. Die Ruine Siwet-Ulan // Journal de la Societe Finno-Ougrienne, 67, 2, - Helsinki, 1966, 1-19.

3. Granö J. G. Archaologische Beobachtungen von meiner Reise in Sudsibirien und der Nordwestmongolei in Jahre 1909. SUSA, JSFU . XXVIII, 2. Helsingfors. 1910.1-67.

4. Granö J. G. Uber die geographische Verbreitung und die Formen der Altertümer in der Nordwestmongolei. SUSA, JSFU . XXVIII, 2. Helsingfors. 1910. 1-55.

5. Бамбаев Б. Предварительный отчет Бамбаева Бальджи о работе в этнолингвистическом отряде научной экспедиции АН СССР по исследованию Внешней Монголии и Танну-Тувы в 1927 году. -Улаанбаатар, ТХГБС, ф -9, хн-17.

6. Доржсүрэн Ц. «Шивээт улаан» гэж юу вэ ? // «Шинжлэх ухаан техник» сэтгүүл. -Улаанбаатар, 1957, №1, 45-47 тал.

7. Цэвээндорж Д. 1976 онд Архангай аймагт ажилласан нүүдэлчдийн дурсгал судлах ангийн тайлан. ТХГБС.

8. Войтов В.Е., Волков В.В., Корневский С.Н., Новгородова Э.А. Археологические исследования в Монголии. // Археологические обозрение, 1976. - М., 1977. -С. 587-588.

9. Кляшторный С. Г. Эпиграфические работы в Монголии. // Археологические открытие -1977 года. -М., 1978. -С.575-576.

10. Харжаубай С. Шивээт улааны цогцолбор дурсгалан // Түүхийн судлал. Studia Historica. -Улаанбаатар, 1979, том-14, fasc -2, 15-25.

11. Кубарев В.Д., Баяр Д. Каменные изваяния Шивет-улана (Центральная Монголия) // Археология, этнография и антропология Евразии. 4 (12), СО РАН, 2002. с. 74-85.

12. Войтов В.Е. Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках VI-VIII вв. - М.,1996. - 152 с: ил.

13. Баяр Довдойн Монголын төв нутаг дахь түрэгийн хүн чулуу. – Улаанбаатар: «Admon» компани, 1997.- 148.

14. Hayashi T., Moriyasu T. Site Of Shivet-Ulaan, Shivet-Ulaan Inscription // Provisional report of researches on historical sites and inscriptions in Mongolia from 1996 to 1998 . Edited by Takao Moriyasu and Ayudai Ochir. The Society of Central Eurasian Studies, Toyonaka, Osaka University, 1999. pp. 141-142.

15. Moğolistandaki Türk Anitlari Projesi 2000 Yili Çalışmaları.- Ankara, TİKA, 2001. - 257.

16. Базылхан Н. Көне түрк бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) // Серия: «Қазақстан тарихы туралы түрк деректемелері» -II том. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -252 +144-б жапсырма.

17. Қыдырәлі Д., Бабаяров Г. «Түрк мәңгі тасы: Шивээт улаан таңбалы ескерткіші».-Астана: «Ғылым баспасы», 2015, -78. (қазақша, түркше)

18. Қыдырәлі Д., Цэвээндорж Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Далантай С., Буянхишиг С., Умиров К., Мөнхбат Н. «Шивээт улаан-2016» археологиялық қазба зерттеу нәтижелер. «Шивээт улаан-2016» археологиялық малтлага судалгааны үр дүн. -Астана, 2017.- 68.

19. Munkhtulga R. Some Newly-Found Ancient Turkic Complexes with Stone Statue from North-Western Mongolia. // ACCU Nara International Correspondent. – The Tenth Regular Report. Nara, 2012. – Pp. 22-24.

20. Цэвээндорж Д., Энхтөр А., Кыдырлай Д., Напил Б., Далантай С., Умиров К., Буянхишиг Ц., Мөнхбат Н. “Шивээт улааны археологиялық дурсгалын малтлага судалгаа” экспедицияның 2016 оны хээрийн шинжилгээний ажлын тайлан // Монголын археология-2016. -Улаанбаатар, 2017.-205-217.

21. Қыдырәлі Д., Цэвээндорж Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Далантай С., Буянхишиг С., Умиров К., Мөнхбат Н. «Шивээт улаан-2016, 2017» археологиялық қазба зерттеу нәтижелер. Халықаралық Түрк академиясы, Моңғолия Тарих, археология институтының бірлескен ғылыми есебі -Астана: Халықаралық Түрк академиясы, Моңғолия Тарих, археология институты 2017.- 182 бет (қазақ, моңғол тілдерінде).

---

**АЛТАИСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**  
**ALTAISTICS AND TEORETICAL RESEARCHES**

---

УДК 94.894.993.03.51.9

Напил БАЗЫЛХАН\*

**НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ СРАВНИТЕЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИХ  
ИССЛЕДОВАНИЙ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ  
(КАЗАХСКО-МОНГОЛЬСКИХ) ЯЗЫКОВ**(Теоретическая концепция о развитии Алтайских языков,  
выдвинутая профессором Букатулы Базылханом\*)

**Аннотация.** Алтаисты и «анти-алтаисты» ранее изучали тюркский, монгольский, маньчжурский, японский и корейский языки только с точки зрения синхронии. Именно синхронные языковые материалы широко используются в научных исследованиях, посвященных происхождению, развитию и взаимоотношениям алтайских языков. Данные лингвистические материалы в наши дни являются только «чисто современными» материалами, которые показывают синхронное явление. Поэтому алтаисты, тюркологи и, монголоеды, исследовавшие основные сходства и параллели тюркских и монгольских языков (в частности, казахского и монгольского) не могли установить в диахронии лексической, грамматической и синтаксической общностей. Однако, на основе теоретической концепции профессора Букатын Базылхана мы сможем сказать, что общность алтайских языков и их развитие – это длительный глоттогенетический процесс. Этот вопрос решается на основе «морфемной теории» общего языкознания с соблюдением законов диалектического развития языка. Поэтому лингвистические сходство тюрко-монгольских языков (и шире, алтайских языков) - это не заимствования языковых явлений, а наоборот, признак естественного долговременного глоттогенетического развития алтайских языков, имеющих общее происхождение.

**Ключевые слова:** алтаистика, тюркский, монгольский, синхронный и диахронический сравнительный анализ, исторические исследования, теоретическая концепция, этнолингвистика, тюрко-монгольский, казахский, монгольские языки.

---

\*Научный сотрудник Международной Тюркской Академии, [napilbaz@gmail.com](mailto:napilbaz@gmail.com)

\*Букатулы Базылхан (1932–2012 гг.), видный алтаист, тюрколог и монголоед. Один из ведущих специалистов по сравнительному исследованию казахского и монгольского языков. Доктор филологических наук (1993 г.), профессор (1995 г.), заслуженный деятель науки Монголии (2008 г.).



## SOME RESULTS OF COMPARATIVE HISTORICAL STUDIES OF THE TURKIC-MONGOLIAN (KAZAKH-MONGOLIAN) LANGUAGES

(The theoretical conception of the development of Altaic languages, put forward by Professor Bukatuly Bazykhan)

**Summary.** Thus, we can firmly say that the linguistic materials that the “Altaists” and “anti-Altaists” used in the past were and still are used in scientific works on the study of the origin, development and interrelation of the Turkic, Mongolian, Tungus, Japanese and Korean languages. For today, only “purely modern materials” are synchronous phenomena. In other words, before the theoretical development of Bukatuly Bazykhan, no Altaist, Turkologist and Mongolian could solve the parallel existence of the Turko-Mongolian lexical, grammatical, and syntactic similarities. Now we can say with complete correctness that the Turkic-Mongolian linguistic similarities are not a phenomenon of borrowing, but obvious signs of long natural glottogenetic regularities.

**Keywords:** Altaistics, Turkology, Mongolian studies, diachrony, synchrony, the theoretical conception, historical comparative studies, ethnolinguistics, Turkic-Mongolian, Kazak- Mongolian languages

### ТҮРК-МОҢҒОЛ (ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ) ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

(Алтай төркіндес тілдердің дамуы туралы профессор Базылхан Бұқатұлының теориялық концепциясы)

**Түйін.** «Алтаисттер» мен «анти-алтаисттер» түрк, моңғол, тұңғыс-манжұр, жапон, корей тілдерін синхронды тұрғыдан ғана талдап келген. Осы тілдік материалдар олардың шығу тегі, дамуы мен өзара байланысын зерттеумен айналысатын ғылыми жұмыстарда қолданылып келеді. Аталмыш лингвистикалық деректік материалдар бүгінгі таңда тек «таза заманауи материалдар» - синхронды құбылысты көрсететін нұсқалары ғана болып отыр. Сол себептен алтаист, түрколог, моңғолтанушы ғалымдар түрк-моңғол (қазақ, моңғол) тілдерінің лексикалық, грамматикалық және синтаксистік ортақтықтары мен параллель ұқсастықтарының негізгі түп-төркіндерінің басты себептерін кешенді түрде анықтай алмай келген еді. Ал, профессор Бұқатұлы Базылханның теориялық жаңа концепциясы негізінде Алтай төркіндес тілдердің даму барысы жалпы тіл білімінің «морфема теориясын» форма мен мазмұны жағынан толықтыра түсуі – тіл дамуының диалектикалық заңдылығына сәйкескен, үлкен жаңалықты, ғылыми тұжырым болғандығын, қазір түрк-моңғол лингвистикалық ұқсастықтары өзаралық ауыс-түйіс кірме құбылысы емес, табиғи ұзақ мерзімді глоттогенетикалық заңдылықтардың анық белгілері деп толықтай айта аламыз.



**Кілт сөздер:** Алтаистика, түрктану, моңғолтану, диахрондық, синхрондық талдау, тарихи салыстырмалы зерттеулер, теориялық концепция, этнолингвистика, түрк-моңғол, қазақ, моңғол тілдері.

В алтаистике, тюркологии и монголоведении существует мнение, что в лингвистическом плане языки тюрков и монголов существенно отличаются. Это не родственные языки, а наоборот, результат слияния языков в длительном процессе этнополитической истории. На сегодня, фактически доказана родственность казахского и монгольского языков на основе лингвистических материалов, что стало одним из основополагающих доказательств теории об алтайском праязыке.

На основе современных тюркских языков и древнетюркских битиков (письменных текстов) можно реконструировать закономерности пра-, и прототюркского языка, или исходный языковой архетип. Поэтому нам необходимы сведения о древнемонгольском и древнетунгусо-маньчжурском языках. Это открывает широкую возможность для реконструкции и изучения протоязыкового пласта и явлений синкретизма. Например, древнетюркское *taγ*— «гора», киргизское *too*-, казахское *taw*-, тувинское *dag*-, турецкое *daa(ğ)* и древнемонгольское и маньчжурское *taγ*- «плоская вершина горы» имеют один общий корень *tak/tag*-(в древнеяпонском *tak*>-такай- «высокий»). Прототюркский архетип *taq*-. Из этого видно, что киргизская и турецкая долготы «oo-, aa-» - явление более поздних времен.

Известный алтаист Букатулы Базылхан решил путем сравнительно-исторического анализа проблему родства тюркских (казахских), монгольских (шире, тунгусо-маньчжурских, японских и корейских языков) на уровне фонетики, морфологии, лексики и синтаксиса, а также разработал новое теоретико-методологическое решение «теории морфемы» и генетической основы алтайских языков. По мнению Б. Базылхана, алтайский праязык развивался по трем эволюционным периодам до настоящего времени.

**Первый период** развития алтайских языков начался от первичных корневых морфем типа «V», «CV», которые не владели никакими лексическими признаками, и общение функционировало на уровне «подмигивания», «созвучания» на протяжении достаточно длительного периода: 1,750 млн. лет до н.э. - 800 тыс. лет до н.э., где отсутствовали одно- и двух сложные корни, а также не было фонда корневых слов.

**Второй период** развития алтайских языков назывался «пол-словный», который также охватывал длительный период (800 тыс. лет до н.э.— 40 тыс. лет до н.э.), откуда берет начало формирования от элемента корневого морфемного типа «V», «CV» более сложных типов, одно-, двухсложных корневых слов V -, CV-, VCV-, CVCV-, VCC-, CVCC и др. В данный период функция общения была подобна использованию очень кратких корневых

элементов, например «так-тук, дик-дук». В этот период не использовались аффиксальные морфемы.

И наконец, **третий период** - период сложных слов, охватывающий 40 тыс. лет до н.э. - 10 тыс. лет до н.э., где начиналось использование во время общения наиболее сложных форм, двух-трех слов и их элементарных сочетаний в виде несложных синтаксем. Именно в этот период в миропознание человека наиболее сильно развивалось и углублялось, чтобы отличить признаки предмета, движения, наиболее качественные черты явлений. В лексическом фонде умножаются глагольные лексемы и абстрактные понятия. Люди использовали два-три слова для общения, и в дальнейшем формировались стабильные цепочки словосочетаний элементарного типа, которые могли выразить сложные мысли. Именно этот период сформировалось использование аффиксальных типов морфем «V», «CV», с помощью наклеивания в цепочках сложных словосочетаний. Таким образом, формируется сложный процесс человеческого умения создание слов, словосочетаний а также создание цепочки предложения. (Таблица № 1).

Таблица №1				
Теоритическая концепция о развитии алтайских языков, выдвинутая профессором Букатулы Базылханом				
Периодизация	Хронология	Структура слов (форма)	Семантика слов (форм)	Лексический фонд
1 период «подмигивание (знако-созвучание)»	1,750 000 - 800 000 лет	V- CV-	Отсутствие самостоятельных слов, процесс озвучивания и подмигивания	Отсутствие лексико-семантических единиц
2 период «пол-словный»	800 000 - 40 000 лет	V- CV- VCV- CVCV- VCC- CVCC-	Начало формирования одно-, двусложных корневых слов	Начало формирования корневых слов общими семантиками и синкретическими признаками предмет и движение (глагольного характера)
3 период сложных слов	40 000 - 10 000 лет	VC- VCV- VCVCC- VCC- CVC- CVCV- CVCC- CVCVC- CVCVCV-	Формирование и развитие, а также умножение корня и производных слов	Умножения предметных слов, слов об движении (глагольные), а также абстрактных слов

По теории профессора Б.Базылхана, тюркские и монгольские (шире - алтайские) языки прошли вышеупомянутые три периода развития и сформировались именно таким путем. Для доказательства данной теории о развитии алтайских языков профессор Б.Базылхан анализировал колоссальный

лингвистический материал казахского и монгольского языков (свыше 75 000 лексем) в диахронно-синхронном аспекте. В казахском и монгольском языках существует слова 3000 корней/слов типов V- (vocal), CV- (vocal+consonant), из них 1580 по семантике и структуре полностью совпадают, а остальные 1420 корень-слов аналогичны некоторым семантическим и структурным изменениям. Кроме того, в казахском и монгольском языке выявлены общие корневые морфемы по типам VC-, VCV-, VVC-, CVC-, CVCV-, CVCC-, CVCVC-, общие аффиксальные морфемы V-, C-, CV-(140 единиц), а также сложные аффиксальные морфемы и их варианты (свыше 600 единиц) по типам CVC-, CCV-, CCVC-, CVCV-, CVCVC-, CVCCV-, CVCCVC- и др. в семантический и структурном плане совпадает [1-5].

Общие корневые морфемы казахского и монгольского языков (по исследованию Букатулы Базылхана)			
Морфемы	Тип	Казахский (единиц)	Монгольский (единиц)
Древние корневые морфемы	«V-»	8	8
	«CV-»	90	88
Современные корневые морфемы	«V-»	9	7
	«CV-»	105	112

Общие корневые и аффиксальные морфемы и семантика некоторых исконнокорневых слов казахского и монгольского языков (по исследованию Букатулы Базылхана)					
Казахский, монгольский языки	«V», «CV» тип	Структура корневых морфем	Цепи сложных аффиксальных морфем	Структура сложных аффиксальных морфем	Общая семантика слова
Казахский, монгольский языки	«V» «V»	а- а- (а-)	+йы+ра+қ +йы+ра+қ (+yi+ra+q)	CVCVC CVCVC	айырық/айрық айырақ/айрағ (кумыс)
Казахский, монгольский языки	«CV» «CV»	қа- қа- (qa-)	+ра+у +ра+у (+ra+w)	CVC CVCV	қарау/қарау қарақұ/қарах (смотреть)
Казахский, монгольский языки	«CV» «CV»	жү- жі- (jü-//ji-)	+рө+к+сү+нү+у +рү+ке+сі+кү (+ro+k+sü+nü+w)	CVCCVCVC CVCVCVCV	жүрөксүнү/ жүрексіну жірүкесікү/ зүрхших (не сметь)
Казахский, монгольский языки	«CV» «CV»	дү- дү- (dü-)	+р+кү+рө+у +р+кі+ре+кү (+r+kü+rö+w)	CCVCVC CCVCVCV	дүркүрөу дүркіреу дүркірекү/ дүрхрэх (производить сильный топот)

Таким образом, мы можем твердо сказать, что те лингвистические материалы, которые в прежние времена «алтаисты» и «анти-алтаисты» использовали и до сих пор используются в научных трудах по исследованию происхождения, развития и взаимосвязи тюркских, монгольских, тунгусских, японских и корейских языков. На сегодня являются только лишь «сугубо современными материалами» синхронные явления. Иными словами, до теоретической разработки Букатулы Базылхана ни один алтаист, тюрколог и монголовед не могли решить параллельное существование тюрко-монгольских лексических, грамматических, а также синтаксических сходств. Теперь мы можем с полным правом сказать, что тюрко-монгольские языковые сходства это не явление заимствования, а явные признаки длительных естественных глоттогенетических закономерностей [Таблица № 2, 3; 6-7].

### Литература

1. Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс). - Өлгий, 1973 . -174 бет.
2. Базылхан Б. Краткая сравнительная-историческая грамматика монгольского и казахского языков. (на материале лексики и грамматики). 10.02.16-монгольские языки, 10.02.06–тюркские языки. Доклад, обобщающий содержание опубликованных и выполненных работ, представленных к защите на соискание ученой степени кандидат филологических наук. –Алма-Ата, 1974. -32 с.
3. Базылхан Б. Эртний түрэг бичээсний хэлний үгийн бүтэц (Морфологическая структура слов языка древнетюркской надписи) –Улаанбаатар, 1984. -158 бет.
4. Базылхан Б. Қазіргі қазақ және моңғол тілдері бойынша салыстырмалы белгілеулер.-Улаанбаатар, 1984. -80 бет.
5. Базылхан Б. Моңғолия қазақтарының тілі және оның кейбір алтай тілдеріне қатысы. Мамандығы-10.02.03- түрк тілдері. Баспадан шыққан еңбектер негізінде филология ғылымдарының докторы атағын алу үшін жазылған ғылыми баяндама. -Алматы,1993 . -66 бет.
6. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Фонетика. -Алматы, 1999. -165 бет. (Сравнительная-историческая грамматика монгольского и казахского языков. Фонетика)
7. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Морфология. -Алматы, 2000.- 446 бет. (Сравнительная-историческая грамматика монгольского и казахского языков. Морфология)

---

## ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР HISTORY AND HISTORICAL SOURCES

---

УДК 94.894.993.03.51.9

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ\*

### АШИНА (ТҮРК-МОҢҒОЛ ЭТНОСТАРЫН ТАРИХИ-ЭТНОМӘДЕНИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ)

**Түйін.** Мақалада «Ашина» атауының тарихи-этномәдени аспектілері қарастырылады. Бұл сөз моңғол тіліндегі «шинга/чинга» лексикалық протоформасымен тәркіндес, түрк тілдерінде чөга//чия формасында кездеседі. Осылайша «қасқыр» мәніндегі «ашина» сөзі көне түрк және моңғол тілдері үшін ортақ. Тотемдердің мифтік арғы атасы Бөртэ-чоно және Маралдан шыққан Боржигин (Бөрітегін, «Қасқыр ханзада») (Шыңғыс хан әулеті) мен көк түркілердің Ашина руы үшін де ұқсас болғаны кездейсоқ емес.

**Кілт сөздер:** номадология, түркология, моңғолтану, Ашина, этногенез, этноним, қасқыр тотемі

### АШИНА (НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИКО-ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ ЭТНОСОВ)

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые историко-этнокультурные аспекты имени «Ашина». В монгольском языке это слово соотносится с лексической протоформой: «шинга/чинга», и в тюркских языках встречается в форме: чөга//чия. Таким образом, «Ашина» – общее слово для древних тюркских и монгольских языков со значением «волк». И совсем неслучайно то, что тотемы были аналогичны и для рода Боржигин (Бөрітегін, «Принц волк») (рода Чингисхана), ведущего происхождение от мифических предков Бөртэ-чоно и Марал, и для коктюркского роды Ашина.

**Ключевые слова:** номадология, түркология, монголоведение, Ашина, этногенез, этноним, волк тотем

---

\*Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Халықаралық Түркі академиясының президенті

## ASHINA (SOME ASPECTS OF THE HISTORIC AND ETHNOCULTURAL RESEARCH OF TURKIC - MONGOLIAN ETHNOSES)

**Abstract.** In this article I will discuss about the historical and ethno-cultural aspects of the name “Ashina”. This word is same root of “shinga / chinga” which is in Mongol language, and in Turkic languages is chiha // chi. Thus, “Ashina” is a common word for ancient Turkic and Mongolian languages with the meaning “wolf”. And the similar of the mythical ancestors of totem Berthe Chono and Borjigin (Britegin, Prince of the Wolf) (Genghis Khan Family) with Ashina are not coincidence.

**Key words:** Nomadology, Turkology, Mongolian studies, Ashina, Ethnogenesis, Ethnonym, Wolf totem

### Негізгі бөлім

Көк түркердің этникалық шығу тегі мен олардың Алтай тауларына қалай келгендігі туралы қытай жылнамаларында аңыздардың бірнеше нұсқалары сақталған.

Аңыздардың барлығы қытайдың «Вей шу», «Чжоу шу», «Тан шу», «Тунь Дянь» секілді танымал жылнамаларында баяндалған. Мәселен, «Тун дянь» жылнамасының 197-тарауында Ашиналардың шығу тегі туралы мынадай аңыз сақталған: Көк түркер әуелден Пин-лианды мекендеген Хулардың бірі еді. Олар негізінде ғұндардың бір бұтағы болатын. Арғы тектері – Ашина. Кейін Вей (заманында) Тай-ву патшаның Чие-чу әулетін талқандауы нәтижесінде Ашина бес жүз отбасымен жужандарға қашып келіп, олар сол жерде. Алтай тауын (Цзиншан) мекен етті. Бұл таудың пішіні дулығаға ұқсас болғандықтан, оларды өздерінің тілдерінде дулыға мағынасына саятын Түжүе деп атадық [1, 221].

Кейбір Қытай жылнамаларында «Ашина» түркерінің алғаш өмір сүрген аймағы, Тұрпанның солтүстік-шығысы мен Алтай тауларының оңтүстік-батысындағы таулы аймақ ретінде аталады. Басқа да қытай дереккөздерінде олардың христиан жыл санауы бойынша V ғасырда Оңтүстік Сібірдегі Енисей қойнауынан Богдо тауы (Үрімші маңайы / Шығыс Түркстанның солтүстік шығысы) маңайына көшіп келгендігі баяндалады. V ғасырдың ортасына қарай осы жерлерден жуан-жуандар тарапынан Алтай тауларының оңтүстік етегіне көшірілген Ашина түркері 552 жылы өз мемлекеттерін құрғанға дейін жуан-жуан қағандығының қол астында болып, осы елге темір өндіруге мәжбүр болған [1, 221]. Алайда, аталған мәліметтер, яғни Ашина түркерінің Алтай тауларының оңтүстік-батысындағы тауларда темір өндірумен айналысуы туралы мәліметтер зерттеушілер тарапынан сынға



алынуда. Аталған жағырапиялық мекеннің басқа жермен тура келуі мүмкін деген пікірлер де айтылуда.

Қытай жылнамаларында түрктердің шығу тегі туралы «Ху, Хунну, Со» атауларымен өзгеріп отырса да, ғұндармен қатыстылығы ешбір дау туғызбайды. Аңыздардың желісі түрктерді қытайдың солтүстігінен шығарып, Алтын тауға (Алтай) келіп орналастырады. Қазіргі ғылымда осы Алтын тау туралы түрлі тұжырымдар бар.

Қалай дегенмен де Ашина түрктері кезінде өз бірлестігінен бөлініп қалған түрк руларының ең ежелгілерінің бірі болуы керек. Қытай жылнамаларындағы аңыздағы басты кейіпкер – бөрі, әуелі түрк қағандығының символы болса, кейіннен барлық түрк тілді халықтардың тотеміне айналды. Тіпті түрктер мекен еткен аймақтардан табылған археологиялық мұралардың өздері де осы аңызды қайта еске салып тұратындай әсер береді. Мысалы, Таспар қаған ( Бұғыты) ғұрыптық кешеніндегі бітіктастың жоғары тұсында аналық қасқырдың баланы емізіп тұрғандығы; Ром мен Римді емізіп тұрған аналық қасқырдың мүсіні; сақ-ғұн дәуіріне жататын Жетісудан және Ордос маңынан табылған екі бөрінің құрбандық тау ешкіні жәукемдеп жатқаны бейнеленген, әрі бір-бірінен айнамайтын екі археологиялық олжаның табылуы; Алтай, Моңғолия, Тува және Қазақстан территориясынан табылған жартаc беттерінде (петроглифтер) бөрілердің бейнеленуі бұл мәселенің кең көлемде қарастыруды талап ететінін көреміз.

Ашина атауының шығу тегі туралы біраз деректер қытай жылнамаларында сақталған. Мәселен, Көк түрк қағандығын құрған рудың атауы қытай жылнамаларында А-ши-на деп аталады [1, 221]. Сол себептен де аталған қағандықты құрушы әулетке қатысты зерттеушілер кейде Ашина сөзін қолданады. Қытай жылнамаларында Ашина сөзі көбіне Көк түрк билеушілерінің атымен бірге аталып оларға этникалық қатыстығын білдіретін болған. Мысалы, *Шаболо Кехан Ашина Хо-лу* (Ишбара қаған Ашина Ұлығ), Ашина Мише, Ашина Бужен, Ашина Хиен, Ашина Хуаи-дао, Ашина Син, Ашина Шуни және т.б. [2, 289-319].

Ашина руының «сиун-ну»-дан (Ғұндардан) шыққандығын қытай жылнамаларынан білеміз [1, 220; 3,12]. Ашина атауының этимологиялық мағынасы жайында тарихшылар мен түрктанушы ғалымдар әртүрлі көзқарастар айтуда. Алайда, қазірге дейін Ашина сөзінің негізгі формасының қалай болғандығы, мағынасының нені білдіретіндігі мәселесінде алға қойылған пікірлердің ешқайсысы да нақты айқындала қойған жоқ.

Кейбір ерекшеліктерден басқа Көктүрк қағандығын құрушы әулеттің өкілдері тарапынан тасқа қашатып жаздырған Орхон жазбаларында қағандықтың негізін құрған ру атауының Ашина түрінде немесе соған ұқсас формада кездеспеуі көңіл аудартады.

Байқағанымыздай, аталған жазбаларда осы мемлекеттің және оның негізін құраған қауымның аты «Türük Eli» Түрк Елі», «Türük budun» Түрк бұдун», «Kök Tügük >Көк түрк» түрінде аталып өткен [4, 82-83; 177-179]. Қытай жылнамаларында Ашина этнонимі өте көп жазылғанына қарамастан, ол сөздің мағынасы туралы қандай да бір анықтама кездеспейді. Бұған қоса ХХ ғасырға дейін жазылған көптеген тілдердегі дереккөздерінде де аталған сөздің этимологиясына байланысты мәліметтер кездеспейді. Алайда, ғасырымыздың бастапқы кезеңдерінде көптеген зерттеушілер тарапынан этимологиялық түсініктемелер беріле бастады. Ашина атауының мағынасына байланысты мынадай мәліметтер жасалған болатын.

1. Бір топ ғалымдар Ашина атауының шығу төркінінің моңғолша екендігіне тоқталады. Мысалы, П.Будберг оған моңғол тіліндегі *\*арчинао (чинга)* «Он қасқыр/бөрі» анықтамасын береді [5, 167185]. Л.Н.Гумилев Ашинаны моңғол тіліндегі *шоно, чино* «бөрі/қасқыр» сөзін қытай тілінде құрмет мағынасын білдіретін *а*-префиксінің қосылуы нәтижесінде пайда болғандығын және «құрметті бөрі» мағынасын беретіндігіне, түрк қоғамында «бөрі», «қасқыр» аталатындығына тоқталады [6, 3]. Көптеген зерттеушілер тарапынан оның аталған пікірі қабылданып, Көк түрк қағандығы тарихына байланысты көптеген жарияланымдарда өз орнын тапты [7, 318; 7-8].

2. Ашина этнонимі туралы тағы бір көзқарастың жақтаушылары оның негізін көне үнді-еуропа тілдерінен іздейді. Синолог ғалым Ю.А.Зуев Ашина сөзінің қытай тілінде айтылуы *âсинâ<\*асана~\*асна/* екендігін, «Ашина» және «Усун» этнонимдерінің түбірі бір екендігін, олардың көне парсы тілінің хотан-сака диалектісінде *âcânâ* «көк» (көк, аспан) сөзімен байланысты екендігін атап өтеді [8, 120124; 810]. Ол көне түрктердің көкті (көк//аспан) киелі санайтындықтан, оны өздерінің тайпаларының атауы ретінде алғандығын көрсетеді. Алайда, бұл атауды өз тілдерінде атауға жүрексігендіктен, яғни табу ретінде қарағандықтан оның орнына хотан-сака тіліндегі *âcânâ* (мағынасы көк – аспан) сөзін қолданған [9, 9-12].

Ғалымның көне Усун және Ашина этникалық атауларын салыстыруының негізсіз екендігін атап өткен түрктанушы С.Г.Кляшторный алғашқы зерттеулерінде (1964 ж.) Ашина сөзін хотан-сака тілінде *âcâна* «абыройлы, құрметті» деген сөзді білдіретінін атап өтіп, аталған сөздің көне агнилер диалектісінде *âcâm* және көне Куча (Кочо) қаласының тұрғындарының говорында *acâm* түріндегі баламаларынан табуға тырысады. Алайда, «аталған этимологиялық анықтамамен мәселенің шешімін табу әлі ертерек» деп жазады [10, 112]. С.Г.Кляшторный бұдан кейінгі зерттеулерінде (1990ж.) синолог С.Яхонтов тарапынан Ашина этнонимінің қытай тіліндегі транскрипциясына *â шинâ – â шенâ* сүйеніп, өзінің алғашқы анықтамасын *âcâна* «абыройлы, құрметті» сөзінің екінші дауыстысы *â* қытай тіліндегі транскрипциясындағы

*u~e* дауыстыларымен тура келмеуі оның басқа прототипін іздеу қажеттігін білдіреді [10, 13]. Осылайша, аталған сөздің шығу тегін тағы да парсы тектес тілдерден іздеуді жалғастырған С.Г.Кляшторный оны соғды тіліндегі *'xš'up'k* (*exšene*) «көк, қара» (түс), хотан-сака диалектілеріндегі *ассеина-ассена* «көк/көгілдір» (түс), тохар тіліндегі *асна* «көк/көгілдір, қара» сөздерімен түсіндіреді. Аталған тілдердің арасында хотан-сака тіліндегі «көк» (түс) мағынасындағы *ассеина ассена* сөзінің әрі фонетикалық, әрі семантикалық ерекшеліктерінің толықтай сай келуі көңіл аудартады [11, 14]. С.Г.Кляшторный Орхон жазбаларында (VIII ғасырдың алғашқы ширегі) Көк түрк қағандығын құрушылардың этникалық атауы ретінде кездесетін «Көк түрк» сөзінің алғашқы бөлігі «көктің» ру атауы екендігін, оның Ашина этнонимінің тура аудармасы екендігіне тоқталады. Сол себептен көне түрк жазбаларындағы Көк түрк сөзі «Көктер мен Түрктер», яғни «Ашина және Түрктер» мағынасын білдіреді деп түсінуіміз қажет дейді [11, 14-15].

Х.Хауссиг аталған этнонимді Византия тарихшысы Феофилакт Симокатта (VII ғасырдың басы) еңбегінде жазылған «қара киімділер», яғни Табғашпен (қытайлықтармен) соғысқан «қызыл киімділер» және «қара киімділер» ұғымына сүйене отырып, олардың біріншісін эфталиттермен, екіншісін түрктермен теңестіреді. Оның ойынша, түрктердің билеуші әулеті Ашинаның киген киімдерінің түсіне байланысты атауын көне парсы тіліндегі *ахсаена* «қара түсті» сөзімен байланыстыруға болады [12, 13].

Кейбір зерттеушілер Ашина этникалық атауын түркітілімен байланыстыруға тырысады. К.Беквиз оны Византия тарихшысы Менандростың (VI ғасырдың соңы) «Тарих» атты еңбегінде берілген «Түрктер ұлы билеушілерін *Арсыла* деп атайды» жазбасына қарап, оны *арсыла* [13, 72] сөзімен байланыстырады. Оның шығу төркінін түрк тіліндегі *Арслан* сөзінен табуға тырысады [14, 206-208; 121].

А.Әбдірахманов аталған этникалық атауды көне түрк тіліндегі сөзге, жазбаларда *ачү/ечү* формасындағы кездесетін сөзге апарды [15, 24]. Ғалым аталған сөздің Күлтегін және Білге қаған жазбаларында *ечүм-анам* түрінде кездесетіндігін, *ана* сөзімен бірге келіп, «аталарым» мағынасын берсе де *ечү* сөзінің алғашқы мағынасы «ана», «ханша» болған, кейіннен «ана тарапынан жас жағынан үлкен туыс, аға» мағынасын бергендігін атап өтеді [15, 28-29]. А.Әбдірахмановтың ойынша, Ашина этнонимі аталған *ечү* сөзінің негізінде алғашқыда *Аши // Ашина* және оның тектік формасы *Аши(н)* формасында болған. Осындай этникалық атаудың пайда болу кезеңі көне түрктердегі матриархаттық кезеңнің соңғы кезеңдерінде *ечү* (ана) сөзінің негізінде пайда болғандығын, атап өткен зерттеуші осы этникалық атаудың Сібірдегі қазіргі түрк тектес тайпалардың бірі қызылдардың Ачин руының атауында сақталып қалғандығын көрсетеді [15, 25-34]. Алайда ескі моңғол тілінде *есүй* > *эчү*, *есйге* > *эцэг* 1. ата, 2. әке деген мағына білдіретіндігі тағы бар.

Біздің ойымызша, жоғарыда берілген анықтамалардың ешқайсысы да *Ашина* этнонимінің толық мән-мағынасын ашып бере алмайды. Алғашқыда аталған сөзді моңғол тілді деп санаған зерттеушілердің көзқарастарына тоқталайық. С.Кляшторныйдың атап өткеніндей, П.Будбергтің *Ашина* сөзін \**арчинао* (*чинга*) түрінде беруі филологиялық жақтан нақты өз дәлелін таба алмады [11, 13]. Л.Н.Гумилев Ашинаны моңғол тіліндегі *шоно*, *чино* «бөрі/қасқыр» сөзіне қытай тілінде құрмет мағынасын білдіретін «а-» префиксінің қосылуы нәтижесінде «сыйлы бөрі» дегенді білдіретіндігін атап өтеді. Түрк қауымында аталған сөздің «бөрі», «қасқыр» аталуы кейбір дәлелдерге байланысты қабылдана қоймады. Аталған сөз тек қана моңғолдарда ғана емес, түрк қауымында да кездеседі.

Ч.Бекуиз тарапынан айтылған көне түрк тіліндегі *Ашина* – Арслан сөздерінің теңдігі әрі фонетикалық, әрі тарихи жақтан да өзін ақтай алмайды [14, 111]. Көк түркерде арыстан лауазым жағынан да, наным-сенім жағынан да құрметті орынға ие болса да, жазба дереккөздерінде қағандықты құрушы әулеттің арыстанды тотем санауы немесе оны этникалық атау ретінде қабылдауларына байланысты мәліметтер кездеспейді.

Х.Хауссигтің аталған этнонимді Византия тарихшысы Феофилакт Симокатта еңбегінде жазылған «қара киімділер» сөзінен ала отырып, оларды Ашинамен теңестіруі және оны көне парсы тіліндегі *ахсаена* «қара түсті» сөзімен байланыстыруы да С.Кляшторныйдың атап өткеніндей тарихи жақтан негізсіз саналады [11, 13-14].

*Ашина* этнониміне байланысты С.Кляшторный және Я.Зуев тарапынан берілген көзқарастар да сынға алынады. С.Кляшторныйдың пікірлерінен байқағанымыздай, жазбалардағы Көк түрк негізінен екі түрлі этникалық атау – «көктер және түркер» мағынасын береді. Жазбалардағы көк және қытай дереккөздеріндегі *Ашина* атаулары негізінде бір рудың екі тілдегі бір атауы саналады. Алайда, аталған көзқарас көпшілік тарапынан мойындала қойған жоқ. Көк түрк сөзінің алғашқы бөлігіндегі «көк» сөзін көптеген түрктанушы ғалымдар есім сөз емес, сын есім ретінде көрсетеді. «Көк» сөзін «көк, аспан», Көк түрк сөзі «Көк (аспан) Түрк», «Тәңір Түрк» мағынасын да берген [18, 169; 89].

Өзбектің танымал түрктанушы ғалымдары Г.Абдурахманов пен А.Рустамовтардың атап өткеніндей, жазбалардағы *көк* «тамыр», «түбір» мағыналарында, Көк түрк болса «Түрк қауымының негізін құрайтын, өзгермейтін түркер» дегенді білдіреді [15, 115].

Біздің ойымызша, Орхон жазбаларындағы Көк түрк негізінде «Шығыс түркері», «Шығыс Көк түрк қағандығы» дегенді білдіреді. Оның Ашинамен тікелей байланысы жоқ. Түрк тайпаларында қандай да бір рудың өз ішіндегі руларды айыру үшін ақ, қара, сары, көк, қызыл сияқты түс аттарымен атау

дәстүрі кездесетін. Мысалы, ақ ғұн, ал ғұн, ақ ноғай, қара ноғай және т.б. сияқты. Бұл дәстүр Көк түрк атауына да тән. Көне түркілерде аталған түстер бағыттарды айқындау үшін де қолданылған. Ақ – батыс, көк – шығыс, қара – солтүстік, қызыл – оңтүстік бағыттарын көрсетеді [20, 146]. С.Кляшторныйдың «көк» ру атауы екендігі туралы айтқандары даулы көзқарас. Көне түркілерде тек қана түс атауынан тұратын ру атауының өте сирек кездесетіндігін (яғни сарыдан басқа) де атап өтуіміз керек. Шынында да ақ, қара, көк, қызыл сияқты түрк ру атаулары көп кездесе қоймайды. С.Кляшторныйдың айтып өткеніндей, Ашина руы көк ретінде аталған болса, ондай атау сол кезеңнің жазба дереккөздерінде жазылған немесе орта ғасырлардағы, әрі қазіргі түрк ру атаулары арасында да сақталып келуі мүмкін еді.

Ю.А.Зуевтің пікірінше «Ашина» сөзі негізінен парсы тіліндегі «көк» түс мағынасындағы сөзбен байланысты. Түркілер «көк (аспан) сөзін табу (тотем) санағандықтан, орнына басқа тілдегі сөзді қолданған» деген көзқарасы А.Әбдірахмановтың «егер түркілер көк (аспан) сөзін табу деп білсе, оны жазбаларда кездестірмейтін едік. Сол себептен оның көзқарастары негізсіз» деген пікірімен өз күшін жоғалтқанын көреміз [15, 23-24].

Бұған қоса А.Әбдірахмановтың Ашинаны көне түрк тілінде *ечу, аши// ашина* түрінде беруі де талқылауға түсетін мәселе саналады. Аталған сөздің осыншалықты өзгеріске ұшырауы әрі филологиялық, әрі тарихи жақтан наразылық тудырады.

#### *Ашина атауына байланысты жаңа болжамдар*

Жуырда бірнеше жапон түрктанушылары мен шығыстанушы ғалымдары тарапынан Моңғолиядағы соғды тілінде жазылған Таспар (Табар) қаған бітіктасы («Бугат», «Бұғыт» ескерткіші) және көк түркше Алтын тамған тархан («Их Асгат», *Ihe Ashete*) жазбаларындағы *Ашинас* сөзінің оқылуы аталған этникалық атаудың тек қана қытай дереккөздерінде ғана емес, басқа тілдердегі дереккөздерде де кездесіп қалу мүмкіндігінің бар екендігін көрсетті. Көне парсы тілдері, әсіресе Бұғыт жазбаларының бұдан бұрын соғдытанушы В.А.Лившиц және түрктанушы С.Г.Кляшторный тарапынан (*'mwh?*)[...] (*pt*)*s'kh 'wst't d'r'nt tr'wkt c(yn)st'n kwts'tt 'yşywn'k* «Түркілер осы (?) ... орнатылған тасты қытай билеушісі Куцтт кезеңінде орнатты»; «Бұл... жазулы тас, қытай билеушісі Куцтт (кезеңінде) түркілер тарапынан орнатылған» деп оқылған сөйлемдерді соғды тілінің маманы, профессор Иошида Ыутаканың *d'r-'nt tr-'wkt '(?)şy-n's kwtr'tt 'xşy-wn'k* «Түрк Ашинас тайпасының патшасы осы тасты орнатты ...» деп оқуы осыған мысал бола алады.

Тағы бір жапон түрктанушы ғалымы Такаши Осава Бұғыт жазбасында *'(?)şy-n's* [ашинас] деп оқылған сөзбен Көк түркшедегі Алтын тамған тархан «Их-Асгат» жазбасында бес рет кездесетін **𐰽𐰺𐰸** (*šNš*) сөзінің бір екендігіне тоқталып, аталған сөзді де *(a)ş(i)n(a)s ((a)u(u)n(a)c)* деп оқыған

1) (а)ш(и)н(а)с көл тод(у)нин(и)си алтун т(а)мг(а)н т(а)рк(а)н й(а)ғ(ы)з й(е)р(и)мке (а)д(ы)р(ы)лд(ы)м(ы)з а (1. тас, шығыс беті 1. жол);

2) (а)ш(и)н(а)с көл тод(у)н ин(и)си алтунт(а)мг(а)н т(а)рк(а)н йогы ум(а) дуқ үч(ү)н (а)д(ы)р(ы)лд(ы)м(ы)з а (1. тас, батыс беті 1. жол);

3) (а)ш(и)н(а)с көл тод(у)нин(и)си алтун т(а)мг(а)н т(а)рк(а)н б(а)рды (2. тас, батыс беті 1. жол);

4) (а)ш(и)н(а)с көл тод(у)нин(и)сиалтунт(а)мг(а)н т(а)рк(а)н (2. тас, батыс беті 14-15. жолдары) [21, 8-10].

Осылайша екі түрлі тілдегі жазбаларда Ашинас сөзінің оқылуы аталған этникалық атаудың қолданылуы тек қытайларға ғана тән болмағандығын дәлелдейді. Әйтсе де көптеген ғалымдар бұл көзқарасқа сақтықпен қарап, қарсылықтар да білдіруде. Мысалы, Түркияның танымал түрктанушы ғалымы О.Серткая аталған мәселені былайша сынға алады. Ол былай дейді: «Көк түрк әліпбиінде **Y** емлесімен жазылған әріп (жуан С) С1 немесе (жуан Ш) Ш1 ретінде оқуға болады. **Y** болса тек (жуан Н) Н1 болып оқылады. Аталған жағдайда **YDY** сөзінің транслитерациясы жуан болып С1 Н1 С1 немесе Ш1 Н1 Ш1 түрінде болуы да мүмкін. Аталған жағдайда сөздің транскрипциясы (а) с(и)н(а)с немесе (а)ш(и)н(а)ш түрінде оқылады. Бір түрктанушы ғалымның **YDY** сияқты үш әріптен тұратын сөздің алғашқы дыбысын басқалай, тура сол белгідегі соңғы дыбысын өзгеше оқуға хақысы жоқ. Ашығын айтар болсақ, **YDY** сөзінің алғашқы белгісі *ш*, соңғы белгісі де *ш* болып оқылмайды. Их-Асгат жазбасындағы сөздің Бұғыт жазбасында соғды әріптерімен жазылған және жариялаушылар тарапынан басқаша транскрипцияланған '(') ши-н'с [ашинас] пен бірдей болуы мүмкін емес көрінеді.

Соғды тіліндегі мәтінде де бірдей белгімен жазылған дыбыстың сөз ішінде *ш*, сөз соңында *с* болып оқылуын қалай түсіндіріп беруге болады. – *с* дыбысы соғды тілінде көптік (*pluralite*) жалғаулығы ма? Басқалай айтар болсақ, Көк түрк тіліндегі *ышбара-с* «ышбара-лар, бей-лер» сияқты функциясы бар ма?

Тағы бір мәселе – Бұғыт жазбасында Ашинас түрінде кездесетін сөздің қытай тілінде неліктен А-ши-на түрінде болып кездесуінде жатыр. Қытай тілінде аталып өткен және бүгінге дейін транскрипциялары а-ши-на, а-чи-на, а-се-на т.б. сияқты формаларда кездесетін сөз «көк бөрі ұлдары» мағынасындағы Көк түрк әулетінің атауы саналады. Моңғол тіліндегі *бөрте-чине* сөзі де ұстаздарымыз тарапынан *бөри+ачина* түркше+қытайша бір-бірін қайталау (Hendiadyoin) болып түсіндірілген. Қазіргі түрк тілінде *асена* сөзі «ұрғашы» атауын алып «ұрғашы асеналар» түрінде де қолданылғандығы байқалады. Осы және осыған ұқсас басқа да мәселелердің жауабын табуы және «Их –Асгат» жазбасындағы **YDY** сөзі туралы әлі де ойлануымыз керек деген пікірдемін» [22, 11].

О.Серткаяның жазғандарынан байқағанымыздай, ол Т.Осаваның пікірлеріне қосылмайды. Алайда, егер Ашинас оқылған жағдайда «бұл–



«с» дыбысы соғды тілінде көптік (*pluralite*) жалғаулығы ма? Басқаша айтар болсақ, Көк түрк тіліндегі *ышбара-с* «ышбара-лар, бей-лер» сияқты функциясы бар ма?» деген мазмұндағы сұрақты алға қояды.

Көне түрк тілімен бірге көптеген Алтай тіл топтарында кейде -т, -с, -з дауыссыздарының көптік жалғаулығы қызметін атқарғандығына қарап, соғды жазылған мәтіндерде кездесетін Ашинас атауы Ашина сөзінің көптік формасы да болуы мүмкін деуге болады.

Тек қана қытай, соғды, көк түрк жазба дереккөздерінде ғана емес, араб және парсы тілді тарихи еңбектерде де Ашина дегенді білдіретін сөздер кездеседі. Ислам дереккөздерінде көне кезеңдерде Иранды жаулаған *Шана/Сане* атты түрк билеушісінің атын М.Гренард, О.Прицак сияқты зерттеушілер Ашина этникалық атауымен байланыстырған [23, 75-95].


Жоғарыда көптеген зерттеушілердің Ашина сөзінің моңғол тілінде *Чино // Чоно* және одан көне формасы *Чинганың* (ескі тұлғасы *činu-u//činu-w*) «қасқырмен» байланысты екендігін, түрк тілдерінде аталған сөзге ұқсас сөздің кездеспейтіндігін, оның орнына «бөрі», «қасқыр» сөздерін қолданатындықтарын атап өткендері туралы жазған едік. Алайда көптеген тілге байланысты материалдар аталған көзқарастың дұрыс еместігін дәлелдеді. Өзбек және қазақ, моңғол тілдеріндегі *чиябөрі / шиебөрі / цөөвөр* сөздері кездеседі. Қазірде ол сөз «қасқырдың бір түрі» мағынасында қолданылады [24, 523].

Аталған сөз екі бөліктен «чия» және «бөріден» тұрады. Осыған ұқсас қолданыстар моңғол тілінде де бар: *čögü-börü* > цөөвөр чоно (шибөрі), сонымен қоса, *ölügčün* > өлөгчин «ұрғашы («қанчық»)), *gičii* > гичий «қаншық» қасқыр дегенді білдіреді. Бұдан көне формасы орта түрк («шағатай») тіліндегі жазба дереккөздерде *чөга бөри* формасында кездеседі. Аталған зоонимнің екінші бөлігі бәрімізге таныс. Бірінші бөлігі «*čögü- чөга/чия*» сөздерінің мағынасы «ал, қызыл» дегенді білдірсе керек. Біздің ойымызша моңғол тіліндегі *činu-u* > *чино* (көне формасы *шинга / чинга*) мен түрк тілдеріндегі *čögü* > *чөга/чия* сөздерінің түбірлері бір. Ең көне кезеңдерде Алтай тілдеріндегі *чина* сөзі осы тілдердегі –ң дауыссызының кейіннен –н немесе –г дауыссызына, кейде –й дауыссызына айналғандығы байқалады. Осылайша тілдік жағдаяттар нәтижесінде моңғол тілінде *чинга/чоно*, түрк тілдерінде *чөга/чия* формаларын алуын әбден мүмкін. Кейіннен көптеген түрк тілдерінде тәуелсіз сөз ретіндегі қасиетін жоғалтып, «бөрі» сөзіне жалғанып қасқырдың ұсақ бір түрі мағынасында қолданыла бастағандығын айта аламыз. Қырғыз тілінде «тау қасқыры, қызыл қасқыр» мағынасында *чөө* сөзінің кездесуі [25, 373] осы көзқарасымызды бекіте түседі.

«Ашина» – түрк-моңғол тілдеріне ортақ сөз. «Қасқыр, бөрі» деген мағынаны береді. Аталған сөздің тек қана қытай дереккөздерінде ғана

емес, соғды, көк түрк, араб тілді жазба дереккөздерінде де кездесетіндігі анықтанылып келеді.

Ашина түрктерінің шығу тегін қарастырғанда Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрк шежіресі» атты еңбегіне тоқталмай өте алмаймыз. Түрктердің пайда болуы туралы баяндайтын Ергенекон аңызының құрылуына осындағы Иафеттің ұрпақтары себеп болады. Түрк шежіресі бойынша, «Монғолдың ұрпағы Елхан мен Татардың ұрпағы Сүйініш хан екеуі билік құрып, бұлардың заманында «татар мен монғол арасында соғыс болады [26, 27-29]. Соғыста монғолдар қырғын табады. Осы қырғыннан тірі қалған Ел ханның Қиян атты ұлы мен Нүкүз деген аталас інісінің ұлы аман қалған елін ертіп, биік бір таудың ішіне кіріп, ол жерде шөп-суы мол бір жазиралы шатқалға кезігеді. Олар осы жерге тұрақтап, жайлылығына байланысты оған «Ергенекон» деген ат береді. Олар осы жерде бірнеше жыл тұрып, кейіннен атамекендеріне оралуды ойластырады [27, 342-349]. Араларындағы көсемі Бөрте-шене халыққа үндеу тастайды «Уа, қасиетті көк бөрінің ержүрек оғландары, сөзіме құлақ салыңдар, біздің ата-баларымыз ежелден осы Ергенекон жерін мекен етіп келеді, бұл жер бізге құт болды, алайда, өзіміздің ата-бабамыз жатқан атажұртты ұмытпайық, барып табғаштардан жерімізді қайтарып алайық» дейді [6, 480]. Сөйтіп олар 400 жылдан кейін тау мен тасты ерітіп, жол салып туған елдеріне оралады.




*Татпар қағанға арналған көне соғды, брахми жазулы бітіктасы.*

*Бөрі бейнесі бедерленген жоғары тұсы. 582 ж.*

*Татпар қағанға арналған сұрыптық кешені.*

*Бугат ( Бұғыт) алқабы, Архангай аймағы, Моңғолия.*



*Шыңғыс қағанның арғы ата тегі Алан Қоғай ана бейнесі. Рашид-ад дин "Жамиат-ат тауарих" туындысынан. "Bausingur alburti" қолжазба кітабы. Парсы миниатюрасы. Орта түрк тіліндегі ұйғыр жазулы мәтіні: Alan qow-a-yin oylan-lar-i-nin süğbes-i bu yosun bil-e. Түркияның Стамбұл қаласы Топқапы сарайы музейінде сақтаулы. (Istanbul, Topkapı sarayı müzesi kütüphanesi, №2152-42a)*

Жоғарыдағы аңыздардың бәрінде түрктердің шығу тегі аңыздық жолмен бөрі арқылы тарайды. Сондай-ақ Ашина туралы аңыздардағы басты кейіпкердің бірі – бөрі менен Әбілғазының «Түрк шежіресінде» баяндалатын темір өндіруші көк түркілер мен Ергенқондағылардың тауды ерітуге көрік ойлап табуы (металл балқытуда қолданылатын құрал) аңыздардың шығу генезисін бір арнаға тоғыстырады. Бұл аңыздардың барлығы Алтай тауларында туғандығын айғақтайды. Және ең құндысы, әрі ондағы ортақ тарихи сюжеттер ашиналар жужандарды талқандаса, ергенекондықтар табғаштардан жерін қайтарып алады. Бұл аңыздар шүбәсіз Алтай тауларында туған және ол тарихи шындық.

Сөз соңында тарихи жадының сабақтастығының керемет іздерінің бірі Сүйінбай Аронұлының өлеңінен келтірсек:

Бөрі басы ұраным,  
Бөрілі менің байрағым,  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым!

Ауыздан-ауызға тарала айтылып отырып, көркемделініп, тарихи оқиғалар аңыздық үлгіге түскен. Кейіннен бұл аңыздар түркілердің өз аузынан қытай жылнамаларына түскен болуы керек. Себебі аңыздардың астарында аз да болса тарихи сюжеттер көмескіленбей, сол күйінде қалып қойған.

## Әдебиет

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Москва - Ленинград: Издательство АН СССР, 1950. – Т. 1. – 382 с.
2. Chavannes E. Documents sur les Tou-kiue (Turks) occidentaux // Сборник трудов Орхонской экспедиции. Вып. 6. – СПб., 1903. – Р. 148
3. Taşağıl A. Gök-Türkler. – Ankara: TTK, 1995.
4. Ölmez M. Orhon-Uygur Hanlığı Dönemi Moğolistan'daki Eski Türk Yazıtları. Metin-Çeviri-Sözlük. – Ankara, 2013. – S. 82-83, 129-133, 177-179.
5. Boodberg P.A. The language of the T'opa Wei. HJAS, vol. 1. – Harvard, 1936. – P. 167-185.
6. Гумилев Л. Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967. – 504 с.
7. Kafesoğlu İ. Türk milli kültürü. Boğaziçi yayınları. – İstanbul, 1993. – S. 318; Kurat A.N. Gök Türk Kaganlığı // DTCF Dergisi. X, Ankara 1952. – S. 78.
8. Зуев Ю. А. Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – С. 120-124.
9. Зуев Ю.А. Древнетюркские генеалогические предания как источник по ранней истории тюрков. Автореф. на соиск. учен. степени канд. наук. – Алма-Ата, 1967.
10. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 213 с.
11. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. – Санкт-Петербург: Филологический факультет СПб ГУ, 2005. – 377 с.
12. Haussig H.W. Byzantische Quellen über Mittelasien in Ihrer historischen Aussage. –“Prolgomena to the sources on the history of pre-Islamic Central Asia”, Budapest 1979;
13. Moravcsik G. Byzantinoturcica. II. – Berlin: Akademie-Verlag, 1958.
14. Beckwith Ch.J. The Tibetan empire in Central Asia. – Princeton, 1987. – P. 206-208; Golden P. B. An Introduction to the History of the Turkic Peoples. – Wiesbaden: Otto Harrassowitz, 1992.
15. Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы (Зерттелу тарихынан). – Алматы: Ғылым, 1979. – 117 б.
16. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 213 с.
17. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. – Санкт-Петербург: Филологический факультет СПб ГУ, 2005. – 377 с.
18. Thomsen V. Orhon ve Yenisey yazıtlarının ilk çözümü. İlk Bildiri. Çözümü Orhun yazıtları (Türkçe terc. V. Köken). Ankara 1993.

19. Kafesoğlu İ. Türk Milli Kültürü. Boğaziçi Yayınları. – İstanbul, 1993.
20. Абдурахмонов Ф., Рустамов А. Қадимги туркий тил. – Т.: Ўқитувчи, 1982.
21. Шониёзов К.Ш. Қанғ давлати ва қанғлилар. – Тошкент: Фан, 1990. – 146б.
22. ÔSAWA T. Mongolia No İkhe-Askhete Gazô Meibun No Bungengakuteki Saikentô -2006 / 2007 Nendo No Nachi Mô Godô Chôsa o Tôshite Mita (= The Philological Reconsideration of the İkhe-Askhete Inscription: Based on MongolianJapanese Joint Researches in 2006 and 2007 (=2006 ve 2007 yıllarındaki Moğol-Japon Ortak Araştırmaları kaynak alınarak İhe-Ashete yazıtının filolojik açıdan tekrar gözden geçirilmesi). – Tokyo, 2006-2007.
23. Sertkaya O.F. Altay, Yenisey ve Moğolistan Yazıtları Üzerine Notlar // TEKE, Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi Sayı: 3/3. – Erzurum, 2014. – S. 8-10
24. Huncan Ö. S. Türk Hakanlığı (Karahanlılar). 2. Baskı. – İstanbul, 2007.
25. Узбекско-русский словарь. Свыше 40 000 слов. / под. ред. С.Ф. Акабиров, З.М. Магруфова, А.Т. Ходжаханова, гл. ред. А.К. Боровков. – М: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1959. – 839 с.
26. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около 40 000 слов / Сост. К.К. Юдахин. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской советской энциклопедии, 1985. – 504с., 480 с.
27. Әбілғазы. Түрк шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991. – 22 б.
28. Кызласов Л.Р., Первый Тюркский каганат и его значение для истории Восточной Европы // Историческая археология. Традиции и перспективы. – М., 1998. – С 342-349.

УДК 951.0

Н. Каримова\*

**УСУНИ – ДРЕВНИЕ НАРОДЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ  
(ПО МАТЕРИАЛАМ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ)**

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию сведений китайских источников о местах обитания древних усуней. В статье приводятся сведения ряда китайских источников, описывающих границы владений усуней. Сведения китайских письменных источников о том, что *усуни* обитали на огромной территории Центральной Азии (в западной части Тянь-Шаня, бассейне реки Или, от Тарбагатайских гор до озера Балхаш), подтверждаются многочисленными могильниками *усуней* и памятниками их жизнедеятельности, обнаруженными в ходе археологических раскопок в бассейне рек Или, Чу, Манас, у озера Иссык-Куль и в других местах.

**Ключевые слова:** усуни, китайские источники, Центральная Азия, Или, Чу, Манас, озеро Иссык-Куль.

**USUN - THE ANCIENT PEOPLE OF THE CENTRAL ASIA  
(ON MATERIALS OF THE CHINESE SOURCES)**

**Abstract.** Article is devoted research of data of the Chinese sources about places of dwelling ancient *usun*. In article data of some the Chinese sources describing borders of possession *usun* are resulted. Data of the Chinese written sources that *usun* lived in huge territory of the Central Asia (in western part Tian-Shan, a basin Ili, from Tarbagataj mountains to lake Balkhash), prove to be true numerous burial grounds *usun* and the monuments of their ability to live which have been found out during archeological excavations in pool of the rivers Ili, Chu, Manas, at lake Issyk-Kul and in other places.

**Keywords:** Usun, the Chinese sources, the Central Asia, Ili, Chu, Manas, lake Issyk-Kul.

**УСУНДАР – ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨНЕ ХАЛЫҚТАРЫ  
(ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

**Түйін.** Мақала көне усундардың тұрғылықты жерлерін қытай деректері бойынша зерттеуге арналады. Мақалада усундер иеленген жерлердің шекарасын көрсететін қытай деректеріндегі мәліметтер келтіріледі.

\*Ташкентский государственный институт востоковедения, заведующий кафедрой Политики, истории и экономики Китая, д.и.н., профессор, г. Ташкент, Узбекистан, tulibay@gmail.com



Усундардың Орталық Азия аумағында тұрғанын Іле, Шу, Манас өзендері мен Ыстық көл бассейнінде археологиялық зерттеулер кезінде табылған усун қорғандары мен артефактілері дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** усундар, қытай деректері, Орталық Азия, Іле, Шу, Манас, Ыстық көл.

Вопрос о первоначальных местах обитания *усуней* привлекал и продолжает привлекать внимание китайских историков [1,2,3,4,5,6]. «Ши цзи» («Исторические записки» известного китайского историка Сыма Цяня (145 или ок.135 г. до н.э. – ок. 86 г. до н.э.) и «Ханьшу» (История династии Хань) первыми упоминают о древних *усунях*. Согласно этим источникам, основной район обитания *усуней* в то время – бассейн реки Или.

В «Ханьшу», в разделе «Сиюй\* чжуань» (Повествование о Западных странах) говорится, что «... *усуни* с *даюэчжами* совместно проживают в Дуньхуане» [7, 19]. В разделе «Чжан Цянь‡ чжуань» (Повествование о Чжан Цяне) этого же источника есть строки: «Отец Куньмо§ Наньдоуми и племена *даюэчжей* все жили в Циляни, Дуньхуане» [7, 20]. «Шицзи» в главе «Давань чжуань» (Повествование о Давани) также отмечают, что «... племена *юэчжей* [живут] в районе Дуньхуана и Циляни» [2, 1]. Согласно этим сведениям, первоначальные места обитания *усуней* – Дуньхуан и горы Цилян, расположенные на границах округов Чжанье и Цзюцюань (КНР).

*Даюэчжи* – *юэчжи*, название древнего народа. После нападения на них *хуннов* (177-176 гг. до н.э.) большая их часть переселилась на запад и назвалась «*даюэчжами*», а меньшая часть вошла в Наньшань (сейчас горы Цилян), смешалась с «*цянами*» и назвалась «*сяюэчжи*» [8, 1496].

Здесь, *цяны* – название древнего народа времен Цинь (221-207 гг. до н.э.) и Хань (206 г. до н.э. – 220 г.). Вплоть до эпох Тан (618-907 гг.) и Сун (960-1279 гг.) многочисленные их племена занимались скотоводством. В конце эпохи Восточная Хань часть их переселилась в Китай [8, 1918]. Известный узбекистанский китаевед А.Ходжаев, исследуя этногенез многих центральноазиатских народов, отмечал, что *цяны* – древняя этническая группа, сыгравшая большую роль в развитии не только региональной, но и мировой цивилизации. Племена *цян* оказали влияние на формирование различных этносов в субрегионе Центральной Азии [9, 71].

В древности в Циляни проживали племена *ху* и *жун*, впоследствии вошедшие в состав хуннуского союза. После того, как в 121 г. до н.э. эти земли были отобраны *ханьцами* (*китайцами*), *хунны* (*сюнну*) сложили

\*Сиюй – Западные страны, Западный край, в китайской историографии – территории, лежавшие к западу от Дуньхуана.

‡Чжан Цянь – известный дипломат и путешественник эпохи Хань (?- до 114 г.).

§Куньмо – Куньми, верховный правитель *усуней*.

Рисунок 1 – Выявленные знаки проторунического слогового письма – предка орхонской и енисейской письменностей. Звездочка означает, что облик знака мог быть более архаичным, знак вопроса указывает на то, что знак мог занимать в строке иное место.




Рисунок 2 – Чикская эпитафия Эль-Бажи (Тува, Е 68/1). Верхние вертикальные строки нанесены позднее. Стрелками показан переход фраз с нижней строки на верхнюю. Линовка отражает набор горизонтальных планок. Минусинский музей, инв. № 37. Прорисовка автора.



Рисунок 3 – Енисейская эпитафия Кёжелиг-Хову (Тува, Е 45), нанесенная на две стороны стелы. Линовка воспроизводит грани стержня протографа. По рисунку

Л.Р. Кызласова




Рисунок 4 – Виды древнейших тюркских документов и книг. Дерево, шнур или ремень. Техника письма: резьба или черчение чернилами. Реконструкция автора

УДК 811.902.903.6

Ринчинхоролын МУНХТУЛГА\*

**ЕЩЕ РАЗ О НАДПИСИ НА СЕРЕБРЯНОМ СОСУДЕ  
ИЗ ШОРООН-ДОВА**

**Аннотация.** В 2009 году местный житель обнаружил древний сосуд из серебра, когда он искал древние вещи вблизи подземного мавзолея в Заамарском сомоне Центрального аймака Монголии. Этот мавзолей был построен в память об аристократе по имени Йиту, который являлся вождем племени Пугу во второй половине VII века нашей эры. Серебряный сосуд был задокументирован, и материал о нем был впервые опубликован командой монголо-японского совместного проекта «Письменность-3». Некоторые исследователи уже опубликовали в своей интерпретации надписи мнения, согласно которым транскрипция и перевод первого чтения текста содержат некоторые серьезные ошибки.

В настоящей статье автор представляет свою интерпретацию двух слов в приведенном выше тексте, которые могут радикально отличаться от интерпретаций предыдущих исследователей.

**Транскрипция текста:**

**sibeg edesi (idisi) qıbliḡ enlig bolıḡ a: qutliḡ bolıḡ a**

**Перевод:**

Пусть владелец сосуда будет счастлив и мирен! Пусть он будет благословен!

**Ключевые слова:** древнетюркская руническая надпись, надпись на серебряном сосуде, Шороон Дов

**«ШОРООН-ДОВ» КҮМІС ТОСТАҒАН МӘТІНІ  
ТУРАЛЫ ТАҒЫ БІР ТАЛДАУ**

**Түйін.** Моңғолияның Төв аймағы Заамар сұмыны аумағында 2009 жылы ежелгі жер асты кесенесі топырақ қабатынан көне түрк бітік жазулы күміс ыдыс (тостаған) табылған болатын. Бұл кесене VII ғасырдың екінші жартысындағы Пугу (Бұғы) тайпасының көсемі Йету есімді ақсүйекке арнап салынды.

Күміс тостаған толық құжатталынып алғаш рет моңғол-жапон бірлескен «Inscription-3» жобасы тобы тарапынан жарияланды.

\* Археолог, Институт истории и археологии Академии Наук Монголии



Зерттеушілер мәтіннің бірінші оқылымының транскрипциясы мен аудармасында елеулі қателіктер бар деген пікір ұсыныстарын жариялап келеді.

Бұл мақалада автор аталмыш мәтіндегі екі сөздің этносемантикалық мән-жосығын талдап, өзінің оқылымын ұсынады.

**Мәтін транскрипциясы:**

**sibeg edesi (idisi) qıblıy enlig bolıñ a: qutlıy bolıñ a**

**Аудармасы:** Тостаған («саба») иесі тыныштықта бақытты болсын! Құтты болсын!

**Кілт сөздер:** көне түрк жазуы, күміс тостағандағы жазу, Шороон Дов.

### THE INSCRIPTION OF THE SILVER VESSEL FROM SHOROON DOV RECONSIDERED

**Abstract.** In 2009, a silver vessel with Runic inscription was found in the earth ditch of an ancient underground mausoleum in Zaamar soum, Tuv aimag, Central Mongolia. This mausoleum was built in memory of an aristocrat named Yıtu, who was a chief of the Pugu tribe in the second half of the 7<sup>th</sup> century AD.

The silver vessel has been documented and first published by a team of the Mongolian-Japanese joint project “Inscription-3”.

Some researchers have already mentioned in their reinterpretation of the inscription that the transcription and translation of the first reading of the text have some serious mistakes.

In this article, the author presents his interpretation of two words in the above text which can radically differ from those of the former researchers.

**Transcription of the text**

**sibeg edesi (idisi) qıblıy enlig bolıñ a: qutlıy bolıñ a**

**Translation**

Let the owner of the vessel be happy and peaceful! Let he be blessed!

**Key words:** Ancient Turkic runic inscription, inscription on a silver vessel, Shoron Dov

В 2009 году местный житель обнаружил древний сосуд из серебра, когда он искал древние вещи вблизи подземного мавзолея в Заамар сомоне Центрального аймака Монголии. Серебряный сосуд был обнаружен металлоискателем, когда грабитель копал в земном канаве мавзолея Шороон Дов. [1, 140]. Этот мавзолей был построен в честь вождя племени Пугу в 678 г. н.э. [2, 22, 28].

В 2010 году, пытаясь продать серебряный сосуд, грабитель показал его членам команды монголо-японского совместного проекта «Письменность-3». Они сфотографировали и описали сосуд, а затем опубликовали этот матери-

ал. Таким образом, серебряный сосуд с рунической надписью на дне, впервые стал достоянием научной общественности.

Профессор Т. Осава и его коллеги прочитали руническую надпись следующим образом:

**Транслитерация текста**

“Q W T L G B W L η a : S a b g d s Y : Q i B L G n l g B L η a”

**Транскрипция**

“Qutluγ boluη a! Säbigdäš ay! Qïbliγ enlig boluη a!” [1, 141].

**Перевод на английском**

“Ah may you enjoy divine favour! Ah (our ancestor) Säbigdäš! May you enjoy divine goodwill and protection!” [1, 143].

Также они заключили “Judging from these sentences, this vessel or inscription can be used when their descendant held a ceremony to pray for the repose of their ancestors. In consideration of the age when the ancient Turkic Runic inscription was established, it is thought that the context of this inscription was written after the latter half of the 8<sup>th</sup> century by his descendant in order to pray for souls of the dead those who stem from the Pugu tribe after 100 years or more passed since he had died.” (“При рассмотрении этих предложений, данный сосуд или надпись может быть употреблен в церемонии, в рамках которой они провели молитву для упокоения их предков. Если рассматривать период создания древнетюркского рунического письма, можно полагать, что после последней половины 8-го века контекст этой надписи был написан потомками покойника, который был Пугуского происхождения, для того, чтобы помолиться за его душу через 100 или более лет после его смерти.) [1, 143].

После вышеупомянутой публикации монгольский исследователь Г. Батболд впервые предложил, чтобы слово sbg (gbs) или первая часть слова «Säbigdäš» чтения Т.Осава должно быть прочитано как «sibäg», и это не личная имя, а тюркский титул, который происходит от согдийского «sabag». По его мнению, титул «sibäg» также был написан как си-фу (思富 si fu) в китайском тексте Шороон Довской эпитафии, которая была найдена при раскопках в подземном мавзолее. [3, 278-279; 4, 43-53; 5, 110-114; 2, 141-168].

Профессор Ц. Баттулга отмечает несколько серьезных ошибок в прочтении Т. Осава и его команды. Например, в их копии оригинального текста Т. Осава и его коллеги не записывали букву i (ᠢ) слова sibg (ᠰᠢᠪᠭ), но в их транслитерации эта написана как буква a (ᠠ). Соответственно, они неправильно написали sibg (ᠰᠢᠪᠭ), первое слово текста, как «S a b g». Они также идентифицировали букву i (ᠢ) в конце слова dsi (ᠳᠰᠢ) как символ Y (ᠶ). Другими словами, они прочитали первые два слова sibg (ᠰᠢᠪᠭ) и dsi (ᠳᠰᠢ) как личное имя «Säbigdäš ay» из-за ошибочной копии. [6, 43; 7, 415-417; 8, 115-117].

Кроме того, Ц. Баттулга упоминал, что текст должен начинаться со слова *sibg* (𐰽𐰺𐰍), но не со слова «*qutluγ*», как про читали Т. Осава и его команда. Ц. Баттулга дал и разные объяснения словам «*qıblıy*» и «*änlig*» в тексте. [7, 415-418; 8, 115-119]

Профессор Ц. Баттулга прочитал надпись на серебряном сосуде следующим образом:

#### Транслитерация текста

𐰽𐰺𐰍 : 𐰽𐰺 : 𐰽𐰺𐰍 : 𐰽𐰺 : 𐰽𐰺𐰍 : 𐰽𐰺𐰍 : 𐰽𐰺𐰍 [8, 116].

#### Транскрипция

*sibäg ädsi (idsi) qıblıy änlig bolıḡa: qutluγ bolıḡa* [7, 416; 8, 116]

#### Перевод

*Sibeg Edsi / Idsi, wish you happiness and peace! Wish you blessedness!* (Сибег Эдси / Идси, желаю вам счастья и мира! Желаю вам блаженства!) [8, 116]

Согласившись с предположением Ц. Батболда, что слово «*sibäg*» в рунической надписи на дне серебряного сосуда, скорее всего, является титулом сифу (思匍 *si fu*) в китайской надписи мавзолея, профессор Ц. Баттулга написал «both the Chinese and Turkic inscriptions confirm that the two different written sources are dedicated to one person» («как китайские, так и тюркские надписи подтверждают, что эти два разных письменных источника посвящены одному человеку»). [7, 416; 8, 117]

Он пришел к выводу, что «*ädsi*» (*idsi*) в рунической надписи может быть личным именем И-ту (乙突 *yı tu*), о котором упоминалось в китайской надписи, и это имя покойника, которому был посвящен серебряный сосуд. [7, 417; 8, 117]

Я полностью согласен с мнением профессора Ц. Баттулга о том, что текст начинается со слова *sibg* (𐰽𐰺𐰍). Однако следует отметить, что в его транслитерации он не записывал букву *i* (𐰽) слова *QıBLG* (𐰽𐰺𐰍). [7, 415; 8, 116]

Тем не менее, я согласен с некоторыми частями его чтения, помимо первых двух слов *sibg* (𐰽𐰺𐰍) и *dsi* (𐰽𐰺).

#### Транскрипция текста

*sibeg edesi (idisi) qıblıy enlig bolıḡ a: qutlıy bolıḡ a*

#### Перевод

Пусть владелец сосуда будет счастлив и мирен! Пусть он будет блажен!

**edesi (idisi).** Это слово является ключевым для правильного понимания предложения. Следует отметить, что нет возможности восстановить фонетически слово И-ту (乙突 *yı tu*), китайская транскрипция личного имени как *edesi (idisi)*. «-*si*» или «-*i*», который написан в конце этого слова, несомненно, является третьим личным притяжательным суффиксом древнетюркского языка [9, 163-164, 224, 382].

По форме слово «*edesi*» (*ädäs* или *idis* без притяжательного суффикса) похоже на «*idiš*», что означает «питьевая чаша (*qadah*)». Среди Ягма, Тухси, Емеков, Огузов и Аргу это слово означает «любой вид горшка или сосуда (*qidr, tawr, inā'*)» [10, 104; 11, 61]. Это также случается во многих источниках древнетюркского языка [12, 203; 13, 270]. Таким образом, слова могут быть прочитаны как «*sibeg idisi*» или «сосуд сибег». Но семантически «*idiš*» или «чаша для питья, сосуд» не подходит для молитвенных текстов. Потому что трудно сказать, что среди древних тюркоязычных народов Центральной Азии действительно существовала традиция молиться на какую-либо посуду, хотя они были именно анимистами.

На самом деле «*edesi*» (*idisi*) является словом «*ede*» или «*idi*» с притяжательным суффиксом 3-го лица единственного числа, которое означает «хозяин, владелец» и было широко употребляемым в тюркоязычном мире до 13 века. Даже письм. монгольское «*eje*» или «*ejen*», которое также означает «хозяин, владелец», является вариантом этого слова [13, 41; 14, 6].

**sibeg.** Можно только предположить, что это слово означает «сосуд», потому что надпись написана на сосуде, и есть предложения, содержащие молитвенное обращение к владельцу чего-то в надписи. Надо упомянуть, что я не мог найти этого слова в источниках древнетюркского языка.

В монгольском языке есть парные слова «*ауауајин сибегјин*». Этимология «*sibegјин*» до сих пор не ясна. В словарях монгольского языка это слово объясняется как «служитель, раб» [15, 1160] и «*femme (sens méprisant)*» («женщина (презрительное значение)») [16, 624]. Во всяком случае слово «*sibegјин*» употреблялось для указания на слугу.

Мы также можем найти более позднюю форму данного слова в других словарях следующим образом:

«**СЭВЭГ** корзинка, плетеное изделие, плетенка разг.» [17, 372]

«**СЭВЭГ:** *sebeg* 1) сундукообразная корзинка, плетеное изделие, плетенка; **ачмаг сэвэг** плетеное корзина в виде сундука; **сэнжит сэвэг** корзина с дужкой; **тэлир сэвэг** плетеная кормушка; **хулсан сэвэг** бамбуковая корзина; **камышовая корзина;**» [18, 151]

Тюркский вариант «*ауауаји*» и письм. монгольское «*ауауајин*» или «чашеноситель, слуга» происходят из одного и того же корня «*ауауа*» - «чашка» [12, 27; 13, 271]. Поэтому, как и большинство парных слов алтайских языков, значение «*sibeg*» может быть похоже на значение «*ауауа*» или «чашка, чаша». Другими словами, древнетюркский «*sibeg*» является синонимом «чашки, чаши» или любых других слов, связанных с сосудом. Видимо, что письменно монгольское «*saba*», т.е. «сосуд» очень близко к нашему «*sibeg*».

Итак, мы сможем сделать выводы, что все интерпретация слов показывают следующее:

В надписи на дне серебряного сосуда из Шороон Дова нет ни одного личного имени.

Текст надписи сосуда является только предложениями, содержащие молитвенное обращение к неизвестному владельцу данного сосуда. Таким образом, «владелец» этого серебряного сосуда остается пока неизвестным.

Текст надписи на серебряном сосуде не может быть напрямую связан с китайским текстом эпитафии, которая была обнаружена из внутри подземной мавзолея Шороон Дов.

### Литература

1. Осава Т., Сүзүки К., Лхүндэв Г. Заамарын Шороон Довоос олдсон мөнгөн сав дээрх руни бичээс. // *Studia Archaeologica*. Tom. XXX, Fasc. 8. Уб.: 139-145
2. Батболд Г. Мартагдсан Пүгү аймаг (Дундад эртний Төв Азийн нүүдэлчдийн түүх, археологийн судалгааны асуудалд). -Уб., 2017.-244.
3. 巴图。突厥，回鹘“娑匐”词是否名号？ // 吐鲁番与丝绸之路经济带高峰论坛暨第五届吐鲁番学国际学术研讨会。论文集。吐鲁番。:278-279
4. Батболд Г. Түрэг, Уйгурын сэбиг хэмээх нэгэн улс төрийн цолны тухай. // *Young Mongolist*. Vol. 3. Орчин үеийн Монголын хэл, түүх, соёлын судалгаа. Fasc. 5. Уб.: 35-55.
5. 巴图宝力道，奥特功。突厥，回鹘文中的“娑匐Säbig”一词考释。// 《草原文物》2015年第2期。110-114
6. Баттулга Ц. Мөнгөн савны ёроолын бичээсийг нягтлах нь // “Монгол сурвалж бичгийн судлал” олон улсын эрдэм шинжилгээний бага хурал. -Уб.: 42-44
7. Баттулга Ц. Мөнгөн савны ёроолын бичээсийг нягтлах нь. // *Studia Archaeologica*. Tom. XXXV, Fasc. 27. Уб.: 414-420
8. Battulga Ts. Moğolistan'da bulunan gümüş tas tabanındaki yazıt / Inscription on the bottom of a silver cup found from Mongolia. - Moğolistan'daki Türk Ayak İzleri / *Turkic Footprints in Mongolia*. Ulaanbaatar, 2016,114-120
9. Erdal M. *A Grammar of Old Turkic*. Leiden, 2004.
10. Mahmūd al-Kāšgarī. *Compendium of Turkic Dialects (Dīwān Luḡāt at-Turk)*. Edited and translated with introduction and indices by R.Dankoff and J.Kelly. Part I. Harvard, 1982
11. *Divanü Lûgat-it-Türk. Tercümesi*. Cilt I. // *Türk Dil Kurumu Yayınları*. 4. Ankara, 1998.
12. Древнетюркский словарь. -Л., 1969.
13. Clauson Sir G. *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish*. Oxford, 1972.



14. Дыбо А. Семантическая реконструкция в алтайских этимологии. - М., 1996.
15. Цэвэл Я. Монгол хэлний товч тайлбар толь. -Уб., 2013.
16. Mostaert A. Dictionnaire Ordos. Ordos Mongyol kelen-ü toli bičig. Sonom baγulγan orčiyulba. 2009.
17. Монгольско-Русский словарь. - М., 1957.
18. Большой академический Монгольско-Русский словарь. Том III. Θ-Ф. -М., 2001.

ӘОЖ 811.517.1:725.94

Ғалия ҚАМБАРБЕКОВА\*, Қуанышбек ҚАРИ\*\*

**«ЛУҒАТ-И ТУРКИ» – ҮНДІСТАНДАҒЫ ТҮРКТЕРДІҢ ТІЛІ  
МЕН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ**

**Түйін.** Мақалада Хайдарабад (Үндістан) қаласындағы Салар-и джанг музей және кітапханасының қорында сақталған «Луғат-и турки» атты түркше-парсыша сөздігінің маңыздылығы әңгіме болды. Бұрындары ғылыми ортаға белгісіз болып келген отандық ғалымдар тарапынан әлі зерттелмеген. Бұл сөздіктің жалғыз қолжазба нұсқасы сақталған. Мақалада осы «Луғат-и турки» түркше-парсыша сөздігінің қолжазбасымен тікелей жұмыс жасау арқылы сөздіктің құрылымы, мазмұны мен құндылығы жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар, бұл сөздікті зерттеу арқылы Үндістанда өмір сүрген түркілердің тілі мен тарихына талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** сөздік, түрк сөздігі, қолжазба, тарих, тіл, этноним, Үндістан

**«ЛУГАТ-И ТУРКИ» КАК ИСТОЧНИК ПО ИЗУЧЕНИЮ ЯЗЫКА  
И ИСТОРИИ ТЮРКОВ В ИНДИИ**

**Аннотация.** В этой статье рассматривается важность тюрко-персидского словаря «Лугат-и турки», который храниться в фонде библиотеки и музея Салар-и джанг города Хайдарабад, Индия. Ранее не известная рукопись этого словаря не был изучен отечественными учеными. Словарь сохранился в единственном списке. Во время работы с рукописью словаря рассматривается структура, содержание и важность тюркско-персидского словаря «Лугат-и турки». Кроме того, путем исследования этого словаря проводили анализ истории и языке тюрков проживавших в Индии.

**Ключевые слова:** словарь, тюркский словарь, рукопись, история, язык, этноним, Индия

**“LUGAT-I TURKI” AS A LANGUAGE AND HISTORICAL  
RESEARCH SOURCE OF THE TURKS IN INDIA**

**Abstract:** This article discusse about the importance of the Turkish-Persian Dictionary “Lugat-i Turki”, which is preserved in the library and Museum Salar Jung in Hyderabad, India. Previously unknown manuscript of the dictionary

\* Филология ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты / Қазақстан, kazalem@mail.ru

\*\* Парсы тілі мен әдебиетінің магистрі / Қазақстан, kuanbek@gmail.com

has not been studied by domestic scientists. Only one manuscript of dictionary is preserved. In this article we describe the structure, contents of the dictionary and also emphasize the importance of Turkish-Persian dictionary “Lugat-i Turki” by working with the manuscript of “Lugat-i Turki” In addition, by studying the dictionary we also analyzed the history and language of the Turks who living in India.

**Key words:** dictionary, dictionary of Turkish language, manuscript, history, language, ethnonym, India

**Негізгі бөлім.** Ортағасырларда түрк тілі араб және парсы тілдерімен бірге біртұтас ислам мәдениеті мен тілінің бөлінбес бөлшегіне айналғаны тарих беттеріне белгілі. Бұл сөздерімізге дәлел ретінде ортағасырларда түрк тілдерінде жазылған жазбаша мұраларды атап көрсетуге болады. Атап айтқанда, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігі», Махмұт Қашғаридың «Түрк сөздігі», Қожа Ахмет Йасауидің «Даналық кітабыт», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» және тағы басқа еңбектер. Мұндай үлкен шығармалардың жазылуы, халық арасына кең таралуы көптеген елдердің түрк тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырғаны белгілі. Соның бір дәлелі ретінде 1245-жылы жазылған «Китаб маджму тарджуман турки ва аджами уа мугули уа фарси (*Kitāb Majmū‘ tarjumān Turkī wa-‘Ajamī wa-Mughalī wa-Fārsī*) болса [1, 135-141), екіншісі Махмұт Қашғаридың «Түрк сөздігі» болып табылады [2]. Бұдан басқа түрк тілін үйретуге арналған ондаған ортағасырлық еңбектермен қатар түрк сөздіктері бар. Алайда, олардың біршамасы аты белгілі болғанымен, әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген шығармалардың қатарына жатады. Сондай еңбектің бірі – «Луғат-и түрки» түркше-парсыша сөздігі. Бұл сөздік яғни, «Луғат-и түрки» сөздігі Махмұт Қашғаридың «Түрк сөздігінен» бөлек шығарма екендігін астын сызып көрсету қажет. Тілге тиек етіп отырған сөздік түркше-парсыша сөздік, ал Махмұт Қашғаридың түрк тілінің сөздігі. Мақаламызға негіз болған түркше-парсыша сөздік – Үндістан жерінде тұратын түрк халықтары ана тілін ұмытпасын деген мақсатта арнайы жазылған сөздік. 2013-жылы «Халық – тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Үндістан еліне жасаған ғылыми экспедиция барысында Үндістанның бірнеше қалаларындағы кітапхана қорларында болып, бірнеше түрк тілінің сөздіктері сақталғандығына көз жеткіздік. Атап айтқанда, Үндістанның оңтүстігіндегі Андхра Прадеш штатының орталығы Хайдарабад қаласындағы Салар-и джанг (Salar Jung) музей және кітапханасының қорында (Ashraf 1974) [3], Үндістанның Бихар штатының орталығы Патна қаласындағы Худа-Бахш атындағы шығыс қолжазбалары кітапханасы қорында (Khoda Baksh Oriental Public Library) [4] сақталған (Siddiqi, Ahmad 2010) [5], Уттар-Прадеш штатында орналасқан

Рампур қаласындағы Раза кітапханасының (Raza Rampur Library) қорында бірнеше «Луғат-и түрки» сөздігінің қолжазбалары сақталғандығы анықталды [5, 346-358]. Нәтижеде Үндістан елінде бірнеше «Түрк сөздігінің» қолжазбасы сақталғандығын және осы сөздіктердің отандық ғалымдардың тарапынан арнайы зерттелмегендігіне көз жеткіздік. Сондықтан Үндістан елінде сақталған түркітілдестерге арнап жазылған түрк сөздіктерін жинау және оларды зерттеу маңызды деп таптық. Осы бағытта зерттеу ұмысымызды жалғастыра отырып, «Луғат-и түрки» түркше-парсыша сөздіктері туралы мынадай нақты мәлімет жинадық.

Хайдарабаттағы Салар-и джанг музей және кітапханасында бірнеше түрк сөздігі сақталған. Сөздіктердің барлығы «Луғат-и турки», яғни «Түрк сөздігі» деп аталмайды. Әдетте, «Амадан-и турки», «Лалча-йи турки», «Луғат», «Китаб-и фурс» және «Луғат-и турки» деп аталады. Көріп тұрғанымыздай түрк сөздіктері түрлі атпен аталады және зерттеушіні шатастыратын жағдайлар да кездеседі. Бірақ барлық сөздіктердің көздеген мақсаты Үндістан жеріндегі түркітілдестерге парсы тілінде түрк сөздігін ұсыну болып табылады. Олардың ішінде ең көнесі 1002/1594 жылы жазылған «Луғат» деп аталатын түркше-парсыша сөздік. Алайда бұл сөздік араб тілінде түсіндіріледі. Сөздікті құрастырушы – Мырза Бек. Бұл үлкен шығарманың 40 парағы ғана сақталған. Жазуы өте күрделі және лас насталиқ. Зерттеу барысында көз жеткізген бір жай – түрк сөздіктері үлкен шығармалардың артында, ортасында кездесетін жағдайлар да ұшырасады. Оған Салар-и джанг кітапханасында 4472 шифрымен сақталған «Диуан-и Хафиз» қолжазбасы толықтай мысал бола алады (L.T.7 асс: 4298). Бұл қолжазба 293 парақтан тұрады. Парсы ақыны Хафиздың ғазалдар жинағы Әмір Темірдің төртінші ұлы Сұлтан Шахрухқа арнап жазылған екен. Алайда, Хафиздың ғазалдар жинағының соңғы парақтары, яғни 274-293 аралығы түрк сөздігіне арналған. Әрине, бұл шағын ғана түрк сөздігі кейінгі ғасырларда қайта көшірілген кезде арнайы қосылған болуы әбден мүмкін. Бірақ, қолжазба алғаш жазылған XVI ғасырдың өзінде-ақ Хафиздың ғазалымен бірге жазылған болуы да мүмкін. Бір қызығы бұл қолжазбаның ішінде ешкім де түрк сөздігі бар деп ойламайды. Себебі қолжазбаның нақты аты «Диуан-и Хафиз» деп көрсетілген. Бірақ қолжазбамен жұмыс істегенде, оның әрбір парағын парақтап көру, оқып шығу маңызды. Мұқият қарап шығудың арқасында осындай сөздіктің танымал шығармамен бірге түптелгеніне куә болдық.

2- Патна қаласындағы (Үндістанның солтүстік-батысында орналасқан Бихар штатының орталығы) Худа-Бахш атындағы шығыс қолжазбалары кітапханасының қорында (Khoda Baksh Oriental Public Library) бірнеше түрк сөздіктері сақталған. Бұл кітапхананың қолжазбалар қорында 20000

астам қолжазба бар. Соның негізгі бөлігі парсы тілінде жазылған және сол қолжазбалардың ішінде шамамен 50 жуық түрк тілінде жазылған қолжазбалар кездеседі. Түрк тіліндегі қолжазбалар негізінен түрк тілінің грамматикасы, түрк тіліндегі фикх және түркше-парсыша сөздікпен қатар түрк тіліндегі поэзия, қысқа хикаялар болып келеді. Аталмыш кітапханадағы түрк тіліндегі қолжазбалардың сақталуы нашар. Елуге жуық түрк тіліндегі қолжазбалардың ішіндегі үшеуі түрк сөздігіне арналған шығармалар. Олар: 1. «Луғат-и турки» шифр: 793 (Түрк сөздігі) деп аталады. Худа-Бахш шығыс қолжазбалар кітапханасының қорында сақталған түрк сөздіктері мен Салар-и джанг кітапхана қорында сақталған түрк сөздіктері бір-біріне ұқсас келеді. Патнадағы сөздік 92 парақтан тұрады, жазуы үнді насталиғы. Сөздікті құрастырған – Фазлаллах-хан деп көрсетілген. Сөздіктің қай кезде жазылғаны белгісіз, Худа-Бахш кітапханасының қолжазбалар каталогын құрастырушылар XIX ғасыр деп көрсеткен. Бірақ маңыздысы бұл сөздік 1240/1825 жылы Калькуттада Әбдурахим-хан деген ғалымның атсалысуымен литографиялық баспадан жарық көрген. Сөздіктің басылып шығуына әсер еткен белгілі ағылшын шығыстанушы ғалымы Уиллиам Оуслей (William Ouseley, 1767-1842). Бірнеше шығыс тілдерін жақсы білген Оуслей, Әбдурахим-ханға түрк сөздігімен жақсылап жұмыс істеп, кейбір жерлерін шамалы бейімдеп жүйеге түсіріп жарыққа шығаруын қатты тапсырған екен [6, 50]. 2. «Рисала-ий турки» (Түрк тіліндегі шығарма) деп аталады, шифры: 3296. Парақ саны – 63. Бұл қолжазба екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі түрк тіліндегі аңыз, екінші бөлігі түрк сөздігі «Луғат-и турки» деп аталады. Бірінші бөлімдегі түрк тіліндегі аңызды танымал ортаазиялық сопы Қожа Абдолла Ахрардың тікелей ұрпағы Қожа Амир хатқа түсірген. Яғни, ел аузындағы аңызды жүйеге келтірген. Бірақ осы аңызды хатқа түсіруге сол кезде өмір сүрген Мырза Мұхаммад Хасан Қабыл атты ақын және лингвист ғалым көмектескен. Қолжазбаны әдемі жазуымен қайта көшірген Ғопал Лал. Хатқа түскен кезі шамамен XIX ғасырдың басы. Екінші шығарма түрк сөздігі. Бұл сөздік те түркше-парсыша сөздік болып табылады. Сөздікті құрастырған адам Ахмад шах (1725-1775) пен Аламгир II (1699-1759) шахтардың уәзірі қызметін атқарған Наваб-ул-Мулк деп атап көрсетілген [6, 167]. Бұл кез шамамен XVIII ғасырға тура келеді. Үшінші сөздік – «Луғат-и турки» деп аталатын 84 парақтан тұратын түркше-парсыша сөздік. Шығарманың басы жоғалған, толық емес. Аталмыш сөздіктерге жай ғана сөздік деп қарасақ қателесеміз. Себебі сөздіктің ішінде түрк халықтарына қатысты этнонимдер мен тарихи есімдер кездесіп отырады. Атап айтқанда аталмыш қолжазбаның 61 парағында «ф» әрпінен басталатын сөздердің арасында «қыпшақ» сөзіне түсінік берілген. «Қыпшақ» - түрктерді қыпшақтар деп атайды және сондай-ақ қыпшақтарды «хифжақийан» деп те атайды деп жазылған. Ал, «қ» әрпінен



басталатын сөздердің ішінде «қазақ» сөзіне былай деп түсінік берген: қазақ деп алыстан келе жатқан адамды яғни жолаушыны көруге арналған қарауылды, нысананы атайды. Сондай-ақ қазақ деп қарақшыны, ұрыны да атайды [7, 169]. Көріп тұрғанымыздай, Патнадағы Худа-Бахш шығыс қолжазбалары кітапханасының қорында кемінде үш түрк сөздігі сақталған. Әр қолжазбаның тағдыры мен жазылу тарихын ескергенде бұл сөздіктерді зерттеу арқылы көптеген маңызды мәліметтерге қол жеткізетініміз анық. Сонымен қатар сөздіктер жазылған кездегі Үндістанда өмір сүрген түркілдес халықтардың тілдік қоры мен сөйлеу мәдениетімен жақынырақ танысатын боламыз. Үндістандағы түрк тіліндегі қолжазбалардың тарихы мен зерттелуі тірәлі өзбекстандық Орталық Азия халықтарының музыка өнерін зерттеуші ғалым Дилярам Караматтың жазған ғылыми мақаласы бар. Бұл мақала Патнадағы Худа-Бахш шығыс қолжазбалары кітапханасының ғылыми журналында [6, 115-120] жарық көрген. Д. Караматтың мақаласы Үндістандағы кітапхана қорларына арнайы барып, қолжазбаларды өз көзімен көріп, анықтап барып жазғандығымен құнды. Осы ретте Үндістан жерінде сақталған түрк тіліндегі қолжазбаларды зерттеу жұмысы, атап айтқанда түрк сөздіктерін зерттеу маңызды әрі уақыт күтгірмейтін жұмыстардың екендігін атап көрсете аламыз.

3. Уттар-Прадеш штатында орналасқан Рампур қаласындағы дүниедегі ең үлкен кітапханалардың бірі болып саналатын Раза кітапханасының қолжазба қорында 12000 жуық мұсылман қолжазбалары сақталған. Олардың 5194 араб тілінде, 3304 данасы парсы тілінде, 2392 данасы урду тілінде, 46 данасы түрк тілінде, 37 данасы пушту тілінде [8, 6]. Түрк тіліндегі 46 қолжазбаның ішінде «Бабыр-нама» және Бабырдың өлеңдері жинағы да бар екендігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар түрк тілінде жазылған фикх, діни дастандар, поэмалардың ішіндегі жеті қолжазба түрк сөздіктеріне арналған. Түрк сөздіктерінің аттары бір атпен аталмайды. Атап айтқанда, «Рисала-йи турки», «Фарханг-и турки», «Диуан-и турки», «Китаб-и турки», «Рисала-йи луғат-и турки» деп аталады. Бұл сөздіктердің сақталуы нашар және әрқайсысының парақтар саны 10 парақтан 60 параққа дейін. Осы жеті сөздіктің бірінің басы, аяғы, бірінің ортасы, енді бірінің соңы түскен, беттері жоғалған, жыртылған қолжазбаларға жатады. Бұл жағдайды сөздіктің үлкен қолданыста болған, жиі қолданысқа түскен деп шамалауға болады. Екіншіден, жалпы қолжазбаларды сақтауға деген немқұрайдылық байқалады.

Ендігі кезекте біздің зерттеу жұмысымызға негіз болған «Луғат-и турки» түркше-парсыша сөздігіне жан-жақты тоқталамыз. Салар-и джанг кітапханасында сақталған бұл қолжазба осы уақытқа дейін аты аталған қолжазбалардың ішіндегі ең көнесі болып табылмайды. Алайда, беттер саны шамамен толықтай сақталған және жазуы мен сақталуы салыстырмалы түрде

мұқият жазылған әрі жақсы сақталған қолжазба. Хайдарабат қаласындағы Салар-и жанг кітапхана және музейінде сақталған «Луғат-и турки» сөздігінің парақтар саны – 243, ал беттер саны – 486. Бет өлшемі: 13,4x5,8 см, жазуы әдемі үнді насталиғы. Мұқабасы қатты картоннан жасалған және бұл мұқабасы қайта жасалған мұқаба. Каталогқа енген ғылыми сипаттамасында: «Белгісіз автордың түрк сөздігі парсы тіліндегі эквивалеттерімен бірге берілген, қайта көшірілген кезі х.қ. жыл санағы бойынша 12 ғасырдың басы» (XIX) деген қысқаша мәлімет бар. Бірақ, біздің ойымызша қолжазба XIX ғасырдың басында қайта көшірілген, алайда сөздіктің өзі ортағасырларда, яғни шамамен Шах Жаханның билігі тұсында жазылған. Себебі Рампур, Патна қалаларындағы кітапхана қорларында сақталған өзге де түрк сөздіктері ортағасырларда (XVI-XII ғғ.) жазыла бастаған. Тура ортағасырларда, яғни моғолдар билікке келген тұстан бастап түрк тіліндегі сөздіктерді жазу үрдіске айналғандығын ескере отырып, сөздіктің өзі ертеректе жазылып, кейінірек қолжазбаның бүліне, тоза бастауына байланысты мәтін XIX ғасырдың басында қайта көшірілген деп есептейміз. Әдетте ерте ортағасырларда жазылған қолжазбаның бүлінбей біздің заманымызға жетуі өте сирек кездеседі. Қолжазбаларды жаза білген шығыс халқы, оны қалай сақтау керектігін, өмірін қалай ұзартуға болатындығын да жақсы білген. Сондықтан әрбір ғасырда, кейде екі ғасырда бір рет жақсы көшіре алатын мықты маманға қолжазбаны қайта көшіртіп отырған. Осылайша қолжазбалардың көбісі біздің заманымызға бүлінбей жеткен. Оның үстіне Үндістан елінің ылғалдылығы өте жоғары елге жататындығын ескерген мамандар бұл істі жиірек жасайтын болған. Себебі қолжазбаның ең үлкен дұшпандарының бірі – күн сәулесі, екіншісі – ылғалдық (су). Екіншіден, бұл сөздік мұқият көшірілгенін ескере отырып, арнайы тапсырыспен қайта көшірілуі мүмкін деп болжамдаймыз. Үшіншіден, Үндістан жерінде түрк тілдес тайпалар ертеректен бері өмір сүріп келе жатқандығы мен олардың шыққан жері Орталық Азия болғандығы ешкімге кұпия емес. Үндістанда моғолдар билікке келген 1526-жылдан бастап түрк тілінде қолжазбалар арнайы тапсырыстармен жазыла бастаған. Әрине, түрктілдес халықтардың Үндістанға келуінің тарихы бұдан бұрынғы ғасырлардан басталады. Бірақ моғолдардың келуімен парсы тілі – сарай тіліне айналса, ал түрк тілі сарайдағы адамдардың екінші тілі, яғни бейресми тілі болған. Сондықтан өз тілдерін біржолата ұмытпау мақсатында түрк тілінің парсы тілінде жазылған сөздігін, грамматикасын жаздырту ісі қолға алынған. Себебі осы сөздіктерді құрастырушы белгісіз автор (бұл сөздік Хайдарабатта сақталған) сөздікті құрастырудағы мақсатын былай деп түсіндіреді: «Үндістан жерінде тұратын түрк тілдес тайпалардың өз ана тілін ұмытпасын деген мақсатта, әрі руларының атын ұмытпай жүрсін деген оймен осы сөздікті құрастырдым». (Хайдарабат, шифр: 84) Бұл анықтамада

берілген сөздік жазудағы басты мақсат барлық түрк сөздіктеріне қатысты деп айтуға болады. Себебі сарай тілі болып саналған парсы тілінде барлық адамдар сөйлемеген. Парсы тілінде саяси элита мен зиялы қауым өкілдері сөйлеген. Ал, бірақ көпшілік бұқара халықтың ана тілі хинди тілі (белгілі бір топ адамның тілі – түрк тілі) болғандығы белгілі. Бірақ уақыт өзінікін істетпей қоймайды. XIX ғасырда ағылшын отарлаушыларының Үндістан түбегін біржолата бағындыруымен осы елде ерекше орынға ие болған парсы тілін ағылшын тілі шетке ысырып шығарады. Міне, сол кезден бері Үндістанда өмір сүретін бұл түрктілдес халықтардың тағдырынан ешбір мәлімет жоқ. Парсы тілі Үндістанда ресми биліктің тілі болып тұрған кезде түрк тілі өзін жоғалтпайды. Өйткені түрктілдес жергілікті халық түрк тілін сақтап қалу үшін арнайы оқулықтар жазып, сөздіктер жазғанын осы «Луғат-и түрки» секілді қолжазбаларға қарап аңғарамыз. Алайда ағылшын тілі Үндістанның ресми тіліне айналғалы бері түрк тілі өзін жоғалтты деуге болады. Бұл дегеніміз, XIX ғасырдың басына дейін Үндістандағы түрктілдес халықтар ана тілдерінде сөйлеуге тырысқан дегенді аңғартады. Тиісінше ортағасырларда түрк сөздіктері үлкен сұранысқа ие болған деп айта аламыз. Бірақ, бүгінгі таңда түрк тілінде жазылған шығармалар қолжазба күйінде сақталғанымен, арнайы зерттелмегендігіне қарап бұл тілге деген ешқандай сұраныстың жоқтығын байқаймыз.

Енді «Луғат-и турки» шығармасының ішкі мазмұнына келетін болсақ, қолжазбаның алғашқы үш немесе төрт беті жоғалған. Ол беттерде құрастырушының алғысөзі болған. Алғысөздің соңғы беті сақталған және сол жалғыз бетте сөздікке енген сөздердің үсті мен астына не үшін белгі қойғандығы түсіндірілген. Құрастырушы белгілерді дұрыс оқуға жәрдемдеседі деген ниетпен қойып отырған. Белгілер ә, е, и, і, ы, ұ, у, ү әріптерін дыбыстау үшін қойылған. Бұл белгілер қара түспен жазылған сөздердің үстіне қызыл түсті сиямен белгіленген. Мұндай әдісті осы сөздікті оқуды жеңілдету үшін қойған. Сөздіктің құрылымы әліппе тәртібіне негізделіп құрастырылған. Ал сөздіктің жазылу тәртібіне келетін болсақ құрастырушы алдымен қара түсті сиямен ірі етіп түркше сөздерді жазып отырған. Ал, әрбір сөздің астына қызыл сиямен сәл кішірек әріптермен парсы тіліндегі баламасын жазған. Сөздікке шамамен 1646 сөз енген. Оның ішінде 400 астам сөз етістіктер. Етістіктер, әдетте мен, сен, сіз, біз, ол, олар деп осы шақ, өткен шақ пен келер шақта және бұйрық райда сен және сіздер деп жіктеледі. Мысалы үшін сөздіктің **А** әрпінен басталатын алғашқы сөзі (етістік) **асылу**. Тәртібі төмендегідей:

- (сен) асылдың, асыларсың
- (сіз) асылдыңыз, асыларсыз
- (мен) асылдым, асыламын

(біз) асылдық, асыламыз

(ол) асылды, асылады

(олар) асылды (лар)

Сондай-ақ бұйрық райда: асыл!

Келесі етістік: **ұқсату**

(ол) ұқсатты, ұқсатады, ұқсасын, ұқсады, ұқсайды, егер ол ұқсағанда ғой

(сіз) ұқсадыңыз,

(біз) ұқсадық, ұқсаймыз, егер ұқсағанымызда ғой

(сен) ұқсарсың, сен ұқса!

(мен) ұқсатармын, ұқсаймын, егер ұқсағанымда ғой

Ұқсату керек!

Екі түрлі етістіктің жіктелуінен көріп тұрғанымыздай құрастырушы етістіктерді белгілі бір жүйеге сала отырып жіктеуді мақсат тұтқанымен, барлық кезде жіктеу тәртібін сақтай бермеген. Арасында бұйрық рай мен ырықсыз етістіктер де араласып отырады. Мысалы мен, сен, ол деп жіктеп келіп, арасына бұйрық райдағы етістік пен ырықсыз етістікті жалғастырып жазады. Содан кейін біз, сіз, ол, олар деп жіктеуді жалғастырып кете береді. Дегенмен де сөздікте кездесетін етістіктердің негізгі бөлігі бір жүйеге түсірілген. Алайда, арасында осындай жүйесіздік те кездеседі.

«Луғат-и түрки» түркше-парсыша сөздігі мазмұнына қарай 16 бөлімнен тұрады. Оның екі бөлімі сөздіктің негізгі бөлімі болып табылады. Осы екі бөлім етістіктер мен есімдерден тұрады. Екі бөлім де әліппе тәртібіне сай құрастырылған. Етістіктер жоғарыда айтып өткеніміздей жіктеледі. Ал, есімдердің ішінде бұйрық райындағы бұйрық сөздер де ұшырасып отырады. Сөздік осы екі бөлімнен басқа тақырыптарға бөлінген 14 бөлімнен тұрады. Сөздіктің жалпы құрылымы төмендегідей:

1 – етістіктер

2 – есім сөздер

3 – сандар – бірден он мыңға дейін жазылған. Он мыңды – тұман деп жазып көрсеткен.

4 – адамның дене мүшелерінің атаулары. Бұл бөлімде еріннің екі түрлі варианты атап көрсетілген. Біріншісі – ерін, екіншісі – дудак.

5 – төрт түлік мал атаулары. Бұл бөлімде ерекше назар аудартатыны жылқы атауларына қатысты болып келеді. Ол сөз – соғым (موقوس) сөзі. Соғымның астына осы сөздің сипаттамасы ретінде: «Жал мен құйрығы кесілген жылқы» деп жазылған. Бұл жерде айта кетер жай, асқа соятын жылқының жалы мен құйрығын кесіп бордақылау әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан дәстүр. Бәлкім құрастырушы осыны меңзеп, жылқының бір түрі – соғым деп атап көрсетсе керек.

6 – жабайы аңдардың атаулары. Бұл бөлімдегі ерекше назар аудартатын қасқырдың аты. Қасқырды бөрі деп көрсеткен.

7 – аңшылық жасайтын аңдар (негізінен құстардың аты). Бұл бөлімде лашын, қаршыға, түйғын, бүркіт, тұрымтай сынды құстардың атын кездеседі.

8 – құс атаулары. Бұл бөлімде жалпы құстардың, атап айтқанда ұсақ құстардың аты жазылған. Олар: қарға, ала қарға, шымшық, көгершін, қарлығаш, торғай және т.б.

9 – жәндік атаулары. Бұл бөлімнен бүрге, бит, бақа, шаян, тіпті жарқанатты кездестіруге болады.

10 – жеміс-жидек атаулары. Жеміс атауларының ішінде тұт та кездеседі. Алайда тұттың түркшесін «ұжма» немесе «ұчма» (جَم) деп көрсетілген. Бүгінгі таңда қазақ тілінде тұт жемісі және тұт ағашы әбден сіңген, қалыптасқан сөздердің қатарына жатады. Алайда, бұл сөздің парсы тіліндегі сөз деп оның түркшесі ұжма (ұчма) деп жазып көрсеткен.

11 – дәнді-дақылдардың атауы. Бұл бөлімде арпа, бидай, қарамық, жарма секілді дақылдардың арасында зығыр дақылын кездестіреміз. Әдетте зығырды майы үшін өсіретіні белгілі. Бір қызығы зығыр сөзін түркше сөздер қатарына, ал оның парсышасы ретінде «катон» деп мақта сөзінің ағылшыншасын жазып көрсеткен. Катонның мақта екендігін ескергенде құрастырушы бұл жерде қателескені байқалады. Шамасы зығыр сөзінің парсышасын жазғанда шатастырып алғанға ұқсайды. Себебі мақта сөзі жазылған тұста, оның түркшесі «памук» деп көрсетілген. Шамасы парсыша сөздерді шатастырып отырғанына қарағанда құрастырушы түркілдес болуы мүмкін деп болжамдаймыз.

12 – метал атаулары. Металдардың ішіне алтын, күміс, бақыр (мыс), құрыш, шойын, қорғасын, темір енген.

13 – көкөніс атаулары. Көкөністердің ішінде пияз – суған, асқабақ – қабақ, сарымсақ – сарымсақ, баклажан – байынжан, ақ бұға және сары бұға – имбір.

14 – шағатай және оймақ ұлыстарының атаулары. Бұл бөлімге барлығы 40 тайпаның (ұлыстың) аты енген. Олар: барлас, арлат, чорас, нейрун, арғұн (арғын), қарлұқ, қыпшақ, кәлтатаи, йұрғылық, бөрі, қарақшы, чинаги, Әли данышманди, кушибасы, қара муғул, қалаж, ұйғыр, тархан, сағыршы, құсшы, төлекші, жалайыр, ағаз, пустхур (парсы сөзі, аудармасы тері жеуші), тоқбай, дулат, қаңлы, дуылды, хареси, шағалы, бәрлүч, сулдуз, йасары, қият, оғлан, мундашы, иранжы, йамчи және қаучин.

15 – өзбек және қазақ ұлыстарының атаулары. Бұл бөлімге барлығы 26 ұлыстың (тайпаның) аты енген. Олар: минг, йуз, қырық, қатаған, найман, йабу, кингес, хытай, қыпшақ, қоңырат, керейт, сарай, оғлан, жалайыр, кәлтаки, маңғыт, қият, машид, тоңғауыт, салжұт, дурман, бахрин, ақ бурийа, оғлан, арғын, бадаи.

16 – түркмен ұлысының атаулары. Бұл бөлімге барлығы 12 тайпаның аты енген. Олар: бахарлу, сарылық, байат, жан құрбаны, ақ қойлы, қара қойлы, ойрат, нукдари, халжы, сайфәли, йамут, ақ ғұз.



17 – қызылбас және т.б. ұлыстардың атаулары. Олардың саны 14. Атап айтқанда: истажлу, қараманлу, шамлу, румлу, афшар, зулқадар, текелу, мусаллу, қачар, қарабағлу, зиг, зэнганә, лэзаки, файлы.

18 – Сақыпқыранның (Әмір Темір) өзі реттеп, жүйеге салғаны бойынша аталып қолданысқа енген әскери атаулар. Соғыс терминдері деп атауға болатын бұл сөздердің аудармасы жоқ. Бірақ әрбір сөздің астын сызып, сол сөзді бір ауыз сөзбен түсіндіріп отырған. Әскерге қатысты терминдердің саны – 11.

1. қол – әскери топ, шеп
2. оң қол – оң жақтағы әскер
3. сол қол – сол жақтағы әскер
4. қырауыл – алдыға бастап отыратын, яғни шабуыл жасайтын әскер
5. елташы – қырауыл сардарының орта шебіндегі әскер
6. чандауыл – артқы шеп
7. баранғар – оң жақ шептегі әскер
8. жаванғар – сол жақ шептегі әскер
9. чапауыл – қосымша (артта күтіп тұратын) шептегі әскер
10. тұлғама (толғама) – арт жақтан аяқ астынан (тосыннан) шабуыл жасайтын әскер
11. қарауыл – соғыс болатын орынды таңдайтын және хабарлайтын топ.

Сөздіктің негізгі бөлігін етістіктерден тұратынын жоғарыда атап көрсеттік. Оның үстіне бір етістікті жіктеуге көп мән берілгендіктен көбінесе бір бет бір етістіктің жіктелуіне арналғанына куә боламыз. Осы жерде сөздік не себепті етістіктерден басталған және әр етістіктің жіктелуіне көп мән берілген деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, әлемдегі көптеген түрк сөздіктері етістіктерді жіктеуге, түсіндіруге арналған сөздіктер. Сөздіктердің көшбасшысы Махмұт Қашғаридың «Түрк сөздігі» де негізінен етістіктерге арналғанын еске сала кеткеніміз жөн. Екіншіден, көптеген түркілдес халықтардың тілінде араб және парсы сөздері көптеп кездеседі. Бұлардың қатарында қазақ тілі де бар. Алайда қазақ тіліндегі араб және парсы сөздерінің саны өзге түрк тілдеріндегі араб және парсы кірме сөздерімен салыстырғанда аз. Әсіресе тәжік және парсылармен көрші тұратын түрк халықтарының тілдік қорында бұл жағдай жиі кездеседі. Мысалы үшін етістіктер түрк тілінде болғанымен, толықтауыш, пысықтауыш пен сын есімдердің көбісі араб немесе парсы тілдерінде болып келеді. Бұл сөздер арабтарға көршілес тұрса арабша, парсылармен көршілес тұрса парсыша, үнділердің арасында тұрса хинди тіліндегі сын есімдер, пысықтауыштар мен толықтауыштар қолданылады. Осы орайда Үндістан жерінде арнайы осы елде тұратын түркілдес халық үшін жазылған бұл сөздіктің өзге сөздіктерден айырмашылығы аз. Бұлай болатын себебін түрк тілінің

табиғатымен байланысты. Яғни, түрк тілінің ерекшелігі, жалпы кез-келген тілдің ерекшелігі оның етістігінде болып келеді. Сондықтан бұл сөздіктің ішінде етістіктерді жіктеуге көп мән берілген.

Етістіктерден басқа бұл сөздікте есім сөздер бар. Есім сөздер де әліппе тәртібіне қарай құрастырылған. Алайда, бұл сөздердің арасында бұйрық райындағы сөздер де кездеседі. Мысалы қал, қой, бол, айт, кел және т.б. сөздер.

Бұдан басқа тақырыптарға бөлінген бірнеше бөлім бар екендігін жоғарыда атап көрсеттік. Әр бөлімнің өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ сөздіктің тарихи маңыздылығын арттырып тұрған осы сөздікке енген түрктілдес ұлыстардың аттары. Яғни, сөздіктің 14, 15, 16, 17-бөлімдерінің тарих тұрғысынан маңызы орасан зор. Жалпы бұл сөздікке барлығы 92 тегі түрк ру-тайпаларының аттары аудармасыз енген. Ру-тайпалардың (ұлыстардың) аттарын шағатай-оймақ, өзбек-қазақ, түркмен, қызылбас деп бөлген. Алайда, шағатай-оймақ ұлыстары деп аталатын бөлімде кездесетін қыпшақ пен жалайыр ұлыстарының аты келесі өзбек-қазақ ұлыстары деген бөлімде де кездеседі. Бірақ оған қосымша қазақ халқын құрайтын найман, қоңырат, керейт және арғын ұлыстарының атын кездестіреміз. Қазақ халқына тікелей қатысты осы ұлыс атауларының «Луғат-и турки» түркше-парсыша сөздігіне енгендігі осы ұлыстардың Үндістан жерінде өмір сүргендігін және осы қоғамда өзіндік орынға ие болғандығын білдіреді. Аты осы сөздікке енген түрк ұлыстары сөздік құрастырылған кезде ғана емес, бүгінгі күнде де Үндістан елінде өмір сүріп жатқандығын аңғартады. Алайда, жоғарыда атап көрсеткеніміздей парсы тілі Үндістан елінде ресми сарай тілі қызметін атқарған кезде түрктілдес тайпалардың жағдайы едәуір жақсы болған. Ағылшын отарлаушыларының Үндістан жерін жаулап алуымен парсы тілін қолданыстан ығыстырылған. Парсы тілімен бірге түрк тілі де қолданыстан шығып, оның орнын ресми тіл – ағылшын тілі алғандығы тарих беттерінен белгілі.

Бұдан басқа сөздіктің басында туыстық атаулар берілген. Атап айтқанда, ата, ана, аға, аба (әкесінің бауыры, яғни көке, баба деген мағынаны білдіреді), ажа (жанында мама, ана деп парсы тілінде жазылған), яғни әже сөздері. Сондай-ақ құдай – тәңірі, бір мен бары және жаратушы деп түсіндірілген. Ал, жергілікті жағдайға бейімдеп ақча сөзінің парсыша аудармасын рупие деп жазған. Әрине «ақча» сөзі түрк сөзі, ал оның Үндістандағы баламасы рупие болғандықтан сөздікте жергілікті ақшаның атауын берген.

«Луғат-и турки» сөздігінің кейбір парақтарында жиектерге түсініктер, қосымшалар, түзетулер берілген. Мысалы 27 б бетінде (Хайдарабад, шифр: 4294) жиекте қалып қалған бір сөзді кейінірек басқа жазумен қосқан. Ол: «умсунмақ - үміттену, үмітін үзбеу» сөзі. Ал келесі парақтың жиегінде «ағырмақ (ауырмақ, ауыру) – азарда-безер болу, шаршап кету (біреуден), ығыры шығып кету» деген сөз қосылған. Сөздікке енген етістік сөздердің

көбісі, яғни жартысынан көбі бүгінгі қазақ тілінің қолданысында бар сөздер. Мысал ретінде бірнеше етістік сөздерді атап көрсетуге болады. Олар: утмақ - өтпек, етмәк – ету/істеу, унамақ – ұнау, асатмақ - асату, узмақ (кейде йузмақ түрінде де кездеседі) – жүзу, яғни суда жүзу, есинамақ -есінеу, уғурламақ - ұрлау, уқмақ – ұғу, билмақ – білу, буйамақ - бояу, бермақ – беру, бармақ – бару, булғаму – былғау, батмақ – бату, бузулмақ – бұзылу, буйирмақ – бұйыру, тоймақ – тою (тамаққа тою), тоқумақ – тоқу, термақ – теру, тартмақ - тарту, турмақ - тұру, турғызмақ – тұрғызу, таммақ – таму, тамизмақ – тамызу, татмақ – тату, тараммақ – тарау, тирилмақ – тірілу, тиламақ – тілеу, туңгилмақ – түңілу, таңламақ – таңдау, тесмақ – тесу, туғмақ – туу, табынмақ – табыну, тинмақ – тыну, тирнамақ – тырнау, тузламақ – тұздау, танимақ – тану, черумақ – шіру, хурламақ – қорлау, димақ – деу/айту, сурамақ – сұрау, санамақ – санау, синамақ – сынау, сыйламақ – сыйлау, суйинмақ – сүйіну/сүйсіну, сузмақ – сүзу (малдың сүзісуіне байланысты), сукмақ – сөгу, сасимақ – сасу және т.б. етістік сөздер. Көріп отырғанымыздай, мысалға келтірілген етістік сөздердің барлығы бүгінгі қазақ тіліндегі қолданыста бар. Ал енді айтылуына келетін болсақ, парсы тілінде жалпы, араб әліппесінде «і», «ы» дыбысының болмауына байланысты осы дыбыстар түркше-парсыша сөздікте «и» әріпімен таңбаланған. Алайда түрк тілінің табиғатына сай, «і» және «ы» дыбыстарын қолданған болуы әбден мүмкін. Екінші мәселе, «к» және «қ» дыбыстарына байланысты. Байқап отырғанымыздай етістіктердің барлығы көне формасында «бармақ», «келмек» болып келеді. Яғни, етістіктің соңғы дыбысы «қ» немесе «к» дыбыстарына аяқталады. Осы екі дыбыс «Луғат-и түрки» сөздігінде ауысып кейде екі варианты да қатар кездесіп отырады. Бірақ бұл негізгі ерекшелік немесе кемшілік, айырмашылық болып табылмасы анық.

«Луғат-и түрки» сөздігінің шамамен 70 (бәлкім одан да көп) пайызға жуық сөздері бүгінгі қазақ тілінде кездесетін сөздер. Бірақ сәл мағынасы өзгеріп қолданылатын сөздер. Мысалы: екіленмек – ауыру, язмақ – шешу (бірнәрсенің қырын жазу), бітмәк – жазу, кәдімгі қағазға жазу, яғни бұл сөз түбі бітік сөзінен шақса керек. Бітік жазуларынан алынып, бітік деген жазу деген мағынада қолданған деген шешімге келеміз.

Үшінші кезекте, өте аз сөздер бүгінгі қазақ тілінің қолданысында кездеспейді. Ол етістік сөздерді пайызбен көрсету қиын. Алайда бұл сөздер түрк тілінің басқа диалектілерінде кездесуі әбден мүмкін. Сондықтан мысалдар келтіру арқылы қазақ тілімен салыстырғандағы айырмашылығын көрсетуге тырыстық. Ол сөздер: етканмақ – елігу, бутурмақ – тарату, бутурмақ – дұрыстау, биканмақ – қабылдау, чавурмақ – айналдыру (шыр көбелек айналдыру, орнын ауыстыру, дөңгелеу) және т.б. сөздер. Көріп тұрғанымыздай, бұл сөздер қазақ тілінде кездеспегенімен басқа да түрк

тілдерінде кездесетін сөздер.

**Қорытынды:** Мақаламызды қорытындылай келе, Үндістаннан табылған «Луғат-и турки» түркше-парсыша сөздігін жан-жақты қарастырып төмендегідей қорытындыға келдік.

Біріншісі – Үндістанда сақталған бірнеше түркше-парсыша сөздіктердің бар екендігін анықталды. Ал, олардың ішіндегі парақтары толыққа жуық (алғысөзін айтпағанда) сақталғаны Хайдарабад қаласындағы Салар-и джанг кітапханасы және музейінде сақталған «Луғат-и турки» түркше-парсыша сөздігі.

Екіншіден, «Луғат-и түрк» сөздігін зерттеу арқылы нақты Үндістан жерінде өмір сүрген түрк тілдес ру-тайпалардың тілімен, сөздік қорымен, сөз қолдану аясына қарай дүние танымымен таныстық. Сонымен қатар, осы сөздікпен таныса отырып, кейбір көзге көрінбейтін тіл арқылы ғана анықтауға болатын тарих пен мәдениетке қатысты мәліметтерге қол жеткіздік.

1983 жылдың қыркүйегі мен 1984 жылдың шілдесі аралығында ең алдымен қытай тілінде оқытуға көшкен Цзюцунань қаласы Хуан нибаяу ауылдық үкіметі мектептерде қайтадан сары ұйғыр тілі сабағын беруді ұйғарды. Мектепте сары ұйғыр тілін үйренген оқушылар саны 180 баланың айналасында болды. Көрші Минхуа ауылы, Мин хай өңірінен сары ұйғыр тілін жетік білетіндерді шақыртып сабақ бергізді. Шақыртылған оқытушылардың арнайы тәжірибесі болмағандықтан және тіл үйрететін оқулықтың жоқ болуына байланысты, сыныпта сабақты тек ауызша жеткізуге, сөздерді қытайша дыбыстармен таңбалауға тура келді. Осы себептерден оқушылар сөздердің дұрыс дыбысталуын үйрене алмады. Сондай-ақ, сары ұйғырша сөйлейтін тілдік орта да болмағандықтан, аздап үйрегендерін қолданысқа да түсіре алмады. Осылайша үйренген білімдері ұмытылып қала берді, соңы сабақтың да тоқтауына әкеп соқты [13, 62-64].

Кейінгі жылдары рухани, мәдени мұраларды қорғау және ауыл қыстақтардағы оқыту мәселелерін қолға алуға мақсатында, Сунань сары ұйғыр автономиялы ауданының орталықтарында сары ұйғыр тілін үйрету шаралары ұйымдастырыла бастады. Синьхуа Ланьчжоу торабының 2009 жылғы 16 маусымда берген хабарында: бір тілді үйретуге екі оқытушы керек. Тұрмыста жасы егделер ғана аздап ана тілін қолданады, балалар үйренгенімен қолданатын орта жоқ. Осындай қиын жағдайды ойластырып,

қытайдағы сары ұйғыр ұлтына тілдік оқыту балабақшадан басталды. Ганьсу провинциясы Сунань сары ұйғыр ауданы балабақшасының басшысы Вань лихуа: «Бұл жер қазір қытайдағы жалғыз сары ұйғырша оқытатын жер. Қос тілде білім беруді кемелдендіру сары ұйғыр ұлтының мәдениетін жалғастыратын маңызды қадам» – екенін айтты. 2007 жылдан бастап, Сунань ауданындағы балабақшаларда қос тілде білім беріле бастады. Шығыс және батыс сары ұйғыр тілдері ұқсамаған тілдер тобына жататындықтан, сабақ беруде екі мұғалім керек». Ян айлинь мен Гао юй мэй Сунань балабақшасында оқытушы болып жұмыс істейді. Бірі батыс сары ұйғыр тілінен сабақ берсе, екіншісі шығыс сары ұйғыр тілінен сабақ береді. Сабақты әуелі 2007 жылы шығыс сары ұйғыр тілін үйретуден бастадық, 2008 жылдан бастап батыс сары ұйғыр тілі де оқытыла бастады. Екеуі де сары ұйғыр тілі болғанымен, өзара бір-бірімен түсінісе алмайды.

Балабақшада күн аралатып, түстен кейін бір сағаттан сары ұйғыр тілі сабағы өткізіледі. Шығыс және батыс сары ұйғыр тілін үйренеді, жазуы болмағандықтан сабақ барысында мұғалімдер көбіне дыбыстау және кимылды бейнелеу арқылы түсіндіріледі. Оқытқанда алдымен сөздер, сосын сөйлемдер оқытылады. Әр оқу жылында балалар 40-тан аса жеке сөздерді үйрене алады. Батыс сары ұйғыр тілінен сабақ беретін Ян айлиньның айтуынша, «Біз оқыту жоспарларын дыбыстап дискіге түсіріп, толықтырғанан кейін оқулық ретінде шығаруды жоспарлап отырмыз. Сары ұйғыр тілінің бірінші оқулығы осы арада құрастырылса екен деген арманымыз бар.» Тілшінің ақпаратына қарағанда, сары ұйғыр тілінің халық арасындағы жалпы деңгейі әлі мардымсыз. Басым көбі отбасында сары ұйғыр тілін қолданбайды. Балалардың балабақшада үйренген сөздері мен сөйлемдері үйге қайтқанда қолданысқа енбейді. Сол себепті балалар үшін ең қиыны, мектепте үйреніп әрі қарай алып кететін тілдік ортаның болмауы. Балаларға тілдік орта қалыптастыру үшін балабақша да әр апта сайын ата-аналарды бірге шақыртып, балалармен қатар сабақ тыңдауды ұйымдастырып, сол арқылы ата-ананың тілдік танымын жоғарлатуға аз да болса септігін тигізбек.

2009 жылы 20-наурызда Сунань аудандық балабақша сары ұйғыр тілі сабағын оқыту туралы конференция өткізді. Конференцияда аудандық сары ұйғыр мәдениетін зерттеу орталығының қызыметкерлері кәсіби тұрғыдан сары ұйғыр тілін оқытудың маңыздылығын түсіндірді. Балаларға кішкентайынан ұлттар теңдігі, ұлттар ынтымағы туралы танымдарын тәрбиелеу керектігін айтты. Бұлардан тыс оқулық құрастыру, ұлттардың мәдени мұраларын қорғау тақырыбындағы ойларымен бөлісіп нақты ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ, ата-аналар мен оқытушылар балалардың үйдегі тілдік қолданысы мен сабақта сары ұйғыр тілін оқыту мәселелері бойынша талқылады. Жиналыста балабақшаға сары ұйғыр тілін еркін сөйлейтін алты ата-анаға қосымша сабақ жүргізуге ұсыныс жасады. Олар

апта сайын балаларға келіп, сары ұйғыр тілінде әңгімелеседі. Ондағы мақсат балалардың тіл үйретуге деген қызығушылығын оятып, тіл үйренетін тамаша орта қалыптастыру. Тіл оқытуға қатысты шараларды жалғастырып, сабақтың түпкілікті мақсатына жету.

Балабақша басшысының таныстыруынша аудандағы балабақшада 80 бала сары ұйғыр тілін үйреніп жатыр. Бұл жалпы балалардың 30 пайызын құрайды. Осы балалар екі жылдық үйренуден кейін мектепке барады, бірақ қазіргі мектепте қос тіл сабағы ашылмаған.

Осы мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда сары ұйғыр ұлты негізінен қытай тілінде білім алып жатыр. Оларда қазір ұлттың мәдени өресін жоғарылатумен бірге тілді қалай сақтап қалуға болады деген үлкен мәселе туындап отырғаны анық.

### Әдебиет

1. Ross.M., (1997). Recent developments in Western Yugur. Historical and Linguistic interaction between Inner-Asia and Europe.

2. Geng Shimin and Clark , (1992) L.Sarig Yugur materials.

3. Чэнь Цзунчжэнь (1991). «Батыс сары ұйғыр тіліндегі ертеде кірген қытай кірме сөздері», «Қытайдағы түркология зерттеу жинағы». Пекин: Ұлттар баспасы.

4. Ма Чжэнлян (1997). «Сары ұйғырдың өңірлік және жан санының өзгерісі», «Қытайдағы аз ұлттар саны».

5. Думан Ержан (1994). «Сары ұйғыр тілінің қолданылуы жөнінде», «Гань су ұлттарын зерттеу» .

6. «Сары ұйғырлар туралы» (1991). «Цзю цюань тарихи материалдары» .

7. «Сары ұйғыр ұлты, Дун сянь ұлты, Бао ань ұлты туралы қоғамдық, тарихи тексерулер» (1987). Лань чжоу: Ганьсу халық баспасы.

8. Ма Линбан (1942). «Килян (Qilian mountains) тауының солтүстігі туралы зерттеу мәліметі». Моңғолия: Тибет зерттеу бөлімі.

9. «Сунань сары ұйғыр ауданындағы кедейлерге көмектесу туралы зерттеу» (1997). Лань чжоу: Ганьсу ұлттар баспасы.

10. Mannerheim (1911). A visit to Sari and SHera Yugurs. de la Societfe innoougrienne.

11. Ян инчжун (1993). «Ганьсу аз ұлттар өңірі» Лань чжоу: Ганьсу ұлттар баспасы.

12. Хэ юнчжун (1998). «Аз ұлт қоныстанған өңірлердің ерекшеліктеріне сай білім берудің жаңа моделі», «Ұлттар ағартуын зерттеу».

13. Ба Чжань лун (1998). «Батыс сары ұйғыр тілін қолдану мен оқыту туралы», «Гань судағы ұлттарды зерттеу» журналы.

ӘОЖ 811.512.122

Мағрипа ЕСКЕЕВА\*

## САРЫ ҰЙҒЫР ТІЛІНДЕГІ ВОКАЛИЗМДЕР ЖҮЙЕСІ

**Түйін.** Мақалада шағын санды түрк этносы сары ұйғырлар тілінің түрк тілдерінің даму жолын анықтаудағы маңызы, оның архаикалық сапасы өзектеледі. Жалпытүркілік фонокорпустың ерекше белгілері ретінде сары ұйғыр тіліндегі дауысты дыбыстардың ерекшеліктері көне түрк ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тобындағы қазақ, оғыз тобындағы түрк тілдеріндегі дауыстылармен салыстырыла қарастырылады. Сары ұйғырлардың сөйлеу дәстүрінде инлаут *o, u* еріндік дауыстыларының да жігі айқын екені, анлаут позицияда *o, u* еріндіктері жарыспалы түрде, фонемалық мән жүктемей қолданылатыны мысалдар арқылы көрсетіледі. Сары ұйғыр тіліндегі езулік, еріндік дауыстыларға сипаттама беріліп, анлаут, инлаут, ауслаут позициядағы дыбыс сәйкестіктері көне түрк жазба ескерткіштері, қазіргі қазақ, түрк тілдеріндегі гомогенді лексикалық параллельдер негізінде анықталады.

Шығыс хун тілдерінің оғыздық белгілері (*z~š, d/t* тілді ұйғыр-оғыз тобы) мен қыпшақтық белгілерін (*z~š, d/t* тілді қырғыз-қыпшақ тобы) қатар сақтаған сары ұйғыр тілінде батыс хун тілдеріне тән қыпшақтық, оғыздық белгілер де кездесетіні қазақ және түрк тілдеріндегі лингвоиндикаторлар арқылы дәйектеледі.

**Кілт сөздер:** сары ұйғыр тілі, түрк тілдері, көне түрк ескерткіштері, фонетика, фонологиялық жүйе, дауысты дыбыстар, езуліктер, ерін дауыстылары.

## СИСТЕМА ВОКАЛИЗМА В САРЫУЙГУРСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** В статье актуализируется значимость языка сарыуйгурского малочисленного тюркского этноса, его архаическое качество в определении пути развития тюркских языков. Особенности гласных в сарыуйгурском языке, которые являются особенными признаками общетюркского фонокорпуса - сравниваются с гласными в древнетюркских памятниках и в казахском языке в современной кипчакской группе, в турецком языке в огузской группе. В речевой традиции сары уйгурского языка губные гласные *o, u* в инлауте употребляются в свободных границах, в анлауте *o, u* лабиальность наблюдается в параллельной позиции, фонемные значения используются без ограничений, что демонстрируется рядом примеров.

\* Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түрктану кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, mag61103@inbox.ru.

Дается характеристика губных и негубных гласных в сарыуйгурском языке в позициях анлаут, инлаут, анслаут, выявляются звуковые соответствия в древнетюркских письменных памятниках, определяются параллели в гомогенной лексике в современном казахском языке, в турецком языках. С помощью лингвоиндикаторов дается обоснование, что в казахском и турецком языках присущие восточнотюркским языкам знаки огузов ( $z\sim\check{s}$ ,  $d/t$  в языке уйгуров (огузской группы) и знаки  $z\sim\check{s}$ ,  $d/t$  кипчаков (кыргыз-кипчакской группы) сохраняется ряд кипчак-огузских символов в сарыуйгурском языке (западнотюркские языки).

**Ключевые слова:** сарыуйгурский язык, тюркские языки, древнетюркские памятники, фонетика, фонологическая система, негубные гласные, губные гласные.

## VOCAL SYSTEM IN SARYUIGHUR LANGUAGE

**Abstract.** In this article we try to talk about the importance of saryuygur language, which is regarded as a small Turkic ethnos, and its archaic quality to determine the development of the Turkic languages. As a special features of phono corps of the Common Turkic - particularly is the labial vowels of saryuygur language will compared with the labial vowels in old Turkic inscriptions, with the Kazakh language in modern Kipchak group and with the Turkish languages of Oguz group.

It is proved on the concrete examples that in the colloquial tradition of the sarayugurs the joints of the syllables of the labial sounds  $o$ ,  $u$  are clear in the inlaut position, the labial sounds  $o$ ,  $u$  are used in a subordinate form, without implying a phonemic meaning in the anlaut position. The characteristics of non-verbalized, labial vowels in saryuygur language are given, moreover, sound correspondences in anlaut, inlaut, auslaut positions of ancient written monuments, modern Kazakh language, in Turkish language are defined on the basis of homogeneous lexical parallels.

In the Saryuygur language, which kept both the Oguz features of the Eastern Khun languages ( $z\sim\check{s}$ ,  $d/t$  of Uyghur-Oguz language group) and Kipchak features ( $z\sim\check{s}$ ,  $d/t$  of the Kirghiz-Kipchak language group) there are also the features of the Eastern Khun languages Kipchak, Oguz are explained by linguistic indicators of Kazakh and Turkish languages.

**Keywords:** saryuygur language, Turkic languages, old Turkic inscriptions, phonetics, phonological system, labial vowels.

**Кіріспе.** Тарихи-элеуметтік, мәдени-лингвистикалық факторларға байланысты функционалдық қолданыс аясы тартылып, қарқынды

лингвоконтактологиялық үдеріс нәтижелерін бойына сіңірген сары ұйғыр тілінің о бастағы төл табиғатын сипаттайтын «таза түркілік қабаты» түрк тілдері жүйесіндегі ерекше құбылыс. Сондықтан фонетика-фонологиялық жүйесі мен грамматикалық құрылымын «архаикалық сапада» сақтап қалған қазіргі сары ұйғыр тілін зерттеу түрк тіл біліміндегі өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

Зерттеудің мақсаты: түрк тілдерінің генеалогиялық классификациясы бойынша шығыс хун бұтағына жататын сары ұйғыр тіліндегі дауысты дыбыстардың қолданыс ерекшеліктерін көне түрк жазба ескерткіштері тілінің және батыс хун бұтағындағы қазақ, түрк тілдерінің деректерімен салыстыра отырып анықтау. Сары ұйғыр тіліндегі батыс түрк тілдеріне тән қыпшақ-оғыздық белгілерді көрсету.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-сипаттамалы әдістер және дәстүрлі баяндау амалы қолданылды.

**Талдау нәтижелері.** Тіл дыбыстарының фонемалық сипаты айқын белгілі болған жағдайда олардың жекелеген туыс тілдердегі айтылу рефлексінің кейбір ерекшеліктері сөз мағынасына дефинициялық реңк беру қабілетіне де ие бола алатыны фонологияда белгілі құбылыс. Тіл дамуындағы фонематизациялық құбылыстар мен тіларалық ықпалдастық үдерістері нәтижесінде әрбір тілдің дыбыстық жүйесінің дамуы, кеңеюі лингвистиканың негізгі заңдылықтарының бірі, соған сәйкес қазіргі түрк тілдерінің дыбыстық құрамы да жалпытүркілік фонокорпусты сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен дамыды.

Сары ұйғыр тілінің дыбыстық құрамы қазіргі түрк тілдері фонетикалық жүйесінен ерекше ажыратылмайды. Дыбыс жүйесін 35 дыбыс құрайды, олардың ішінде 10 дауысты, 21 дауыссыз 2-і дитфонг, 2 аффрикат дыбыс бар. Сары ұйғыр тілін алғаш зерттеген С.Е.Малов 11 дауысты (а, а', ä, е, і, і, о, ö, u, u', э), 24 дауыссыз (b, v, g, γ, d, ž, ž, z, q, k, l, l', m, n, η, p, r, s, t, f, x, ts(ц), č, š ) дыбыстарды және 2 дифтонгты (w, j) көрсетеді. Ғалым а дауыстысын екі нұсқада (а, а'), l үндісін екі нұсқада (l, l') дербес дыбыс ретінде қарастырады [1, 157]. Э.Р. Тенишев пен Б.Х. Тодаева сары ұйғыр тілі фонетикалық жүйесінен 8 дауысты дыбысты (а, е, і, l, о, ö, u, u'), 21 дауыссыз дыбысты (v, q, q', k, k', l, l', m, n, p, p', r, s, s', t, t', f, x, š, š' j) және аффрикаттың төрт түрлі нұсқасын (tš, tšt, tč, tčt) ажыратады. Зерттеушілер u, q, k, l, p, s, t фонемаларының айтылу қарқынына, жуан-жіңішкелігіне қарай байқалатын нұсқаларын дербес дыбыстық сапада береді [2, 11]. Қытай ғалымы Чын Зүн Жын 8 дауысты (а, ä, е, і, і, о, ö, u, u'), 24 дауысты (b, v, p, g, g', γ, q, k, d, t, f, z, ž, s, š, l, r, m, n, η, x, h, č, j) дыбыстарды, 4 аффрикатты (dz, dž, tš, tf) көрсетеді [3, 26-35].

Сары ұйғыр тілі вокализмдер жүйесіндегі 9 дауысты дыбыс артикуляциялық белгілеріне, жақтың ашылу деңгейі мен тілдің қозғалысына,



дыбысталу барысындағы ерін мен езудің қатысына қарай ашық ↔ қысаң, жуан ↔ жіңішке, еріндік ↔ езулік болып бөлінеді: ашық дауыстылар – *a, ä, e*; жартылай ашық дауыстылар: *e, o, ö*; қысаң дауыстылар – *i, i, u, ü*; жуан дауыстылар – *a, o, u, i*; жіңішке дауыстылар – *ä, e, ö, ü, i*; еріндік дауыстылар – *o, ö, u, ü*; езулік дауыстылар – *a, ä, e, i, i*. Ашық дауысты *e* дыбысы кей жағдайда жартылай ашық сапада қолданылады.

Сары ұйғыр тіліндегі езулік дауыстылардың артикуляциялық дифференциясын көрсететін жуан↔жіңішкелік белгілері айқын.

**Дауысты *a* фонемасы.** Сары ұйғыр тіліндегі ашық дауысты *a* дыбысы сөз тұлғасының барлық шенінде қолданылады.

Анлаут позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі анлаут *a* фонемасы қазақ, түрк тілдерінде негізінен бірдей сапада қолданылғанымен кей жағдайда, әсіресе *j* дыбысының алдында комбинаторлық өзгерістері (қысандану) байқалады. ***a=a***. с.ұйғ. *aq* `ақ`: *aq at* `ақбоз ат` ~ қаз. *aq* ~ түр. *aq/bejaz* `ақ` ~ көне т. *aq* `ақ`: *aq atin binip oplaju tegdi* `ақ атын мініп шабуылға шықты` КТҮ. 42 (Айд. I) ~ е. қып. *aq* (Құрыш. 81); с.ұйғ. *azyir/azarya* `айғыр`: *semiz azyir* `семіз айғыр` ~ қаз. *ajyir* ~ түр. *ajgir* `айғыр` ~ көне т. *adyir* `айғыр` (ДТД, 40): *aq adyiriy binip oplaju tegdi* КТҮ. 35 `ақ айғырын мініп шабуылға шықты` (Айд. I, 179) ~ е. қып. *ajyir/azyir* (Құрыш. 80). Қазақ тілінде *adyir/ajyir* лексемасымен түбірлес *azban* `жасы толыққан айғыр` сөзі сақталған, көне т. *azman* `кличка лошади` (ДТС, 73): *azman aqiy binip* КТҮ. 45 `азбан ағын мініп` (Айд. I, 181); с.ұйғ. *ayit* `ағыту, босату, жіберу`: *qulumti/quluntı ayitip tro* `құлынды ағытыпты` ~ қаз. *ayit* `босату, жіберу`: *qulundi ayit* `құлынды ағыт`, *tujmenđi ayit* `түйменді ағыт`; *suwdı ayit* `суды ағыт` ~ түр. *çözmek [çözmek], gevşetmek [gevşetmek]* `ағыту` ~ көне т. *ayit* `босату, айдау, қуу` (ДТС, 20): *oza kelmis süsin Kültegin ayitip* `оза келген әскерді Күлтегін қуып` КТҮ. 47 (Айд. I, 181). Орхон ескерткіштері тілінде *ayit* сөзінің `айыр, ағыт, босат, жібер` мағыналары тіркелген (Айд. I, 206); с.ұйғ. *az* `аз, көп емес`: *çatan ma az eçip tro* `шайды(шәйді) аз ішті` (Мал. 12) ~ қаз. *az* `көп емес, шамалы` ~ түр. *az* `көп емес, шамалы` ~ көне т. *az* `аз` (ДТД, 41): *az buduniy üküš qiltim* КТк. 10 «Аз халықты көп қылдым» (Айд. I, 170) ~ е. қып. *az* (Құрыш. 78). *az* моносиллабы *ar* → *arši* `тазалау`, *ar* → *ariq* `жүдеу`, *az* → *azuw* `арықтау` тұлғаларымен төркіндес, с.ұйғ. *ariy* `таза, жақсы`: *ariy at jondaq* `аттың таза тезегі` (Мал. 17); с.ұйғ. *al* `алу`: *kelin al* `келін ал` ~ қаз. *al* ~ түр. *al* `алу` ~ көне т. *al* `алу, қабылдау` (ДТС, 32): *bilmez kisi ol sabiy alur* `КТк. 7 `білмес кісі сол сөзді алып` (Айд. I, 169) ~ е. қып. *al* → *alyil* (Құрыш. 83). *Al* етістігі көнетүркілік *el* → *elig* КТҮ. 32 `қол` сөзімен байланысты болуы мүмкін, с.ұйғ. *eliy* `қол`. *Elig* сөзі қазақ тілінде қол саусағының көлденеімен өлшенетін өлшемдік мәнді білдіретін *eli* сөзінде сақталған: *Eki eli awizya tört eli qaqpqa qojuw* `артық сөйлемей` (мәтел).

Инлаут позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі инлаут *a* фонемасы қазақ, түрк тілдерінде негізінен өзгеріссіз қолданылады. ***a=a***: с.ұйғ. *azaq* `аяқ`: *ike/iške*

*šike azaq* `екі аяқ`~ қаз.*ajaq* `аяқ` ~түр. *ayak [ajak]* `аяқ`~көне т. \**ad*→*aday/adaq* `аяқ`: *türk budun adaq qamaštdi* `түркі халқының аяғы әлсіреді` КТҮ. 47 (Айд. I, 181) ~ е.қып.*adaq/ajaq* (Құрыш. 79), *azaq* (МҚ. I, 66); с.ұйғ. *pay* `бау, жіп, арқан`: *art pay* `қанжыға (артқы бау)` ~ қаз.*baw* ~ түр. *bağ [ba(γ)]* `бау`~ көне т. *ba* `байлау`, *bay* `жіп, арқан` (ДТС, 76): *atiy iqa bajur ertimiz* `атты бұтаға байладық` Тон. 27 (Айд. II, 109). Енисей ескерткіштерінде етістік мәнді *ban*, есім мәнді *bay* тұлғалары да қолданылады: *altunliy kešig belimte bantim* E.3 `алтын кемерімді беліме байландым` (Аманж. I, 48, 49). Көне түрк тілінде қолданылған *bay* лексемасы `рулық буын/рудың бұтақтары` (ДТД, 33) мәнін де береді: *Altı bay buduñ* E. 39. `Алты баулы халқым` (Аманж. I, 48). А.М.Щербак *ba* моносиллабын *pā* формасында реконструкциялайды [4, 195]; с.ұйғ. *paj* `бай`: *paj kise* `бай адам` ~ қаз.*baj*~ түр. *bay[baj]* `бай`~ көне т. *baj* `бай`: *čïyanıy baj qilti* КТҮ.16 `жарлыны бай қылды` (Айд. I, 174). *baj* лексемасының көне формасы ретінде бірінші дәрежелі созылықты дауыстымен айтылатын *pāj* тұлғасының көрсетілуі [4,195] сары ұйғыр тілі фонетикалық жүйесінің сапалық белгілері түрк тілдері дамуының көнетүрклікке дейінгі кезеңіне тән екенін бағамдауға мүмкіндік береді. Қазіргі түркі тілдерінде сын есім мәнімен қатар `бай (адам)`, `байлық`, `баю`, `күйеу (әйелдің ері)` ұғымдарын береді (ЭСТЯ. II, 28,29). А.Самойлович *baj* лексемасын *bar* `бар` сөзімен байланыстырады [5, 291-297]; с.ұйғ. *par/var* `бар, жоқ емес`: *per qiz par/var* `бір қыз бар`~ қаз. *bar*~ түр. *var* `бар` ~ көне т. *bar* `бар`: *tört oylum bar ücün* E.20 `төрт ұлымның бары үшін`. Ескерткіштер тілінде *bar* сөзі `байлық, мүлік` мәнінде де жұмсалады: *ebin barimin qalisiz qop kelürti* КТҮ. 41 `үйін-мүлкін қалдырмай, көп әкелді` (Айд. I, 181); с.ұйғ. *qar* `қар`: *qar jağa dir* `қар жауып тұр` ~ қаз. *qar*~түр. *kar* `қар` ~ *qar* `қар` (ДТД, 51): *sünüg batimi qarıy sökipen* `Сүңгі батымы қарды аршып` (Айд. I, 178). Түрік тілінде `жаңбыр аралас қар` мағынасын беретін *qay [qaj]* лексемасы тіркелген. Ортақ мағына мен ортақ тұлға *qar, qaj* моносиллабтарының тектестігін көрсетеді, гипотезалық ілкі түбірі *qat* `қату` (ДТС, 432), `қоюлану(сұйық затқа қатысты)`, `тоңу`. *qatti, qatuw, qaw, qaq* т.б. лексемалары құрамындағы \**qa* тұлғасы. *a~i*. Сары ұйғыр тіліндегі инлаут *a* дыбысы қазақ тілінде қысаң *i* дыбысына өзгереді: с.ұйғ. *ayal* `ауыл`: *puñinqi ayal* `бүгінгі (қазіргі) ауыл`~ қаз. *awıl*~түр. *köy [köj]* `ауыл`; *a~i* сәйкестігі сары ұйғыр тілінің өз ішінде де кездеседі: *ayil* `аула, есік алды, қора-қопсы`: *açañ ayilda* `әкең аулада`. Қазақ тілінің өз ішінде де *a~i* сәйкестігі жиі ұшырасады, әдеби тілдегі *awla* `аула` лексемасы жергілікті тілдік ерекшеліктерде *ayil* `аула, қора-қопсы` түрінде де қолданылады.

Ауслаут позиция. Ауслаут *a* фонемасы сары ұйғыр, қазақ, түрк тілдерінде бірдей сапада қолданылады. *a=a*. с.ұйғ. *arqa* `арқа`: *arqasin ayirtip tro* `арқасын ауыртыпты`~қаз. *arqa*~түр. *arka (taraf), sirt* `арқа`~көне т. *arqa* `арқа`; *arqi* `артқы жақ, артта` (ДТД, 32): *semiz buqali arqida bilser* Тон. 5 `семіз бұқалы

артта білсе` (Айд. II, 105) ~ е. қып. *arqa* `арқа, жота` (Құрыш. 86);); с.ұйғ. *qara* `қара (түс):`*qara başqoj* `қара бас қой`~қаз. *qara*~ түр. *kara, siyah [sijah]*~көне т. *qara* `қара` (ДТС,422); с.ұйғ. *sana* `санау`: *kunin sanames dro* `күнін санамас`~қаз. *sana*~түр.*saymak[sajmak], hesaplamak* `сана` ~ көне т. *sa* `сана` (ДТС, 478) КТк. 9; Тон. 42, 27 (ДТД, 67). Орхон ескерткіштерінде *san* моносиллабы да қолданыста: *Sanayali tüsürtimiz* `Санағалы тоқтадық` Тон. 21 (Айд. II, 109) ~ орт.т. *sa /san* `сана, сан` (МҚ. III, 247); с.ұйғ. *sura*: `сұра`: *qizdi maya suradep tro* `қызды маған сұра (құда түс) депті` (Мал. 106)~қаз. *sura*~түр. *sormak* `сұра` ~көне т. *sor* `сұра, сұрау`.

Жалпы адамзат тіліне тән тіл арты, ашық, жуан дауысты *a* фонемасының [6, 90] түрк тілдеріндегі ең көне дауыстылар қатарына жататыны, оның таза түркілік табиғаты зерттеушілер тарапынан ешқандай пікір қайшылығын туындатпағанмен оның жіңішке варианты – тіл алды, ашық, жіңішке *ä* [7, 32] дауыстысының түрк тілдеріндегі сыр-сипаты жайлы көзқарастар бірізді емес. Зерттеушілердің басым тобы түрк тілдеріндегі *ä* дауыстысын шығыс тілдерінің әсері нәтижесінде қалыптасқан кейінгі құбылыс санаса [8, 34], енді бір топ мамандар қазіргі түрк тілдерінің біразында орта ғасыр түркілері тілінде кеңінен қолданылғанына сүйене отырып, таза түркілік фонема ретінде қарастырады [9, 31]. Дауысты *ä* дыбысының тарихилығын қолдайтын зерттеушілер *e* фонемасын *ä*-нің варианты ретінде таниды. А.М.Щербак *ä*, *e* дыбыстарының табиғаты, өзара жақындығы жайлы айтылған пікірлер негізінде ұйғыр тілінде *ä*, *э* дауыстыларының қолданылуы буын құрылымына қатысты (ашық буында – *э*, тұйық буында – *ä*) болғанымен, кейбір басқа тілдерде *э* дыбысының эпизодтық қолданылуы көрші *j* дыбысының немесе келесі буындағы қысаң дауыстылардың ассимлятивті ықпалы болуы мүмкін екенін көрсете отырып, *ä*, *э* дыбыстарының өзара жіктеу себебі жөнінде «Все же структурные и комбинаторные моменты не являются основной причиной разграничения *ä* и *э*. Анализ соответствующих материалов побуждает отнестись с особым вниманием к выводам тех тюркологов, которые связывает проблему закрытого *э* с существованием так называемых первичных долгих гласных» деген ой айтады [4, 30]. Ғалым тұжырымы *ä*, *e* дыбыстарын түркі тілдеріндегі тарихи созылыңқыларға қатысы бар фонемалар қатарында қарастыруды қолдайтынын меңзейді айтады. І.Кеңесбаев байырғы *a* дауыссызының қазіргі түрк тілдеріндегі жіңішкеруі негізінен *š*, *ž* дауыссыздары мен *j* дыбысының аралығында жүретінін көрсетеді [10, 28]. Бұл құбылыс көне түркілік *a*-ның қазіргі қыпшақ тілдеріндегі жіңішкеруінен де аңғарылады. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздер құрамындағы *a* фонемасының *ä* фонемасына ауысуы қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерден гөрі қыпшақ бұлғар тобындағы тілдерде жиі кездесетіндігін байқауға болады: башк. *bäj(läm), bäjläneš, jäj,*

*jäs, jäs(en), säš* ~ қаз., ққалп., ноғ. *baj(lam), baj(lanıs), žaz, žaj, šaš*. Қазақ говорларында езу дауыстылары *a, ä* дыбыстарының бірінің орнына бірінің қолданылуы тамырын кең жайған құбылыс [11, 32].

**Дауысты ä фонемасы.** Э.Р.Тенишев сары ұйғыр тілі дауыстылар жүйесінен *ä* дыбысын ажыратпайды, жіңішке *ä* ашық *a* фонемасының комбинаторлық өзгерісі ретінде қарастырады [2,11; 12, 447]. Сары ұйғыр тіліндегі ашық, жіңішке *ä* фонемасы *a* дыбысынан айқын ажыратылады, кей жағдайда *e* фонемасына жақындау айтылады.

Анлаут позицияда. Сары ұйғыр тілінде *ä* дыбысы сөз басында өте сирек қолданылады, қазақ, түрк тілдерінде *a, ö* дыбыстарымен сәйкестік түзеді. *ä~a*. с.ұйғ. *äj`ай`*: *pürinžiliq äj`бірінші ай`* ~ қаз. *aj~түр. ay[aj], kamer`ай`* ~көне т. *aj`ай`*: *toquzinč aj jiti otuzqa joq ertürtimiz`тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік`* КТҮ. 53 (Айд. I, 183) ~ е. қып. *aj* (Құрыш. 79). Сары ұйғыр тілінде *äj* лексемасы *aj`ай`* (Мал.12) тұлғасында да қолданылады. *ä~ö*. с.ұйғ. *äle*: «қолдауды білдіретін шылау сөз (әрине, солай)»~ түр. *öyle [öjle], şöyle [šöjle], böyle [böjle]`солай`* ~ қаз. *ölä`таңғалуды, өкінішті, аяушылықты білдіретін сөз`* лексемасы оңтүстік қазақтарының тілінде қолданылады.

Инлаут позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі инлаут *ä* қазақ және түрк тілдерінде негізінен *a, i* дыбыстарына өзгереді. *ä~a*. с.ұйғ. *šäž`шашу, себу, шашырау`*: *su šäždi`су шашты`, šär`шашырау`* (Мал.150) ~ қаз. *šaš~түр. saşmak [saşmak], dökmek, serpmek`шаш, шашу`*; с.ұйғ. *šäj`орын (ошақ тасының ортасындағы орын`* (Мал. 141)~ қаз. *žaj/žäj`мекен, орын`*~түр. *mekän, yer[jer]`жай,орын`*; с.ұйғ. *šäš`шаш`*: *qara šäštiy qis/qiz`қара шашты қыз`* ~ қаз. *šaš~түр. saç [sač]`шаш`*. *ä~i*. с.ұйғ. *šälä`шылау, қосу`* ~ қаз. *šila`* ~ түр. *sulandirmak*.

Ауслуат позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі сөз соңы *ä* дыбысы қазақ тілінде *a* фонемасымен айтылады. *ä~a*. с.ұйғ. *šälä`араластыру, қосу, шылау`*: *araqıya toja šäläp tro`араққа у (тотыяйын) қосты`* (Мал. 150)~қаз. *šila`араластыру, қосу, шылау`*: *suwıya šila`суға шыла (араластыр)`*, *majya šila`майға шыла (араластыр)`*~ түр. *sulandirmak, islatmak, nemlendirmek`шыла, шылау`*. Қатықты, айранды суға езіп жасайтын қазақ халқының ұлттық сусыны *šalap* деп аталады, түркше *ayran [ajran]`айран`*. Тілдік материал сары ұйғыр тіліндегі анлаут *ä* дыбысының дербес фонемалық деңгейге толық көтерілмегенін сипаттайды, бұл дауыстылар жүйесіндегі фонематизация үдерісінің бастапқы сатысы сақталып қалғанын аңғартады.

**Дауысты e фонемасы.** Сары ұйғыр тіліндегі езулік *e* дыбысы қазақ, түрк тілдерінде сапалық белгілерін негізінен сақтаған, кей жағдайда *ä,i* фонемаларына өзгереді.

Анлаут позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі анлаут *e* фонемасы қолданылатын сөздердің қазақ, түрк тілдеріндегі нұсқаларында протезалық құбылыстар орныққан. *e=e*. с.ұйғ. *er`ер адам, әйелдің күйеуі`*: *bul er`бұл ер`*~қаз. *er~түр.*

*erkek, koca[koʒa]* `ер адам, күйеу`~көне т. *er* `ер/батыр, еркек, күйеу`: *bujruqı jeme bilge ermis erinç, alip ermis erinç* КТҮ. 3 `бұйрықтары да білгір ер еді, өздері де алып ер болған екен` (Айд. I, 171). Қазіргі түркі тілдерінде *er*  $\approx$  *ir*  $\approx$  *ijr*  $\approx$  *эр*  $\approx$  *ar*  $\approx$  *är* тұлғалары қолданылады. Сары ұйғыр тілінде осы түбірден тараған *erkek* `еркек` лексемасы да қолданыста: *erkek kise* `ер адам`, *erkek qoj* `еркек қой`, *erkek at* `еркек ат` ~ қаз. *erkek*~түр. *erkek*; с.ұйғ. *ertegi* `бұрынғы, ежелгі, ертедегі`~ қаз. *ertegi* `ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті үлгісі`, *ertedegi* `ежелгі,бұрынғы`. Түрк тілінде басқа лексемалар қолданылады: *macal* `ертегі`, *önceden [önžeden]* `ертеден`. ***e~ä сәйкестігі, žlj протезасы.*** с.ұйғ. *ene* `және, тағы`: *Aqtastıq ene Artala* `Ақтастық және Артала (топонимдер)` ~ қаз. *žäne*~түр. *ve,ile* ~ көне т. *jeme* `және`: *janjilij ülesikiñin jeme bunta urtim* КТк.10`жаңылып көшкенінді және сонда айттым` Айд. I, 170. ***e~i сәйкестігі, žlj протезасы.*** с.ұйғ. *egen* `жиен`: *iške egenim par* `екі жиенім бар` ~қаз. *žijen*~ түр. *yeğen [jeen]* `жиен`~көне т. *jigün* `жиен`: *ulaju ini-jigünim* КТк.1`соңымдағы іні-жиенім` (Айд. I, 168). Қазақ тілінде *ž* протезасы, түрк, көне түрк тілдерінде *j* протезасы қолданылады.

Инлаут позицияда. Сары ұйғыр тіліндегі сөз ортасы *e* фонемасы қазақ, түрк тілдерінде негізінен өзгеріссіз қолданылады, кейде *i* дауыстысына өзгереді. ***e=e.*** с.ұйғ. *men* `мен`: *men per jirlajin* `мен бір жырлайын (ән салайын)`~ қаз. *men*~ түр. *ben* ~ көне т. *ben* `мен` (ДТД, 37) Е. 1: *Ben joq ertis erser* Тон. 59 `Мен де болмас едім` (Айд. II, 114). Күлтегін жазбасында *men* түрінде тұлғаланады: *men beñgü taş toquttim* `Мен мәңгі тас орнаттым` КТк. 11 (Айд. I, 170). Ескерткіштер тілінде *ben*  $\approx$  *men* тұлғаларының қатар қолданылуы көне түркілер тіліндегі қыпшақтық белгілердің де, оғыздық белгілердің де сақталуына байланысты. ***e~i.*** с.ұйғ. *per/pэр* `бір`: *per jil* `бір жыл`~ қаз. *bir* ~ түр. *bir [bijr]* ~ көне т. *bir* `бір` (ДТД, 37): *bir otuz jaşıña* `жиырма бір жасында` КТҮ. 32 (Айд. I, 178); с. ұйғ. *bel/pel/pil/pil* `біл, білу`: *pilkiş kise* `білгіш кісі` ~ қаз. *bil*~түр. *bijl*~ көне т. *bil* `біл,білу` (ДТД, 36): *Añar körü bilij* `бұған қарап білің` КТк. 11 (Айд. I, 170).

Ауслаут позицияда. ***e=e.*** с.ұйғ. *enge* `жеңге`: *jusundekı engesi* `үйіндегі жеңгесі`~ қаз. *ženge* `ағаның әйелі` ~ түр. *yenge [jenge]* `жеңге`~ орта т. *jeñgä* `жеңге`. ***e~i.*** с.ұйғ. *ene* `іні, кіші бауыр`: *eneci kezinti/kezinti* `інісі киінді`~қаз. *ini*~түр. *küçük erkek kardeş [küçük erkek kardeş]* `кіші еркек туысқан/бауыр`~ көне т. *ini* `іні`: *ulaju ini-jigünim* КТк.1`соңымдағы іні-жиенім` (Айд. I, 168). Ауслаут позициядағы *e~i* сәйкестігі сары ұйғыр тілінің өз ішінде де жиі кездеседі: *erte/erti* `ерте, таң ертең`: *tañar erte* `таң ертең, азанда` (Мал.27)

Сары ұйғыр тіліндегі еріндік дауыстылардың жіктелісі кейбір сөздерде көмескілеу, бірақ бұл құбылыс тұтас тілдік жүйені қамтымайды. С.Малов еріндік дауыстылардың (*o,ö,u*) жіктелу ерекшеліктеріне байланысты түрк тілдерінің топтастырылуы жайлы айта келіп, сары ұйғыр тілінде еріндік



дауыстылар айқын ажыратылмайтынын көрсетеді [1,157-158]. Ғалым сары ұйғыр тілінің дыбыстық жүйесінен жіңішке еріндік *ü* дыбысын ажыратпайды. Э.Р. Тенишев пен Б.Х. Тодаеваның сары ұйғырлардың тілі жайлы зерттеуінде тіл алды *ü* еріндігі үнді дыбыстардан кейін тіл арты *u* еріндігіне жақын айтылатынын көрсетеді [2, 11]. Тірі тілдік материал негізінде сары ұйғырлардың фонетикалық жүйесінде еріндік дауысты *ü* дыбысының сирек те болса қолданыста екенін аңғаруға болады.

Сөйлеу дәстүрінде *o, u* еріндік дауыстыларының да жігі айқын екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, тіл иесінің аузынан мұқият жазылып алынған (транскрипцияланған) алысқа ұзатылып кеткен қызға арналған халық әнінің мәтініндегі *Xondajčen* «әйел аты», *uzaqqa* «ұзаққа», *qumis* «күміс» т.б. лексемалары құрамындағы *u, o* дыбыстары сөйлеу дәстүрінде айқын ажыратылатынын көреміз (халық әні «Хондайчен» сары ұйғыр этносының өкілі Уей Гуангтың айтуы бойынша жазылып алынды. 22.09.2012. Ляньджоу қаласы).

Сары ұйғыр тіліндегі еріндік дауыстылардың қолданысы, көне түрк, қазақ, түрк тілдерімен дыбыс сәйкестігін түзу мүмкіндігі жалпытүркілік фонетика-фонологиялық заңдылықтар шеңберінде жүзеге асады.

**Дауысты *o* фонемасы.** Сары ұйғыр тілінде еріндік *o* дыбысы жиі қолданылады, қазақ, түрк тілдерінде *a, ö, u, i* дауыстыларымен сәйкестік түзеді. Анлаут позицияда. *o=o*. с.ұйғ. *ot* `от` : *tamdır̄yaq ot* `оттық, сіріңке` ~ қаз. *ot* ~ түр. *od/äteş[äteş]* `от` ~ көне т. *ot* `от` (ДТД, 77): *türgis qaγan süsi Bolčuda otča, borča kelti* КТү. 37 «түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» (Айд. I, 179) ~ е. қып. *ot* (Құрыш. 177); с.ұйғ. *oq* `жебе, оқ` : *oqtıñužu/užu* `жебенің ұшы` ~ қаз. *oq* ~ түр. *ok* `оқ` ~ көне т. *oq* `оқ` (ДТД, 126): *on oq qaγani jayü miz erti* Тон. 19 `он оқ қағаны жауымыз еді` (Айд. II, 42). Жебесінің сыртқы көрінісіне, ұзынша тұрқына байланысты, ассоциациялық негізде қалыптасқан сөздер қатарына киіз үй сүйегінің атауы *wiq* лексемасы да жатады (ЭСТЯ I, 436). *Oq* моносиллабының семиотикалық мәні түрк руникалық әліпбиі құрамындағы графикалық бейнеде сақталған.

Сөзбасында еріндік *o* және *u* дыбыстарының жарыспалы түрде қолданылуы сары ұйғыр тілінде жиі кездеседі: с.ұйғ. *ol/ul* `ол` : *ol taydan kep tro* `ол таудан келді` ~ қаз. *ol* ~ түр. *o* `ол` ~ көне т. *ol* `ол, осы` : *ol jirgerü barsar, türk budun öltečisisen* КТк. 8 `ол жерге барсаң, түркі халқы өлмешісің` (Айд. II, 169). Сары ұйғыр тілінің өз ішінде ауслаут *o~u* сәйкестігінің жиі кездесуі еріндік дауыстылардың фонематизациялану үдерісі толық аяқталмағанын көрсетеді, бұл құбылыс түрк тілдері дамуының бабатиілік (пратүрк) кезеңіне тән белгі.

Сары ұйғыр тіліндегі инлаут *o* дыбысы қазақ және түрк тілдерінде сапалық белгілерін негізінен сақтаған, ішінара *u* фонемасымен сәйкестік түзеді. *o=o*. с.ұйғ. *poz* `бой, дене` : *pozı uzın* `бойы ұзын` : ~ қаз. *boj* ~ көне т. *bod*



‘бой’ (ДТД, 34): *türk esir budun jerinte bod qalmatı* Тон. 9 ‘түркі есір халқы жерінде ешкім қалмады’ (Айд. II, 104). Түрк тілінде ‘бой, дене’ мағынасын *beden* лексемасы береді. Ескерткіштер тіліндегі *bod* моносиллабы негізінде жасалған *budun* ‘халық, тайпа’ сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы *bodan* ‘тәуелді халық’; с.ұйғ. *poʻyin* ‘бүгін’: *poʻyinuʻci go kep tro* ‘бүгін үшеуі келді’ ~ қаз. *bügin*~түр. *bugün*; с.ұйғ. *poz* ‘боз (түс)’: *jijirta poz at minipkep tro* ‘іңірде боз ат мініп келді’ ~ қаз.*boz*~түр. *boz* ‘боз’ ~ көне т.*boz* ‘боз’ (ДТД, 35): *ekinti işbara jamtar boz atıy binip tegdi* КТү. 32 ‘екінші (рет) Ышбара қолбасының боз атын мініп тиді’ (Айд. I, 178); с.ұйғ.*pol* ‘бол, болу’: *tajjoq pop tro* ‘тай жоқ болып(жоғалып) кетті (жоғалып)’ ~ қаз.*bol* ~түр. *ol(mak)* ‘бол, болу’: ~ көне т.*bol* ‘бол, болу’ (ДТД, 35): *türk budun joq bolmazun tijin* КТү. 11 ‘түрік халқы жоқ болмасын дейін’ (Айд. I, 173). Қыпшақ және оғыз тілдеріндегі *bol/ol* етістігінің қай тұлғасының бастапқы екені әлі басы ашылмаған мәселе. В.Радлов, А.Вамбери *ol* тұлғасын архетип ретінде таныса, М.Рясянен, Г.Дерфер үш құрамды тұлғасының көнелігін көрсетеді (ЭСТЯ II, 188), А.М.Щербак *bol* етістігін *pōl* түрінде реконструкциялайды [4, 196]. Ескерткіштер тілінде *ol* тұлғасының тіркелмеуі көне мұралар тілінің қыпшақтық сипатын білдіреді; *oʻzu*. с.ұйғ. *joʻyun* ‘жуан, семіз’ ~ қаз. *žuwan* ~ к.түр. *joʻyun* ‘жуан’ (ДТС,270). Түрк тілінде *joʻyun* лексемасы тіркелмеген, ‘жуан, семіз’ мәнін *kalın[kalın]* *şışman[şışman]* сөздері береді.

Ауслат позицияда: *oʻzu*. с.ұйғ. *qo* ‘бақыт, құт’: *ajıy qo* ‘бақыт және табыс (жетістік)’, *qutı qivı* ‘олардың бағы, құты, тағдыры’ (Мал.56)~ қаз. *qut*. ~түр. *kut, servet, bereket* ‘құт, береке’ ~көне т.*qut* ‘бақыт, құт’ (ДТД, 53): *anta kisre teñri jarılqazu qutim bar ücün* КТү. 29 ‘содан кейін тәңірі жарылқаған бағым бар үшін’ (Айд. II, 177). *oʻö*. с.ұйғ. *qo* ‘бәрі, көп’: *Ėotın kelmin dro andan toʻur qo kep tro* ‘Чотын келмеді, одан басқалардың бәрі келді’ (Мал,56) ~ қаз. *köp* ~түр. *çok [çok], fazla* ~к.түр. *qop* ‘көп, көбі’: *qop anta alqintı* КТк.9 ‘көп онда алқындың’ (Айд. I, 170). *oʻaʻeʻzu*. с.ұйғ. *mo/mi* ‘ма/ме, сұраулық шылау’: *polti mo dro?* ‘болды ма?’ *poʻiʻ mi dro?* ‘бола ма (рұқсат па)’ ~ қаз. *ma/me, ba/be, pa/pe* ~түр. *mi/mi/mü* ~ к.түр. *tu* ‘ма/ме, сұраулық шылау’ (ДТД, 60): *Bilge Tonıjkuq qaʻyan tu qısaʻjın tidim* ‘Білге Тоникук қағанды ма қысайын дедім’ (Айд. II, 104); с.ұйғ. *po/pu* ‘бұл, бұ, сілтеу есімдігі’: *su aqır po dro?* ‘су ағып па?’ ~ қаз.*bul/bu*~түр. *bu* ~к.түр.*bu* ‘бұл’: *bu ödke olurtım* КТк.1 ‘бұл таққа отырдым’ Айд. I, 168. Сары ұйғыр, қазақ, түрк және көне түрк ескерткіштері тіліндегі *o* дыбысы көп өзгерістерге ұшырамайды, негізгі ерекшелік *oʻzu, oʻü* сәйкестіктері аясында көрініс береді. Еріндік дауыстылардың *oʻzu, oʻü* сәйкестіктері фонематикалық мән жүктемей өзгере беретін альтернативалар қатарына жатады.

**Дауысты *ö* фонемасы.** Еріндік *ö* дыбысы сары ұйғыр тілінде үнді дауыссыздардың алдында біршама артқы қатардағы *o* дауыстысына жақын айтылады, басқа дыбыстармен тіркесінде қазақ тіліндегі *ө* фонемасымен бірдей сапада қолданылады. Сары ұйғыр тіліндегі *ö* дыбысы сөз басында біршама сирек қолданылады. *ö=ö.* с.ұйғ. *öl* `өл, өлу`: *uzuniñ jeriñte ölip tro* `өз жерінде өліпті` ~ қаз. *öl* ~ түр. *öl(mek)* `өл, өлу` ~ көне т. *öl* `өл, өлу`: (ДТС,383): *ölgej men timis* ЫБ.41 `мен өлемін деді` Айд.ІІІ,165; с.ұйғ. *öxpе* `өкпе`: *öxpesi aýirte* `өкпесі ауырды` ~ қаз. *ökpe* ~ түр. *akciğer [akzier]* `өкпе`; с.ұйғ. *ör(le)* `өрле, өрлеу, жоғарылау`: *taýday örle* `таудай биікте(өрле)` ~ қаз. *ör(le)* ~ түрк тілінде *yukarı doğru çıkmak [jukarı doru çıkmak]* `өрлеу` тіркесі арқылы беріледі

Инлаут позицияда. *ö=ö.* с.ұйғ. *çök* `шөк (отыр)`: *jori çök* `жоғары(төрге) отыр` ~ қаз. *šök* ~ түр. *çök(mek) [çök(mek)]* `шөк (түйеге қатысты)` ~ көне т. *çök* `шөгу, тізерлеу` (ДТС,154). Қазіргі түркі тілдерінде *tök* лексемасы тек сұйық заттарға қатысты іс-әрекетті ғана білдірмейді, құрғақ, қатты заттарға қатысты `шашу`, `түсіру` мәндерінде де қолданылады, с.ұйғ: *qum tökpä* `құм төкпе`. Сары ұйғыр тілінің өз ішіндегі *ö~u* сәйкестігі семантикалық мән жүктемейді, бір сөздің жарыспалы варианттарын түзіп қолдана беруі кездеседі: с.ұйғ. *tört/turt* `төрт`: *törtünç jil* `төртінші жыл` ~ қаз. *tört* ~ түр. *dört* `төрт` ~ көне т. *tört* `төрт` (ДТД, 73). А.М.Щербак *tört* лексемасының архетипін созылыңқы дауысты арқылы береді: *tört* `төрт` [4, 197].

Сары ұйғыр тіліндегі ауслаут *ö* дыбысы қазақ, түрк тілдерінде негізінен қысаң *i* фонемасымен айтылады. *ö~i* с.ұйғ. *uškö* `ешкі`: *aq uškö* `ақ ешкі` ~ қаз. *eški* ~ түр. *keçi [keçi]* `ешкі`; с.ұйғ: *tölkö* `түлкі`: *qizil tölkö* `қызыл түлкі`, *tölkö quzruqi* `түлкінің құйрығы` ~ қаз. *tülki* ~ түр. *tilki* `түлкі`; с.ұйғ. ~ *pörö* `бөрі, қасқыр`: *kök pörö* `көк бөрі` ~ қаз. *böri* ~ түр. *kurt* `қасқыр` (түрк тілінде `қасқыр` мағынасын беретін *böri* лексемасы сақталмағанмен осы сөзбен төркіндес *börk* `бөрік, бас киім` тұлғасы қолданылады) ~ көне т. *böri* `бөрі` (ДТС,118): *börike soqışmiş, böri aýzi...* ЫБ. 27 `бөрімен алысты, бөрі аузымен (тістеді)` Айд.ІІІ,163.

**Дауысты *u* фонемасы.** Сары ұйғыр тілі дауыстылар жүйесіндегі *u* дыбысы қазақ, түрк тілдерінде негізінен *ö, ü, o, i* фонемаларымен сәйкестік түзеді, кей жағдайда өзгеріссіз де қолданылады. Сары ұйғыр тілінің өз ішінде еріндік дауыстылардың фонемалық мән жүктемей алмаса беруі кездеседі.

Анлаут позицияда. *u=u.* с.ұйғ. *uzaq* `ұзақ, алыс`: *uzaq jol* `ұзақ жол` ~ қаз. *uzaq* ~ түр. *uzak*; с.ұйғ. *uruq/uruq* `ұрық, тұқым`, `туыс, рулық жіктеліс, ру-тайпа`: *uruqu qañli* `руы қаңлы` ~ қаз. *uruw/urıq* ~ түр. *tohum, nesil* `ұрық, тұқым, ру` ~ көне т. *uruq* `ұрық, тұқым`: *türk budun*: «*Ölürejin, uruysiratajin*», - *tir ermis* КТү.10 `түрк халқы: «Өлейік, тұқымсырайық», - дер еді` (Айд.І,173). *u~ü.* с. ұйғ. *uş* `үш`: *uş uştiñ toqus* `үш жердегі үш тоғыз` ~ қаз. *üş* ~ түр. *üş [üş]* `үш`: ~ көне т. *üç* `үш`: (ДТС,621), (ДТД, 79): *qamuyi biş otuz süledimiz, üç jegirmi*

*sünüšdimiz* КТү. 18 «бәрі жиырма бес (рет) соғысып, он үш рет шайқастық» (Айд. I, 175). *u≈ö.* с.ұйғ. *uγus/üγus* `өзен`: *taγ uγusi* `тау өзені` ~ қаз. \**ö(zen)* ~ түр. *irmak, nehir* ~ көне т. *ügüz* `өзен`: *qurıγaru Jincüi ügüz keče* КТк.3 `кері қарай Йынчү(Сырдария) өзенін кешіп өтіп` (Айд. I, 168).

Сары ұйғыр тіліндегі сөз ортасы *u* фонемасы қазақ, түрк тілдерінде көп өзгерістерге түспейді *u=u.* с.ұйғ. *qulun/qulum* `құлын`: *qola qulun toγur tro* `құла құлын туыпты` ~ қаз. *qulin* ~ түр. *kulun* `құлын` ~ көне т. `құлын` (ДТС, 465): *teglük qulun irkek jonda emig tilejür* ББ, 24 `ерке құлан айғыр үйірінен енесін іздеп емгісі келді` (Айд. III, 162); с.ұйғ. *puz* `бұз, бұзу`: *mini puzut* `мұны (мынаны) бұз` ~ қаз. *buz* ~ түр. *boz(mak)* `бұзу` ~ көне т. *buz* `бұзу, қирату, жеңу` (ДТД, 35) БҚ. 24, Он. II, 1: *altı çub soγdaγ tapa süledimiz, buzdımız* КТү. 31 `алты баулы соғдаққа қарсы соғыстық, талқандадық` (Айд. I, 178); с.ұйғ. *jurt* `ауыл, елді мекен`: *mineγ jurtim paj* `менің жұртым бай` ~ қаз. *žurt* ~ көне т. *jurt* `туған жер, ел` (ДТД, 45): *usun bunta atli jurtda üguzke qalur erti* Тон. 19 `үйсін мұнда атты жұртта жатып қалып еді` (Айд. II, 107). Түркі тілдері бойынша *jurt* лексемасының `Отан, туған жер`, `елді мекен`, `халық`, `мал жаятын орын`, `киіз үй`, `көшкен ауылдың, үйдің орны` мағыналары белгілі. *jurt* сөзі *jur* `жүру` және етістіктен есім сөз тудыратын *-t* аффиксі арқылы жасалуы мүмкін (ЭСТЯ ІҮ, 255). Ескерткіштер тілінде *jori* `жүру, қозғалу` етістігі де қолданылады: КТк. 4: *Bunça jirke joritdim* `сонша жерге жүргіздім` (Айд. II, 169) ~ с. ұйғ. *jur* `қозғалу, жүру, айналу` (Мал. 45) ~ қаз., ққалп. *žür, žort*; тат., башқ. *jur, jurt*; ноғ. *jur, jort*. *Jurt* лексемасы тұлғалық жағынан да, мазмұндық жағынан да бірнеше даму сатысынан өткен көне лексема: салыстырыңыз: *žür, žügir, žüjrik, žilži, žildam, žorγa, žortuwil, žorγala* т.б. *u≈a.* с.ұйғ. *joγun* `жуан, семіз` ~ қаз. *žuwan* ~ к. түр. *joγun* `жуан` (ДТС, 270). Түрк әдеби тілінде *joγun* лексемасының орнына *kalın[kalın] šişman[šişman]* сөзі қолданылады.

Сары ұйғыр тіліндегі ауслат *u* дыбысы сирек қолданылады, моносиллабтар соңында созылық немесе дифтонгтық реңк байқалады: *u=u.* с. ұйғ. *tu* `волосы`: *seniγ jamišqa tu unmin dro* `сенің шашың өспепті` (Мал. 123) ~ қаз. *tu(lim), tü(k)* ~ түр. *tüü [tütj]* `түк` ~ көне т. *tüg* `түк, қыл`: *tügi eki batman* `түгі екі батпан` (ДТС, 595). *u≈ü.* с. ұйғ. *tu* `волосы`: *seniγ jamišqa tu unmin dro* `сенің шашың өспепті` (Мал. 123) ~ қаз. *tü(k)* ~ түр. *tü(y) [tütj]* `түк` ~ көне т. *tü(g)* `түк, қыл`: *tügi eki batman* `түгі екі батпан` (ДТС, 595). *u≈uw.* с.ұйғ. *su* `су`: *su iš* `су іш` ~ қаз. *suw* ~ түр. *su* ~ көне т. *suγ* (ДТС, 513), *sub* `су` (ДТД, 65): *jer-suv idisiz bolmasun* КТү. 19: `жер-су иесіз болмасын` (Айд. I, 175). Қазіргі түркі тілдерінде *suγ≈sub≈suw≈hüw≈suw≈šiv≈sij≈suj≈su* т.б. тұлғаларында қолданылатын көнетүркілік *suγ/sub* лексемасы *šiq* `суық түнде шөп басында тұрып қалатын тамшы су`, *šijki* `қайнап піспеген, жеуге әлі болмайтын`, `піспеген жеміс-жидек, бакша өнімдері` сөздері құрамындағы *či* `шикі, шық` (ДТС, 145) моносиллабымен төркіндістігі байқалады. Осы

топқа «өсімдікте болатын шырын» мәнін беретін *söl*, «адамның немесе айуанның ауыз қуысынан рефлекс жолымен бөлініп шығатын созылмалы сұйықтық» *silekej*, *silemej* лексемаларына негіз болған *\*sö/\*si* тұлғаларын қосуға болады. Ортақ мазмұн `су, сұйық, ылғал` идеясына негізделген.

**Дауысты *ü* фонемасы.** Сары ұйғыр тілінде еріндік *ü*, *u* дыбыстарының жарыспалы вариациясы кездеседі, инлаут, ауслаут *ü* дауыстысы қазақ, түрк тілдерінде *i*, *e* дыбыстарына ауысады. Сөз ортасындағы, сөз соңындағы *ü* фонемасының *i*, *e* дауыстыларымен фонемалық мән жүктемей алмасуы сары ұйғыр тілінің өз ішінде де кездеседі.

Анлаут позицияда. ***ü=ü***. с.ұйғ. *üz/uz* `үз,үзу` : *isti per üzupalıaş* `істі бір үзіп алған соң`~қаз. *üz*~көне т. *üz* `үзу, жұлу` Тон. 13, 4: *jincge eriklig üzgeli uçuz* `жіңішкені үзу оңай` (Айд. II, 106). Түрк тілінде `үз,үзу` мәнін *koparmak*, *kesmek* лексемасы береді; с. ұйғ. *üš/uš* `үш` : *üš jil polti* `үш жыл болды`~қаз. *üš*~түр. *üç* [*üç*]~көне т. *üç* `үш` ДТД, 79: *qamuyi biş otuz süledimiz, üç jegirmi sünüşdimiz* КТү.18 `бәрі жиырма бес (рет) соғысып, он үш рет шайқастық` (Айд. I, 175); с. ұйғ. *ün/un* `үн` : *ün joq* `үн жоқ`~қаз. *ün*~түр. *ün*~көне т. E.25: *ün* `үн` (ДТД, 79).

Инлаут позицияда. ***ü≈e***. с.ұйғ. *ülüs/ülis* `үлес, үлестіру (бөлісу)` : *uržini ülis* `бұйымды(затты) үлестіру`~қаз. *üles*~түр. *üleş* [*üleş*]~көне т. *ülüg* `үлес` : *ülügim bar ücün* КТү.29 `үлесім бар үшін` (Айд. I, 177). ***ü≈i***. с. ұйғ. *üzüm/uzum* `өзім` : *üzümis tikintik* `өзіміз тіктік`~қаз. *özim*. Түрк тілінде жалпытүркілік *öz(i)* лексемасының орнына *kendi* `өзі` сөзі қолданылады. Қазіргі қыпшақ тілдерінде көнетүркілік *öz* есімдігі *ö*, *ü* дыбыстары арқылы қалыптасқан: қар., ққалп., құм., ноғ., қырғ. *öz*; тат., башқ. *üz*. Түркі тіл білімінде *öz* моносиллабының есімдік мәнімен қатар `жеке адам`, `тіршілік иесі`, `тұла бой, дене`, `меншік, иелік`, `өзек (ағаштың, жараның іріңді өзегі)`, `жұлын`, `негіз`, `тұғым, дән`, `күш-қуат` мағыналарын бере алатыны белгілі (ЭСТЯ I, 506-507). ***ü≈e***. с. ұйғ. *üçkü/üçki* `үшеуі` : *üçkü parmäte* `үшеуі бармады`~қаз. *üşewi*~түр. *üçü* [*üçü*] `үшеуі`~көне т. *üçegü* `үшеуі` : *bu üçegü qabısar qaltaçı* Он.12 `бұл үшеуі біріге қалса, біз` (Айд. II, 106).

Ауслаут позицияда. ***ü≈i*** с.ұйғ. *üzü/üze/uzu/ uze* `үсті, үстінде` : *at üzütıla* `ат үстінде`~қаз. *üs(t)i*~түр. *üs(t)ü, üst* `үсті`~көне т. *üze* `үсті, үстінде` (ДТД, 78): *üze kök teñri, asra jayız jir* КТү.1 `жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер` (Айд. I, 171). Орта ғасыр ескерткіштері тілінде *üze(re)*, *üct* тұлғалары қатар қолданылады. Қазақ тіліндегі *üzeñgi* `үзеңгі` лексемасы құрамында да *üzü/üze/uzu* сөзі сақталған; с. ұйғ. *üzü/uzu* `өзім` : *üzü tikinti* `өзі тікті`~қаз. *özi*~көне т. *öz(i)* `өзі` : *özi janıltı, qayan ölti, budunı kuñ, qul boltı* КТү. 20 `өзі жаңылды, қағаны өлді, халқы күн, құл болды` (Айд. I, 175). ***ü≈e***. с. ұйғ. *üçkü/üçki* `үшеуі` : *üçkü parmäte* `үшеуі бармады`~қаз. *üşewi*~түр. *üçü* [*üçü*] `үшеуі`~көне т. *üçegü* `үшеуі` : *bu üçegü qabısar qaltaçı* Он.12 `бұл үшеуі біріге қалса, біз` (Айд. II, 106).

Тұжырым. Жалпы түрк тілдеріндегі вокализмдер жүйесі: «бірінші дәрежелі» созылыңқылар, дифтонгтар мен полифтонгтарға және біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – оғыздық тип; «екінші дәрежелі» созылыңқылар мен біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – алтайлық тип; біршама созылыңқылар мен өте қысқа айтылатын дауыстыларға негізделген жүйе – қыпшақтық тип; «екінші дәрежелі» созылыңқыларға, фарингалданған және қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – тува-тофалар (қарағас) тип деп төрт түрге сараланып қарастырылады. Сары ұйғыр тіліндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздер құрамындағы дауысты дыбыстар да қыпшақ тілдеріндегі вокализмдердің артикуляциялық, айтылымдық белгілерін (біршама созылыңқы және қысқа) сақтаған.

Шығыс түрк тілдері тобындағы сары ұйғыр тілі мен батыс түрк тілдері тобындағы қазақ, түрк тілдері дауыстылар жүйесі көнетүркілік вокализмдердің позициялық ерекшеліктерін негізінен сақтаған. Сары ұйғыр, қазақ, түрк және көне түрк тілдеріндегі дауысты дыбыстар сәйкестігінің кешені сары ұйғыр тілінен оғыздық белгілермен қатар қыпшақтық белгілердің де молынан көрініс беретінін сипаттайды.

Шығыс хун тілдерінің оғыздық белгілері (*z~š, d/t* тілді ұйғыр-оғыз тобы) мен қыпшақтық белгілерін (*z~š, d/t* тілді қырғыз-қыпшақ тобы) қатар сақтаған сары ұйғыр тілін Орхон, Енисей, Талас көне түрк жазба ескерткіштері тілімен, батыс хун тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ, оғыз тобындағы түрк тілдерімен салыстыра қарастырып, аталған тілдердің фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық құрылымындағы тіларалық лингводиференцияциялық және лингвоинтеграциялық көрсеткіштерді анықтау түрк тілдерін генеалогиялық тұрғыдан жіктеу мәселесіндегі кейбір қайшылықтарды ретке келтіруге септігін тигізіп, жалпытүркілік лексикалық қабаттың нақтылана түсуіне де ықпал етеді.

### Шартты қысқартулар:

#### *Ескерткіш атаулары*

КТү	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
Е.	Енисей ескерткіштері
Он.	Онгин ескерткіші
Тон.	Тоникук ескерткіші
ЫБ	Ырық бітік
<i>Дереккөздер</i>	
Айд. I	<i>Айдаров F.</i> Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
Айд. II	<i>Айдаров F.</i> Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
Айд. III	<i>Айдаров F.</i> Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.



